

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Екі айда бір шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№6 (195),
ҚАРАША-ЖЕЛТОҚСАН
2021 жыл

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға: Омарбеков Т.О. – т.ғ.д., проф.,
ҚР ҰҒА академигі (Алматы).

Орынбасарлары:

Әлімбай Н. – ҚР МОМ директоры,
проф., этнолог (Алматы).

Салықбай Ә.Ж. – журнал редакторы
(Алматы).

Мүшелері:

Қабылдинов З.Е. – т.ғ.д., проф., ҚР
БҒМ ҒК ТЭИ директоры (Алматы).

Байтанаев Б.Ә. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ
ҒК АИ директоры (Алматы).

Әбіл Е.А. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК МТИ
директоры (Нұр-Сұлтан).

Аяған Б.Ғ. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК
МТИ дир. орынбасары (Нұр-Сұлтан).

Кәрібаев Б.Б. – т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА
академигі (Алматы).

Қарасаев Ғ.М. – т.ғ.д., проф., Ресей ҒА
корр.-мүшесі (Нұр-Сұлтан).

Төлеубаев Ә.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Жұмағұлов Қ.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Uyama Tomohiko. – т.ғ.д., проф. Hokkaido
University disabled (Japan, Sapporo).

Буканова Р.Г. – т.ғ.д., проф. (Башқұрт-
стан, Уфа).

Курманов З.К. – с.ғ.д., проф. (Қырғыз-
стан, Бішкек).

Невежин В.А. – т.ғ.д., проф. (Ресей, Мәскеу).

Еңсенов Қ.А. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Нұр-Сұлтан).

Эксперттер тобы:

Найманбаев Б.Р. – т.ғ.д., проф. (Шымкент).

Жұмағұлов Б.С. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Алматы).

Асылбекова Ж.М.-А. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Ауанасова А.М. – т.ғ.д., проф. (Нұр-Сұлтан).

Исин А. – т.ғ.к., проф. (Семей).

Салқынбек Д. – т.ғ.к. проф. (Алматы).

Қартаева Т.Е. – т.ғ.к., проф. (Алматы).

Ноғайбаева М.С. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Алматы).

Сәбитов Ж.М. PhD, саяс/шы (Нұр-Сұлтан).

Дүйсен С.Ж. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Қалиев Ж.Н. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Ерімбетова Қ.М. – т.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Үмітқалиев Ұ.Ұ. – т.ғ.к., арх/г (Нұр-Сұлтан).

Ізбасарова Г.Б. – т.ғ.к., доцент (Ақтөбе).

Базарбаев Қ.Қ. – PhD тарихшы (Түркістан).

Қозыбаева М.М. – PhD тарихшы (Алматы).

Нұрғұл Қасымқызы – жауапты редактор.

.....

Басуға 02.12.2021 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16} Шартты б.т. – 4.
СТР басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1380. Индекс – 75748.
Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.
Алматы қаласы, Төле би көшесі 203-үй.

МАЗМҰНЫ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН МАҚАЛАЛАР

ОМАРБЕКОВ Т., АУАНАСОВА Ә.

Кеңестік жүйеде ашаршылық құрбандары туралы неге айтылмады? 2

ӨТЕГЕНОВ М., ТІЛЕГЕН Н. Тәуелсіздік тұғырын

қалыптастырудағы ұлттық баспасөздің маңыздылығы 7

ЕҢСЕПОВ Б., ИБРАИМОВА Ұ.

Темірбек Жүргенов және Орта Азия мемлекеттік университеті 13

САЛҚЫНБЕК Д., ШУЛАНБЕКОВА Г.

Қазақ үкіметінің төрағасы Ораз Исаев 16

ТӨЛЕНОВА З. Академик М.Қозыбаев: "Партияның алтын қоры"

немесе қуғынға ұшыраған кітап..... 24

ОҚЫТУ. ӘДІСТЕМЕ. ТӘЖІРИБЕ.

АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ Р., ҚОЖАХМЕТ М.

Жүз жаңа гуманитарлық оқулықтың маңызы 29

АБДРАХМАНОВА Қ.

Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген тәуелсіздік..... 31

КОЛДАЕВА А.

Воспитание патриотизма на уроках истории Казахстана 32

ДӨҢБАЕВ Н. Қазақ хандығының Ресейге қосылуы

..... 34

ЖҰМАБЕК Т. Оғыз мемлекеті

..... 36

ИШЕБАЕВА С. Өзен алқаптарындағы өркениеттер

..... 38

КАРМАНОВА Л.

Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың 39

СҮЛЕЙМЕНОВА М. Ізгілікті білім – данышпандардың

ақыл-ойы мен ұлттық рухани құндылықтарында 40

РАХМЕТОВА Н. Маңғыстаудың экологиясы

..... 41

НҰҒМАНОВА Қ. Қарттарым – асыл қазынам

..... 42

САБЫРОВА Б. Жыл санау

..... 43

ӘМІРОВА Р. Күзгі уақыт

..... 44

ӘБІЛОВА Ж. Ә.Нұршайықов: "Немере"

..... 45

БИСЕНБАЕВА Ж. Спортты серік ете біл

..... 46

ӘБІЛОВА Р. Біз табиғатты қорғаймыз

..... 47

ХУДАШЕВА Т. Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар

..... 48

САЛЫҚБАЙ Ә. Айдана мен Аққолтай. Дос іздеген қыз. Өзгеріс

..... 49

ҚАРАМАНДАЕВ Қ.

Қайран аға! Тірі болсаң 80 жасқа келер едің..... 52

Осыдан тура бір жыл бұрын Ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығы (№456. 24.11.2020) шыққан еді. Онда мемлекет басшысы тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жөніндегі жұмыстың аяқталуына зор көңіл бөліп: «біз жазықсыз жазаланғандардың әрқайсысын есте сақтау арқылы ғана кемел келешекке жол ашамыз. Болашақтың берік негізі Тәуелсіздіктен бастау алады» деп атап өткен болатын.

Аталған Жарлықты толықтай жүзеге асыру үшін сан салалы жұмыс топтарына бөлінген кіші комиссия қыруар жұмыс жасауда. Олар ғылыми-сараптамалық және отандық, шетелдік мұрағаттардан жаңа мұрағат материалдарын анықтау, жинақтау және талдау, жабық қорларды құпиясыздандыру, оларды ғылыми айналымға енгізу, Қазақстанда саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірыңғай базасын құру, толық ақтау процестерін аяқтау жөнінде қилы-қилы ұсыныстар әзірлеуде. Жасалған жұмысты талқылау үшін Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында биылғы 2 қарашада «ХХ ғасырдың 20-50-жылдарындағы Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері: отандық және халықаралық тәжірибе» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция да өтті. Төменде осындай жұмыс топтарының бірінің басшысы мен үйлестірушісінің мақаласы назарларыңызға ұсынылып отыр.

ҒТАХР / IRSTI/ МРНТИ: 03.20.00

Талас ОМАРБЕКОВ¹, Әлима АУАНАСОВА,²

¹тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: talas_1948@mail.ru, Алматы, Қазақстан,

² тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты, e-mail: auanasova_a@mail.ru, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

КЕҢЕСТІК ЖҮЙЕДЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫ ТУРАЛЫ НЕГЕ АЙТЫЛМАДЫ?

ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы аштық адамзат баласының тарихындағы жан түршіктіретін ең зұлматты да ауыр қасірет болып тарихта қалды. Кеңестік жүйе кезіндегі бұл нәубеттен ауыр зардап шеккендердің бірі – Қазақстан, әсіресе, қазақ халқы. Сол кездегі әкімшілік-өміршілдік жүйе қазақ халқының ежелгі дәстүрін, шаруашылық жүргізудің өзіндік ерекшеліктерін ескермей, көшпенді халқымызды еріксіз отырықшылыққа мәжбүрледі. Алдарындағы малдарын тартып алды. Негізгі күн көрісі мал болған халқымыз аштыққа ұрынды, шамасы барлар жан сауғалап шекара асып кетті. Қазақ халқы демографиялық жағынан тоқырауға түсті. Мақаланың басты мақсаты да осы кеңестік жүйеде ашаршылық құрбандары туралы ақиқатты ашуға арналады.

Түйін сөздер: КСРО, ұжымдастыру, ашаршылық, өлім, азап, қорлық, зорлық.

T.O. OMARBЕКOV¹, A.M. AUANASOVA,²

¹Doctor of historical sciences, professor, Al-Farabi Kazakh National University, e-mail: talas_1948@mail.ru, Almaty, Qazaqstan,

² Doctor of historical sciences, professor, RK MKS DS Institute of History of the State, e-mail: auanasova_a@mail.ru, Nur-Sultan, Qazaqstan

WHY WAS THERE NO MENTION OF FAMINE VICTIMS IN THE SOVIET SYSTEM?

The famine of the 20-30s of the twentieth century became the most severe and terrible tragedy in the history of mankind. Kazakhstan (Qazaqstan) was one of the most affected by the famine under the Soviet system. The administrative and command system of that time, not taking into account the ancient traditions of the Kazakh people, the peculiarities of economic management, forced the nomadic people to forcibly settle down. They took all the available cattle. The people, where the main species was cattle, were starved, those who had the opportunity to do so fled abroad. The Kazakh people found themselves in demographic decline. The main purpose of this article is to reveal the truth about the victims of famine in this Soviet system.

Keywords: USSR, collectivization, famine, death, suffering, humiliation, violence.

Т.О.ОМАРБЕКОВ¹, А.М.АУАНАСОВА,²

¹ доктор исторических наук, профессор, Казахский Национальный университет им. Аль-Фараби, e-mail: talas_1948@mail.ru, Алматы, Казахстан,

² доктор исторических наук, профессор, Институт Государственной Истории МОН РК, e-mail: auanasova_a@mail.ru, Нур-Султан, Казахстан

ПОЧЕМУ В СОВЕТСКОЙ СИСТЕМЕ НЕ БЫЛО УПОМИНАНИЯ О ЖЕРТВАХ ГОЛОДА?

Голод 20-30-х годов XX века стал самой тяжелой и страшной трагедией в истории человечества. Одним из наиболее пострадавших от голода, при советской системе был Казахстан. Административно-командная система того времени, не учитывая древних традиций казахского народа, особенностей хозяйствования, вынуждала кочевой народ к насильственному оседанию. Забирали весь имеющийся скот. Народ, где основным видом был скот, подвергся голоду, те кто имел на это возможность бежали за границу. Казахский народ оказался в демографическом упадке. Главная цель данной статьи – раскрыть правду о жертвах голода в этой советской системе.

Ключевые слова: СССР, коллективизация, голод, смерть, страдания, унижение, насилие.

Кіріспе. Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың ұсынысымен 2021 жылы 14 қарашада құрылған және Мемлекеттік хатшымыз Қ.Е.Көшербаевтың басшылығымен нақты жұмыстар жүргізіп отырған саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия назарындағы аса маңызды мәселенің бірі Қазақстанда кеңестік билік тұсында орын алған ашаршылықтар құрбандарының санын анықтау мәселесі. Ал енді алғаш, бұл мәселенің байыбына бару үшін «осыған дейін зерттеушілер қандай жұмыстар жасады?» деген сауалға да жауап іздеуге тура келеді. **Мұндайда алғаш Қазақстанда қанша ашаршылықтың орын алғанын және оларда қанша адам қырылғаны туралы зерттеушілер анықтаған мәліметтерді нақтылап алайық.** Жалпылап айтсақ, Қазақстанға қатысы бар бұл ашаршылықтар сандары үшеу: 1)1917-1918 жылдары Түркістан өлкесінде орын алған ашаршылық (Қазақстанның Сырдария және Жетісу губерниялары осы өлке құрамында болды). Мұнда қайтыс болғандар саны 1 млн. адамнан асып түседі; 2)1921-1922 жылдардағы ашаршылық. Бұл негізінен Қазақстанның батыс аймағын және Ақмола, Семей губернияларын, сондай-ақ, Түркістан АКСР-нің Сырдария және Жетісу губернияларын қамтыды. Қайтыс болғандар сандары шамамен 700 мыңнан асып түседі; 3)1931-1933 жылдардағы ашаршылық. Қайтыс болғандар саны 2 млн. 200 мың адамның айналасы. Алайда бұл айтылғандар әлі де анықтай түсуді қажет ететін сандық көрсеткіштер, яғни соңғы мәліметтер емес екенін ескертеміз. Тарихымызда бұл ашаршылықтар нақты зерттеліп бітпегендіктен, қоғамда бұл қасіреттерге байланысты алып қашты пікірлер көп. Мұндай әңгімелерді айтушылар әдетте, кәсіби зерттеушілердің еңбектерін оқымай, жауапсыздықпен және өздерінің жеке амбициясының жетегімен ғылыми негізделмеген ұшқары пікірлерін баспасөз және ақпарат құралдарына алып шығуда. Сөйтіп, осылайша, тарихымызды бұрмалауға ұрындыруда.

Материалдар мен әдістер. Бұл айтылғандар, әсіресе, аталған ашаршылықтардың себептері мен салдарларына қатысты. Айта кеткен жөн, аталған ашаршылықтардың объективті және субъективті себептері бар. Объективті себептерге әдетте, климаттық ахуалдың нашарлауы, нақтырақ айтсақ, табиғи құрғақшылық салдарынан егіннің шықпай қалуы жатады. Бұл жоғарыда аталған үш ашаршылықтың да қарсаңында орын алды. Ал енді субъективті себептердің ең бастысы – большевиктердің халыққа, әсіресе, шаруаларға қарсы

озбырлық және антигумандық саясаты. Алайда, біздің бүгінгі қоғамда аталған ашаршылықтардың объективті себептері назардан тыс қалдырылады да, әдетте тек субъективті себептер ғана баса айтылып, алға шығарылады. Мұның өзі азаматтарымыздың сталиндік кеңестік билікті барынша қаралауды көздеген мақсатынан туындап отыр. Егер бұдан біздің қоғамда «бүгінгі тәуелсіз Қазақстан билігі ашаршылық қасіретіне байланысты неге өзінің принципті ресми ұстанымын білдірмейді?» деген сауал туындайтынын ескерсек, қазір жұмыс жасап отырған Мемлекеттік комиссияның бұл маңызды мәселеге байланысты белгілі бір тұжырымға келуі қажет болады. **Мұндайда, әрине, Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік – ең басты құндылық» атты мақаласында көрсеткеніндей, Мемлекеттік комиссияның жоғарыдағы ашаршылықтарды тұтас қарастырып, оларға саяси сипаттама беретін арнайы қорытынды шығарғаны жөн болар еді.**

Талдау. Өйткені аталған ашаршылықтардың объективті себептері ұқсас болғанымен, оларды туындатқан субъективті себептер сол кезеңдерде қалыптасқан саяси ахуалдарға байланысты, дегенмен де әр түрлі. Мысалы, алғашқы 1921-1922 жылдардағы ашаршылықты алалық. Мұндағы негізгі субъективті себеп – большевиктердің билікті күшпен басып алуынан туындаған Азамат соғысы екендігі даусыз. Сонымен қатар, нақтылай түссек, шаруаларды қиын жағдайға ұшыратқан большевиктердің әскери коммунизм саясаты, яғни салықтың орнына шаруалардан күшпен салғырт жинау. Бұдан қазақтар ғана емес, казачество да, славян шаруалары да азап шекті. Соғыстың салдарынан орыс казактары өздерінің атамандарының соңынан ілесіп кетті де, ауыл-селоар қаңырап, ел күйзелді. Ал енді, үшінші, 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың негізгі субъективті себептері – кеңестік биліктің астық және ет дайындау саясатын зорлық-зомбылықпен жүргізуі, өртүрлі, төтенше, шаруашылықтық-саяси науқандар, қазақ шаруаларын зорлап отырықшыландыру және ұжымдастыру. Алайда, ашаршылық туралы қоғамдық пікір қалыптастырып жүрген оқығандарымыз, әсіресе, кейбір журналистер мен жазушылар бұл айтылғандарға тереңдеп бара алмай, осы қайғылы тарихты жұртшылыққа бұрмалап түсіндіріп, «**кеңестік биліктің және Сталиннің басты мақсаты – қазақ халқын қыру болды, сол үшін ашаршылықты қасақана ұйымдастырды**» деген негізсіз, қате, арандатушы пікірді қоғамдық санаға тықпалап жүр. Өкінішке орай, осындай «билік қазақты біржолата

құртпақ болған» деген дерекі де қисынсыз пікір ақпарат құралдарында да жауапсыздықпен айтылып қалуда. Сондықтан да қазіргі кезде саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтаумен айналысатын мемлекеттік комиссия ашаршылық қасіретінің шынайы себептерін бұрмалайтын мұндай көзқарастарға тойтарыс беретін қорытынды пікірін жариялағаны дұрыс деп ойлаймыз.

Зерттеу нәтижелері. Біздің тарихымызда тағы бір бұрмаланған мәселе – барлық үш ашаршылықты да тарихымызда мүлде зерттелмеген «ақтаңдақтар» етіп көрсетуге әуестік дер едік. Егер ақиқатына келсек, алғашқы 1917-1918 жылдардағы ашаршылық кеңестік тарихшылар тарапынан жан-жақты зерттелген. Екінші, 1921-1922 жылғы ашаршылық та біршама зерттелді. 12 томдық «Қазақ Совет Энциклопедиясының» 1972 жылы, «кемелденген социализм» тұсында жарық көрген 1-томында аталған ашаршылық туралы «Аштарға көмек» деген едәуір көлемді мақала басылған. Онда 1921-1922 жылғы ашаршылық жан-жақты талданған, және нақтырақ айтар болсақ, мынадай жолдар бар: «...Ол кезде Сов. елінің көп жерінде, Еділ бойында, Оңт. Оралда, Солт. Кавказда, Украинада, ҚазАССР-інің Орынбор, Ақтөбе, Орал, Бөкей губ-лары мен Адай уезінде қуаңшылық болып егін шықпай қалды. Бұл өңірдің халқы ашаршылыққа ұшырады (аштар саны 15-22 млн. болды. Бұл жағдай Сов. үкіметін ашаршылыққа қарсы төтенше шаралар қолдануға мәжбүр етті....)» (Аштарға көмек, 1972). Яғни, кеңес үкіметі бұл ашаршылықтардың орын алғанын қоғамнан жасырған жоқ. Алайда мәселе, ашаршылыққа дұрыс саяси сипаттама беруге келгенде өрескел бұрмаланды (Аштарға көмек, 1972). Мұндайда большевиктердің қазақ даласындағы Азамат соғысын тудырудағы басты рөлі, сондай-ақ олардың Соғыс коммунизм саясатының ауыр салдарлары тарихи зерттеулерде айтылмай қалды. Сондай-ақ, кеңестік әдебиет 1921-1922 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық құрбандарының сандарын көрсетуге де немкетті қарады. Әсіресе, осы ашаршылықтың елде орын алғанын мойындаған кеңестік тарихнама, «ал ол қазақ халқына қандай демографиялық апат әкелді?» деген сауалға жауап беруден қашқақтады. Кеңестер Одағы «кемелденген» социализмге аяқ басқан сайын ашаршылық тақырыбы ұмытыла бастады. **Әсіресе бұл, 1931-1933 жылдардағы ашаршылыққа қатысты.** Кеңестік үлкен саясаттағы парадокс мынада: **осы ашаршылықты көргендер тірі болса да саяси билік тарих ғылымында, баспасөзде мұндай қасіреттің ауыр салдарларын айтудан бас тартты.** Алайда осы мәселеге байланысты кеңестік ұстанымды қанша сынасақ та, Коммунистік партияның бұл мәселені айтуға тиым салған арнайы қаулы-қарар қабылдамағанын мойындаған жөн. Мұндайда бар жұмысты **цензура** атқарды: монографиялар мен еңбектердегі ашаршылықтың ауыр салдарлары туралы пікірлер оқырмандарға жіберілмеді. Бұл, әсіресе, Қазақстандағы жан түршігерлік оқиғаларға – аш адамдардың **адам етін жеу фактілеріне (людоедство)** қатысты. Архив қойнауында бұған байланысты нақты деректер сақталған. Сөзіміз дәлелді болу үшін солардың кейбірін келтірейік: ОГПУ-дің 1933 жылы 25 наурызда Ақтөбе қаласынан берген арнайы жазбасында мынадай мәліметтер бар: «...*Темирский район. На почве такого тяжелого положения в части райо-*

*нов зарегистрированы случаи людоедства и трупоедства коих с 15/II по 10 марта учтено 13. Уильский район. Следствием установлено пять случаев людоедства при чем два из них сопровождались убийством. В ауле 23 на почве голода члены ТОЗ бедняки Нуров, Урманбаев, Кенжиев, Есеев, Есеев Т., и Аягалов употребили в пищу три человеческих трупа. В 7 ауле лица занимающиеся трупоедством этого не скрывают. Тургайский район. В 8 ауле с февраля месяца началось людоедств, употребляются в пищу трупы людей и павших животных. Голодающие Мичимбаевым Сакапар и Байтобаев употреблением в пищу трупов людей не скрывают» (2ГАОО. Ф.13-п. Оп.2, Д.282. Л.2). Белгілі партия қайраткері О.Жандосовтың Шу ауданынан Өлкелік партия комитетіне 1933 жылы 17 қаңтарда жолданған жазбасында осы ауданда орын алған адам етін жеу фактісі баяндалған (ҚР ОМА. Ф.Р-30. Оп.8.Д.12. Л.1). 1933 жылы ақпан айында Алматы облыстық партия комитетінің Ақсу ауданындағы уәкілінің жазбасында қамауда отырған екі адамға әйелдерінің адам етін пісіріп алып келгендері туралы айтылады (ГАОО.Ф.1.Оп.15.Д.56.Л.13). Өлкелік партия комитетінің уәкілі И.Қожамұратовтың және Оңтүстік Қазақстан облысы партия комитетінің уәкілі М.Ибрагимовтың 1933 жылы 15 ақпанда Әулиеатадан Өлкелік партия комитетінің хатшысы Голуодовтың атына жазған жазбаларында мынадай жолдар бар: «...*В связи с продовольственными затруднениями имеют случаи людоедства. Так, например: в ауле N7 (Байкадамский участок) Сарысуьскими отко- чевниками употреблено в пищу 8 трупов. В самом райцентре Уюк Сарысуьскими откочевниками употреблено 5 трупов...*» (ҚР ОМА. Ф.Р-30. Оп. 8. Д. 12. Л.3). Осы айтылғандарға қосымша, ең сенімді деректердің бірі – РСФСР Юстиция Халық комиссары Н.Крыленконың сол тұста РСФСР Халкомы төрағасының орынбасары болып қызмет жасаған Т.Рысқұловтың атына 1933 жылы 4 шілдеде жолдаған құпия хатынан үзінді келтірейік: «...*По сообщению Прокурора Киргизской АССР, среди казахов-отко- чевников участились случаи людоедства на почве голода, жертвами которого оказываются преимущественно детей. Так, в г. Токмаке, Фрунзенского района, 7 июня, около питательного пункта для откочевников-казахов был обнаружен труп 6-ти летней девочки по национальности казачки, причем внутренности и голова лежали на земле, а тело ребенка уже варилось в котле. Как установлено следствием девочка была зарезана 3-мя мужчинами и женщинами казахами с целью утолить голодь. Около же пункта в другом месте обнаружен труп девочки, приготовляемый казахом для варки – как он сам заявил об этом. Вообще вокруг питательного пункта обнаружен ряд человеческих костей (грудные клетки, ребра, височные тазовые кости и т.д.)...*» (ҚР ОМА. Ф.Р-30. Оп.7.Д.151. Л.100). Компартияның беделін түсіретін мұндай фактілердің зерттеулерде бұрын жарияланбай келгені әрине, түсінікті. Солай бола тұрса да кеңестік заманда елді жайлаған **1931-1933 жылдардағы** ашаршылық туралы мүлде айтылмады деп жүргендер де қателеседі. Коммунистік құрылыста да тарихшы ғалымдар арасында өз еңбектерінде ақиқатты өз атымен атаған ғалымдар болды. Мысалы, Кеңестер Одағындағы коллективтендіру тарихынан басты маман В.П.Данилов өзінің «Коллективизация сельского хо-*

зйства СССР» деп аталатын, 16 томдық «**Советская историческая энциклопедия**» атты іргелі басылымда жарық көрген көлемді мақаласында былай деп жазды: «...К сент. 1931... обстановка в деревне опять ухудшилась. Это было связано ошибками в проведении хлебозаготовок. Для осн. зерновых р-нов 1931 был неурожайным, задание же по сдаче были выше, чем в высокоурожайном 1930. У колхозов часто изымался весь хлеб, включая семена. В деревнях ряде р-нов страны сложилось крайне тяжелое продовольств. положение. Но Сталин продолжал настаивать на выполнении плана заготовок и экспорта хлеба... На практике началось форсированное обобществление скота колхозников. Наиболее серьезные перегибы были допущены в Казахстане...» (бөліп көрсеткен біз-авт.) («Советская историческая энциклопедия». 7- том, Москва, 1965: 492-493). Бұл маңызды еңбекте Қазақстандағы аш босқындар туралы да ашық айтылды. («Советская историческая энциклопедия». 7-том, Москва, 1965: 95-496). Иә, көріп отырмыз, бізде ашаршылықтың орын алғанын мәскеулік тарихшылар Кеңестік заманның 60-70-жылдарында да ашық жазды. Алайда, олар, «біріншіден, бұған кім кінәлі?» деген сауалға жауап іздегенде, партияның XX және XXII съездерінің шешімдеріне сәйкес, Сталинді және оның жеке басына табынуды айыптап құтылды. Екіншіден, қазақ тәрізді аз санды халық үшін мұндай ашаршылықтың қандай демографиялық салдарлары болғаны тарих ғылымында, бұқаралық ақпарат құралдарында айтылмай қалды. Осындайда, әділдік үшін айта кету керек, біз қазір «тоталитарлық заман» деп жүрген, Коммунистік партияның дара билігі тұсында Қазақстанда ашаршылықтың орын алғанын жазған қазақстандық ғалымдар да баршылық. Олар оппозиционерлер емес. Мысалы, профессор, 1977-80 жылдары Абай атындағы ҚазПИ-дің (қазір Қаз ҰПУ) ректоры, тарихшы Ж.Жұмабеков өзінің 1973 жылы жарық көрген «**Ленинской дорогой. Руководство КПСС вовлечением трудового крестьянства Казахстана в строительстве социализма**» атты көлемді докторлық монографиясында Қазақстанда орын алған ашаршылық пен оның себептері туралы ашық жазды. Онда мынадай жолдар бар: «...Животноводству был нанесен тяжелый урон, особенно в районах Центрального Казахстана. Так по сравнению с 1928 г. Поголовье скота к 1933 г. сократилось по верблюдам – на 9,3 процента, лошадыам – на 87,9, овцам и козам – на 87,7, и по крупному рогатому скоту – на 78,5. Поскольку в кочевых и полукочевых районах главным источником существования аульного населения являлись животноводческие продукты, значительное сокращение поголовья скота резко ухудшило материальное положение трудящихся аула. К этому прибавился недородь 1931 г. захвативший значительную часть территории республики, в особенности хлеборобные северные и западные ее районы. В результате население животноводческих и ряда оседло-земледельческих районов испытывало продовольственные затруднения, повлекшие местами голод и гибель многих людей аулах. Особенно тяжело была зима 1932/33» (бөліп көрсеткен біз-авт.) (Жумабеков Жунусбек, 1973:200-201). Көріп отырмыз, аталған кезеңдегі ашаршылық «социализм салтнаты» кезеңінде жазылған қазақстандық моногра-

фиялық зерттеуде ашық айтылған. Осы еңбекте қазақтардың 1931-33 ж. ашаршылықтағы босқыншылық көлемі де нақты жазылған. Мысалы, онда мынадай жолдар бар: «Откочевками охвачен 71 район Казахстана, в том числе 50 кочевых и полукочевых и 21 оседло-земледельческий. Здесь в 1931 г. проживало примерно 52,5 процента населения Казахстана, 83 процента казахов республики... Некоторые источники сообщают, что в 1931 г. откочевало 45 тысяч, а в 1932 г. – около 90 тыс хозяйств. В одном из официальных правительственных документов, подписанных председателем СНК КазССР У.Исаевым 11 мая 1932 г., отмечалось, что уменьшение количество хозяйств за счет откочевок составляет примерно 300 тысяч, а в письме Т.Рыскулова И.В. Сталину, датированном 29 сентября 1932 г, подчеркивалось, что вне своих районов кочует «половина казахских хозяйств. Хотя и в меньших размерах откочевки продолжались и в первой половине 1933 г...» (Жумабеков Жунусбек, 1973:201). Мұнда тағы бір назар аудартатыны, тәуелсіздік алғанға дейін аталған мемлекеттік қайраткерлердің Сталинге хаттары «өте құпия» құжаттарға жатқызылып келсе де, олардың ғылыми айналымға 70-жылдары-ақ қосылып кеткенін көруге болады. Алайда, Қазақстан тарихшылары ол заманда ашаршылыққа Коммунистік партияның саясатын кінәлай алмай, бар кінәны тағы да Сталинге және оның жеке басына табынуға, сондай-ақ Голощекиннің қателіктеріне жауып құтылды. Ал енді аталған босқыншылыққа басты кінәлілер «қазақ байлары» болып шықты. Міне, социализмдегі тарих ашаршылықты осылай түсіндірді. Ашаршылық және оның апатты салдарлары туралы объективті пікірлер «горбачев заманында» 1987 жылдан бастап, алғаш журналистар мен жазушылар жазбаларында нақты айтыла бастады. Қазақстанда ашаршылықты зерттеу туралы мәселе 1988 жылы 28-29 қарашада Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология институтының Орта Азия мен Қазақстан ғалымдарын біріктіріп, коллективтендіру туралы аймақтық пікірталас ұйымдастыруынан басталды. Оның материалдары арнайы жинақ түрінде жарық көрді (Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстана: опыт и проблемы 1990). Осы жинаққа енген педагогика ғылымдарының кандидаты М.Тәтімовтың баяндамасы Қазақстандағы 1931-32 жылдардағы ашаршылыққа алғаш рет жан-жақты демографиялық талдаулар жасаған алғашқы зерттеу еді (М.Тәтімов, 1990). Осы жинаққа біз жоғарыда атап кеткен мәскеулік тарихшы В.П.Даниловтың көлемді еңбегінің енуі маңызды болды. Оның зерттеуінің «Организованный голод» деп аталатын тараушасында мынадай жолдар бар: «Наконец, следует признать, что советская научная литература – и демографическая, и экономическая, и историческая – о голоде еще не писала... еще предстоит провести необходимые исследования, чтобы дать действительную и полную картину масштабов и последствий голода в хлебопроизводящих краях, ответственность за которой всей тяжестью лежит на сталинском руководстве... Голод 1932-1933 гг. не может быть оценен иначе, как самое тяжкое преступление сталинского руководства против советского народа, против деле социализма»

(Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстана: опыт и проблемы. Алма-Ата, 1990: 64-65). Осылайша, аталған ашаршылықты зерттеушілердің зерттеулеріне жариялылық пен қоғамдағы қайта құру жол ашты. Алайда зерттеушілер Коммунистік партия билікте отырғандықтан, бұрынғыша бұл қасіретке «сталиндік басшылықты» кінәлаумен шектелді. 1931-33 жылдардағы ашаршылық туралы алғаш 1991 жылы 14 қарашада ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасы комиссиясының қорытындыларында ресми түрде айтылды. Ол 1992 жылы 22 желтоқсанда республикалық газеттерде жарияланды. Бұл қорытындының ерекшелігі онда алғаш рет аталған қасіретте қазақ және т.б. республика халықтарының қаншасының құрбан болғаны демографиялық есептеулер негізінде айтылды және бұл ашаршылыққа «геноцид» деген сипаттама берілді. Нақтылай түссек, онда мынадай жолдар бар: **«Предварительный анализ, проведенный историками и демографами, показывает, что казахский этнос подвергся жесточайшему геноциду и понес тяжелейшие потери. От голода и связанных с ним эпидемий, а также постоянно высокого уровня естественной смерти народ потерял 2 млн. 200 тысяч человек, т.е. около 49 % всего своего состава»** (Казахстанская правда, 1992, 22 декабря). Бұл құжаттың орысша үзіндісін беріп отырған себебіміз, оның қазақша аудармасында **«геноцид»** деген сөз **«аяусыз қырғын»** деп аударылып кеткен. Әрине, аудармашылар бұл жерде халықаралық қолданыстағы сөзді қазақшаға аудармаулары керек еді.

Қорытынды. Біздің ойымызша, алда қабылданатын «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы Мемлекеттік комиссия қорытындыларында» да осы айтылғандар нақты атап көрсетіліп, жариялануы тиіс. Қорыта келгенде айтарымыз: 1. XX ғасырдағы Қазақстанда орын алған ашаршылықтар мемлекеттік деңгейде көрініс берген саяси-әлеуметтік процестердің салдарлары болып табылады. Оларға, әсіресе, 1931-33 жж. ашаршылыққа Сталин бастаған большевиктік басшылықтың шаруалар мүддесін ескермеген қатал саясаты кінәлі.

2. Жалпы, «геноцид», «қазақид», «этноцид» деген атаулар қазақ халқының ашаршылықта қырылу көлемін көрсетуге сәйкес келгенімен сталиндік кеңестік жүйенің саяси-әлеуметтік мақсатымен мүлде үйлеспейтінін халыққа түсіндіру керек. Кеңес мемлекетіндегі ұлттық саясат қазақты ешқашан да этнос ретінде жойып жіберуді көздеген жоқ. Сондай-ақ бұл мәселеге Ресейдің де, орыс халқының да еш қатысы жоқ. Мемлекеттік комиссия осы мәселені өзінің соңғы тұжырымында ашып айтуы керек.

3. Мемлекеттік комиссия шешімінде ашаршылық құрбандарының сталиндік **саяси қуғын-сүргін құрбандарына** жататыны ашық айтылғаны да жөн болар еді.

4. Осы уақытқа дейін Білім және ғылым министрлігі ғылыми жобаларға 1931-33 жылдардағы ашаршылық тақырыбын енгізбей келгені құпия емес. Осылайша, ғылыми гранттық зерттеу жобаларында бұл тақырыптан қашу соңғы 30 жылда ашаршылықтың себептері және салдарлары туралы ғылыми негізделмеген, бұрмаланған, алып-қашты, әр түрлі пікірлердің қоғамда көрініс беруіне және бұл мәселеде іргелі зерттеулердің жүйелі түрде

жүргізілмей тоқтап қалуына алып келді.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

«Аштарға көмек» («Помгол») // «Қазақ Совет Энциклопедиясы», 1-том, – Алматы, 1972. (648 б.).

ГАО. 13-қор, 2-тізбе, 282-іс, 2-п.

ҚР ОМА. 30-қор, 7-тізбе, 151-іс, 100-п.

«Советская историческая энциклопедия». 7- том, – Москва, 1965, стр.492.

Жумабеков Жунусбек. Ленинской дорогой. Руководство КПСС вовлечением трудового крестьянства Казахстана в строительство социализма. Алма-Ата, «Казахстан», 1973. Стр 288.

Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстана: опыт и проблемы, – Алма-Ата, 1990, стр 200.

М.Татимов. Демографические последствия перегибов в коллективизации: «Белые пятна» в исторической демографии Казахстана//Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстана: опыт и проблемы, – Алма-Ата, 1990, стр.103-110.

В.П.Данилов. Коллективизация сельского хозяйства в СССР//Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстана: опыт и проблемы, – Алма-Ата, 1990, стр.28-69.

REFERENCES

«Ashtarga komek (Pomgol) // «Qazaq Sovet Ensiklopediasy», 1-tom [“Help for the hungry” (“Pomgol”) // “Kazakh Soviet Encyclopedia”, Volume 1], – Almaty, 1972. 648 pp [in Kazakh].

GAO [Archive of GAAR], – 13-qor, 2-tizbe, 282-is, 2-p [in Russian].

QR OMA. 30-qor, 7-tizbe, 151-is, 100-p [ACS RK – Archive of the Central State of the Republic of Kazakhstan] Fund 30, List 7, Case 151, Item 100 [in Russian].

«Sovetskaja istoricheskaja ensiklopedija». 7- tom [“Soviet Historical Encyclopedia, vol. 7], – Moscow, 1965, p.492. [in Russian].

Zhumabekov Zhunusbek. Leninskoi dorogoi. Rukovodstvo KPSS вовлечением трудового крестьянства Казахстана в строительство социализма [The Lenin Way. The leadership of the CPSU in engaging the working peasantry of Kazakhstan in the construction of socialism], – Alma-Ata, Kazakhstan, 1973. 288 pp. [in Russian].

Kolektivizatsia selskogo hozäistva v respublikah Srednei Azii i Kazahstana: opyt i problemy [Collectivization of Agriculture in the Republics of Central Asia and Kazakhstan: Experiences and Problems], – Alma-Ata, Gylm, 1990, 200 pp. [in Russian].

M.Tatimov. Demograficheskie posledstvia peregibov v kolektivizatsii: «Belye pätna» v istoricheskoi demografii Kazahstana.// Kolektivizatsia selskogo hozäistva v respublikah Srednei Azii i Kazahstana: opyt i problemy [Demographic Consequences of Over-Kollectivization: White Spots in Historical Demography of Kazakhstan//Agriculture Collectivization in the Republics of Central Asia and Kazakhstan: Experiences and Problems], – Alma-Ata, 1990, (pp.103-110). [in Russian].

V. Danilov. Kolektivizatsia selskogo hozäistva v SSSR. // Kolektivizatsia selskogo hozäistva v respublikah Srednei Azii i Kazahstana: opyt i problemy [Collectivisation of Agriculture in the USSR. //Kollectivization of Agriculture in the Republics of Central Asia and Kazakhstan: the Experience and Problems], – Alma-Ata, 1990, (pp.28-69). [in Russian].

FTAHP / IRSTI/ МРНТИ: 03.20.00

М.ӨТЕГЕНОВ¹, Н.ТІЛЕГЕН,²¹Т.ғ.к, доцент, e-mail: utegenov@inbox.ru,²магистрант, 2-курс, e-mail: 31nur31@mail.ru,^{1,2}Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Көкшетау қ.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

XX ғасырдың басында Алаш зиялылары ұлт мүддесін қорғауда отаршылдыққа қарсы күресудің жаңа әдісін қолданды. Яғни, алаш зиялылары өткенді саралай келе, ендігі уақытта ашық қарсы шығып, қантөгіс арқылы мақсатқа жету қисынсыз екенін анық түсінді. Әлихан Бөкейханов бастаған алаш зиялылары халық үшін ең тиімдісі қантөгіссіз ұлттық мүддені қорғауды мақсат тұтты. Осы орайда түрлі әңгімелер болды. Мәселен, сол кезде ұлт көсеміне қарсы шыққан тұлғалар да жоқ емес еді. Сонда Әлихан атамыз зиялылар тобына «иә, рас біздің бойымызда күш-қуатымыз жоқ, қалтамызда ақшамыз жоқ, қолымызда қаруымыз жоқ. Бірақ біздің негізгі күшіміз ол интеллектуалды күш арқылы халықты біріктіріп, мақсатымызға жету» деген болатын. Бұл айтылған сөздердің шын мәнінде жаны бар, мағынасы терең еді. Осыдан кейін XX ғасырдың бас кезінде ұлттық мәселелерді көтеретін түрлі бағыттағы газет-журналдар пайда болып, халықтың арасында үлкен сұранысқа ие болды. Мақаланың басты мақсаты да осы – қазақ жастарына арналып шыққан ғылыми-көпшілік басылымдардың ел өміріндегі атқарған қызметін көрсету.

Түйін сөздер: Газет-журналдар, баспалар, Алаш қайраткерлері, «Серке», «Қазақ газеті», «Айқап» журналы «Жас алаш», жастар, тәуелсіздік, еркін ойлылар, «Еңбекші жастар», мақалалар, ұлттық мүдде.

М.З. УТЕГЕНОВ¹, Н.ТІЛЕГЕН,²¹к.и.н, доцент, e-mail: utegenov@inbox.ru,²магистрант, 2-курс, e-mail: 31nur31@mail.ru,Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова,
Казахстан, г. Кокшетау

РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПРЕССЫ В ФОРМИРОВАНИИ ПОЗИЦИЙ НЕЗАВИСИМОСТИ

В начале XX века Алашская интеллигенция использовала новый метод борьбы с колониализмом в защите интересов нации. То есть, на основе предыдущего опыта Алашская интеллигенция ясно понимала, что достижение цели через открытую войну и кровопролитие абсурдно. Алашская интеллигенция во главе с А.Бөкейхановым была нацелена на более безопасную защиту национальных интересов, на основе этого было проведено несколько мирных переговоров. Однако, несомненно нашлись люди, которые были против А.Бөкейханова. В тот момент лидер наций предстал перед интеллигенцией со словами «Может мы и не самые сильные, у нас не лучшее материальное состояние, у нас нет столь богатого разнообразия оружия. Но наше превосходство над другими в том, что мы способны достигнуть цели, сплотив народ воедино, используя интеллектуальную силу». Сказанные слова имели глубокий смысл, способный повлиять на мышление всей нации. После чего, в начале XX века появились газеты и журналы, поднимающие остро-социальные темы, которые пользовались большим спросом у населения. Главной целью всех статей была демонстрация роли научно-популярных изданий в жизни молодежи.

Ключевые слова: газеты и журналы, издательства, деятели Алаш, «Серке», журнал «Айқап», «Жас алаш», молодежь, независимость, вольнодумцы, «Еңбекші жастар», статьи, национальные интересы.

M. Z. UTEGENOV¹, N. TILEGEN,²¹Candidate of Historical sciences, Associate professor, e-mail: utegenov@inbox.ru,²2nd yearmaster's, e-mail: 31nur31@mail.ru,^{1,2}Non-commercial joint-stock company " Sh. Ualikhanov
Kokshetau University, Kazakhstan, Kokshetau c.

THE ROLE OF THE NATIONAL PRESS IN FORMING POSITIONS OF INDEPENDENCE

At the beginning of the XX century, the Alash intelligentsia used a new method of combating colonialism in protecting the interests of the nation. Based on previous experiences, the Alash intelligentsia came to a conclusion that achieving the goal through open war and bloodshed is absurd. The Alash intelligentsia, led by Alikhan Bokeikhanov, was aimed at a more secure protection of national interests, on the basis of which several peace negotiations were held. However, there were people who were against Alikhan Bokeikhanov. At that moment, Alikhan Bokeikhanov performed the next speech «Maybe we are not the strongest, we do not have the best material conditions, we do not have such a rich variety of weapons. But our superiority over others is that we are able to achieve the goal by uniting the people together, using intellectual power.» The words spoken had a deep meaning that could influence the thinking of the entire nation. At the

beginning of the XX century the newspapers and magazines which raised the acute social topics started to be published, they were in great demand among the population. The main purpose of the articles was demonstration of the role of popular science publications in the life of young generation.

Keywords: newspapers and magazines, publishing houses, figures of Alash, «Serke», magazine «Aykap», «Zhas Alash», young generation, independence, freethinkers, «Enbekshi zhastar», articles, national interests.

Кіріспе. Тәуелсіздік біздің халқымызға оңай келген жоқ. Ұлтарактай жеріміздің жат қолында кетпеуі үшін жаумен шайқасқа түскен ата-бабаларымыз азаттық таңын атыруды сан ғасырлар бойы армандады. Бізге қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заманды көру бақыты бұйырды. Бүгінде керегесі кең, терезесі тең Қазақстанымыз дамудың даңғыл жолында. Тәуелсіздіктің арқасында еңсеміз биік, балаларымыздың ұйқысы тыныш. Біз үшін бұдан асқан бақыт жоқ. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажет екенін айтып өтті.

Біз үшін Тәуелсіз Отанымыздың береке-бірлігі, тұтастығы маңызды. Сондықтан тұтастығымызға күмән келтіретін арандатушылық әрекеттерге жол берілмеуі керек. Атадан балаға мирас болған қазақ жерінің шын жанашыры ретінде Отанымыздың тыныштығы мен байлығын қорғауға тиіспіз. Біз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», ашаршылық, қуғын-сүргін, дүние-жүзілік соғысты көріп, ұлт пен жер үшін жанын пидә еткен ата-баба рухына тағзым етуді естен шығармауымыз керек. Осы, орайда Президентіміз айтып өткендей, отандық телеарналар мен газет-журнал беттерінде өткеннен сыр шертетін тарихи туындылар көптеп жарық көруі қажет. Мемлекет басшысының «көркем және деректі» тарихи туындыларда мемлекеттік және мемлекетшілдік идеясы әрдайым көрініс табуы қажет деген сөзі әр адамның көңіліне үміт отын жағады деп ойлаймын.

Сағымданған тарихымызға ой жүгіртсек, ата-балаларымыз ұшқан құстың қанаты, шапқан аттың тұяғы талатын ұлан-байтақ жерімізді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап келді. Мәселен, Сырым Датұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Исатай мен Махамбет, Кенесары Қасымұлы сынды нар тұлғаларымыз патша өкіметіне берілмей, қасық қаны қалғанша жерімізді қорғап келді. Өкінішке орай патша өкіметі өзінің діттеген мақсатына жетуде қаншама қазақтың қанын төкті. Ал XX ғасырдың басында Алаш зиялылары ұлттық мүддесін қорғауда отаршылдыққа қарсы күрестің жаңа әдісін қолданды. Яғни, алаш зиялылары ендігі уақытта қантөгіс арқылы мақсатқа жету қисынсыз екенін анық түсінді. Осыдан кейін XX ғасырдың бас кезінде ұлттық мәселелерді көтеретін түрлі бағыттағы газет-журналдар пайда болып, халықтың арасында үлкен сұранысқа ие болғаны кешегі мен бүгінгі ел есінде.

Материалдар мен әдістер. Ғылыми жұмыстың теориялық және методологиялық негізін айқындауда бірнеше әдіс, тәсілдер қолданылды. Ғылыми-көпшілік басылым беттеріндегі ақпараттарды зерттеуде нақты фактілер мен дәлелдерді мұрағат және ғылыми зерттеулер арқылы салыстыра көрсету басшылыққа алынды. Сонымен бірге, зерттеу барысында саралау, талдау және қорыту, тарихи-салыстырмалы, жүйелік-құрылымдық, теориялық таным, тарихи зерттеу тәсілдері қолданылды. Тарихи оқиғаларды немесе саяси жағдайларды баяндауда естеліктер, баспасөз материалдары мен мұрағат құжаттары және ғылыми зерттеу материалдарын салыстыра зерттеу әдісі кең қолданылды.

Талдау. Баспасөз тарихын журналистика саласы бойынша зерттегендер – Қ.Н.Бекхожин, С.Қ.Қозыбаев, С.С.Матвиенко. Аталған ғалымдар өз еңбектерінде кеңес өкіметі орнағаннан кейін шыға бастаған орыс және қазақ тілдеріндегі газет-журналдарға тоқталып, «Жас қазақ», «Екпінді жас» және басқа жастар басылымдарының шығуы мен оның айдарлары жайында жалпылама мағлұматтар берілді.

Мерзімді басылымдарды Қазақстан тарихының дереккөздері ретінде қарастырсақ, зерттеушілер К.Кереева-Қанафиеваның, В.С.Толочко, В.Н.Алексеев, Б.Б.Ермұханов, т.б. өздерінің еңбектерінде революцияға дейінгі орыс баспасөзінің, оның ішінде әскери басылымдардың қазақтар туралы жазылған материалдарына талдау жасайды. Мысалы, В.С.Толочконың кандидаттық диссертациясы өткен ғасырда Ресейде шығып тұрған «Военный сборник» секілді газет-журналдарға арналған. XIX ғасырдағы Қазақстан тарихының мәселелеріне арналған В.Н.Алексеевтің диссертациялық жұмысында «Вестник Европы», «Русская мысль» және «Русский вестник» сияқты орыс журналдарында Орта Азия мен Қазақстандағы саяси және әлеуметтік-экономикалық өмір жайында хабарлар ұшырысады.

Баспасөз тарихы төңірегінде субелі еңбектер жазғандар Т.Қожакеев, Қ.Алдабергенов, Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразай, С.Қозыбаев, Б.Әбдіқасымов және басқа да зерттеушілер болды. Бұл зерттеушілер баспасөз тарихын, әлем баспасөзі тарихындағы қазақ басылымдарының алатын орны мен маңызын тіл мен журналистика ғылымы тұрғысынан қарастырады.

З.Тайшыбайдың, Д.Қамзабекұлының, Ө.Әбдімановтың, Б.Жақыптың, А.Шәріптің, А.Сақтың, Қ.Алдабергеновтың еңбектері қазақ журналистикасы тарихының маңызды салаларын қозғайды. Қ.Алдабергенов, Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразай жазған «Қазақ журналистикасының тарихы» көлемі шағын болғанымен, журналистика тарихына ден қойғандардың басшылыққа алатын бірден-бір оқулығы болып отыр.

Соңғы жылдары жекелеген басылымдар, көрнекті публицистердің шығармашылық қызметі арнайы зерттеліп жатыр. Мысалы: Ө.Бөкейханұлы А.Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқайдан бастап кеңес кезіндегі қазақ журналистерінің мұралары қайта қаралып, лайықты бағасын алуда. Энциклопедиялық, анықтамалық әдебиеттерде, жеке жазушылардың жинақтарында олардың публицистикалық шығармаларына орын берілуде. Бұған мысал ретінде Мұхтар Әуезовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Бейімбет Майлинның, Смағұл Сәдуақасовтың, Қошмұхамед Кемеңгеровтың, Ғабит Мүсіреповтың, Сәбит Мұқановтың, Сәкен Сейфуллиннің, Сұлтанбек Қожановтың, т.б. көп томдық жинақтарында олардың мерзімді баспасөз бетінде жарық көрген мақалалары басылып, бүгінгі ұрпақтың игілігіне айналғанын ескеруге болады. Ардақты азаматтарымыздың өз кезінде халқына қандай еңбек сіңіргеніне куә болатын да осы баспасөз.

Еліміз дербес мемлекет ретінде тәуелсіздігін жариялағаннан кейін қазақ баспасөзінің тарихына ден қойылып, бұл салада жүйелі зерттеулер өріс ала

бастаған. Баспасөз органының пайда болуының өзі ұлт мәдениетінің жаңа сатыға көтерілгенін, ұлттық санының оянғандығын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері. Тамырын тереңнен тартқан қазақ халқы өзінің тарихи-мәдени, әдеби дүниелерін кезінде қағаз бетіне түсіп отырмаған. Сондықтан да өзінің тасқа басылып, хатқа түскен ескерткіштерінің ішіндегі төңкерістен бұрынғы газет-журналдарда басылған нұсқаларының алар орны ерекше. Олар рухани мұрамыздың бай көріністерімен қатар туған әдебиетіміздің тарихын жете білуге және оны халық тарихымен біртұтас зерттеуімізге мүмкіндік береді. Баспасөздің, оның ішінде газеттің әлеуметтік қоғамдық өмір саласындағы орнын, қызметтерін саралап берген ғалым-зерттеуші А.Байтұрсынов 1913 жылы «Қазақ» газетінің алғашқы санында: «Газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып отырады», – деген болатын [1].

Баспасөздің маңызын мына жайлардан байқауға болады:

– жаңалықтарды, тың ақпараттарды халыққа тез жеткізуді басты нысана етеді; болып жатқан оқиғаларға түсініктеме береді;

– әрбір пікірдің шындығына көзін жеткізе дәлелдейді және оқырманның оған деген сезімін оятып, қалыптастырады;

– оқырманды сол оқиғаға байланысты қимыл-әрекетке шақырады, көпшіліктің көзқарасын, оқырманның тіл мәдениетін, сауаттылығын қалыптастырады.

Баспасөз құралдарының жалпы адамзат тарихында алатын орны маңызды, ол халықтың рухани, мәдени өмірінің айнымас бөлшегі болып табылады. А.Байтұрсыновша айтсақ «...Газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетіспекші» [1.10].

XX ғасырдың басында қазақ баспасөзі қарыштап дамып, өзіндік даму стилін қалыптастырды. Олардың қатарына «Түркістан уалаяты», ««Дала уалаяты», «Серке» газеті, «Садақ» журналы, «Бірлік туы» газеті, «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті сынды газет-журналдар оқырман жүрегінен орын алды. Ендігі кезекте осы аталған газет-журналдардың мақсат, міндеті мен тарихи маңыздылығына назар аударсақ.

«Түркістан уалаятының газеті» халқымыздың саяси-әлеуметтік, әдеби, мәдени және эстетикалық ой пікірін оятып, қалыптастыруға септігін тигізді. Ол қазақ баспасөзінің көш бастаушы басылымы болып саналады. Оның 12 жыл бойы шығып тұруы қазақтың мәдени-әлеуметтік өміріндегі зор оқиға болды. «Түркістан уалаятының газеті» қазақ оқырмандарын сол кездегі ғылым жаңалықтарымен, орыстың бай әдебиетімен, өнердегі ізденісімен таныстырған алғашқы басылым. Осында басылған «Біздің орыс жұртының өнері мен адамдары» деген мақалада орыс кемесінің жер шарын айналып шығуы туралы мақала жарияланған. Осы газет бетінде Жер шары, ай мен күн, жұлдыздар, күн мен түн, жылдың төрт мезгілі жөнінде ғылыми түсініктемелер беріліпті. «Түркістан уалаятының газеті» Түркістан генерал-губернаторының ресми органы болғанына қарамастан, қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятуға, мәдени-әдеби дүниетанымының молаюына әсер етті. Оның бетінде саяси-экономикалық мәселелермен бірге оқу-ағарту ісінің жай-күйі, өнер-білімнің пайдасы, орыс мәдениетінің же-

тістіктері, қазақ әдебиеті туралы алғашқы сын, зерттеу мақалалар, қазақтың зиялы адамдары олардың өмірбаяндары, ғылыми еңбектері жайынан алғашқы мақала-хабарлар жарияланды [2].

Ұлттық баспасөзіміздің алғашқы қарлығаштарының бірі – **«Дала уалаятының газеті»**. Оның дүниеге келуі қазақ халқының өткен ғасырдағы мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. Ол – 1888 жылдың 1 қаңтарынан 1902 жылдың 12 сәуіріне дейін Омбы қаласында қазақ, орыс тілдерінде «Акмолинские областные ведомосты» газетіне қосымша ретінде шығып тұрған ресми газет. Оның жарыққа шығуы – 1882 ж. құрамына Ақмола, Семей және Жетісу облыстары кірген Дала генерал-губернаторлы-ғының құрылуымен байланысты. Газеттің басты мақсаты – жергілікті халықты үкімет жарлықтарымен таныстырып отыру. Қазақшасының редакторлары – Ешмұхамед Абылайханов пен Дінмұхамед Сұлтанғазин.

Газеттің бейресми бөлімінде Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов туралы деректер басылған. Абай, Шәкәрім, М.Ж.Көпеев, Әбөкейханов, А.Құрманбаев, О.Әлжанов, С.Шорманов, М.Жанайдаров, К.Жапанов, Б.Сырттанов, Ж.Ақбаев, Ж.Айманов, т.б. шығармалары, хаттары, мақалалары басылып тұрған. Оларда бұдан бір ғасыр бұрынғы қазақтардың қоғамдық-саяси өмірі бейнеленуі, әлеуметтік жағдайы, экономикасы, шаруашылығы, мәдениеті, салт-дәстүрі, т.б. туралы мол мәліметтер берілген. Қазақ ауыз әдебиетінің нұсқалары («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Нөрік батыр», «Еңлік-Кебек», «Бозжігіт»), Алдар көсе, Жиренше шешен, Қожанасыр аңыздары, Шығыс сюжеттері («Мың бір түн», «Шаһнаме», «Фархат – Шырын»), мақал-мәтелдер, жұмбақтар, орыстың белгілі ақын, жазушыларының кейбір шығармаларынан аудармалар жарияланған.

«Дала уалаятының газеті» басында көлемі 1/2 баспа табақ болып 4 бетке басылып тұрған. 1888 жылғы 8-санынан газет көлемі екі есе көбейтіліп, тұтас бір баспа табаққа жетіп, 8 бет болып шыққан. 4 беттік сандарында газет беті екі бөлікке бөлініп басылған. Сол жақтағы 1-бөлігінде араб әріптерімен жазылған қазақша мақалалар, оң жақтағы 2-бөлігінде орыс тіліндегі материалдар басылған. Ал 8 беттік нөмірлерінде алғашқы төрт беті түгел қазақша, қалған төрт беті орысша басылған. «Дала уалаятының газеті» аптасына бір рет, алдымен жұма сайын, кейіннен жексенбі сайын шығып тұрған.

«Дала уалаятының газетінде» басылған шығармаларда қазақ халқының әр кезеңдердегі өмірі, тұрмыс-тіршілігі, күрделі жағдайлар мен оқиғалар толық, тұтас қамтылғанымен, тарихымызда болған ұлы өзгерістер, халық өмірінің жеке-жеке суреттері алғаш рет осы газет бетінде жарияланып, ұлттық әдебиет пен мәдениеттің негізін қалауға көмектесті. «Дала уалаятының газетінде» басылған көркем шығармалардың бір тобы қазақтың өз төл – туындысы болса, енді бір тобы орыс тілінен аударылған немесе шығыс әдебиетінен ауысқан үлгілер еді. Бұлардың бәрі мазмұны, көркемдік жағынан бір-біріне ұқсамағанымен, жалпы қазақтың жазба әдебиетінің дамуына ықпал етті.

«Серке» – 1907 жылы Петерборда татардың «Улфат» (қазақша мағынасы – бірлесу, келісім) газетіне қосымша шыққан газет. Ғылыми әдебиеттерде оның бір ғана саны шыққан делінеді. Сірә, ол «Улфаттың» 1907 жылғы №84 санының қосымшасы болса керек. Татар ғалымы И. Рәмидің зерттеуіне қарағанда, жалпы бұл газеттің 87 саны ғана шығып,

патша цензурасының күшімен 1907 жылы 9 маусымда жабылып қалған. 1906 жылдан бастап шыққан. Редакторы – Ғабдрашид Ибраһимов ныспылы татар қайраткері. Газет мақсаты – ислам дүниесін біріктіру, діни білікті көтеру, оқу-білімді насихаттау, ұлттық автономиялар құрудың негізін қалау. М.Сералин «Айқаптың» алғашқы санында «Серкені» «1907 жылы II Мемлекеттік Думаның мүшесі Шаймерден Қосшығұлдың ыждиһатымен шықты» деп көрсетеді. Зерттеуші М.Әбсемет «Серкенің» 2-саны да шыққан дей келе, осы 6 маусымда шыққан нөміріндегі М.Дулатұлының «Біздің мақсатымыз» атты мақаласы үшін Антокольск баспаханасынан халыққа тарайын деп тұрған «Улфат» тәркіленген дегенді жазады. Осы тұста бір жайды айта кеткен орынды: Б.Кенжебаев 1958 жылы жарияланған зерттеуінде «Нажат» атты жинақтағы «Серке» 1906 жылы 28 наурызда шықты» деген фактіге сілтеме жасайды. Сірә, бұл деректің дұрыс-бұрыстығын ғалымдар анықтай жатар. Ал, газет атына келсек, серке – қазақ ұғымында жайылымдағы малды бастайтын түлік, Сексек атаның көшбасшы тұқымы. Біздің «көсем» сөзіміз де осымен мағыналас. Бүгінгіше ол – лидер, көшбасшы. Газетке осылай ат беру арқылы ұлт зиялылары саясатқа енді араласа бастаған елге мұрындық болуды көздесе керек [3].

«Айқап» журналы 1911 жылдың қаңтарынан 1915 жылдың тамызына дейін Троицкі қаласында шығып тұрды. Алғашқы жылы айына 1 рет, басқа жылдары 2 рет шықты. Осы уақыт ішінде барлығы 89 саны шықты. Көлемі бір, бір жарым, екі, екі жарым баспа табақ болды. «Айқап» қазақ даласының барлық жеріне тарады. Әйгілі, беделді журнал болды. «Айқап» журналының шығарушысы да, редакторы да – белгілі ақын, жазушы Мұхаметжан Сералин. Ол әркімнен пайда серік ретімен пай жинап, қарызға ақша алып, журналдың әуелгі сандарын сонымен шығарды. Кейін журнал өз қаржысымен тұрды. Оған жәрдем көрсетушілер де болды. Алайда, журналдың қаржысы мол, жеткілікті болды деуге болмайды. Ол қаржының тапшылығынан кейде шағын көлемді болып шығып жүрді. Тоқтағанда да қаржысының жоқтығынан тоқтады. «Айқап» журналында әр кезде хатшы қызметкер, хабаршы болып Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жіһанша Сейдалиев, Әкірам Ғалимов істеді. «Айқап» журналына қазақтың сол кездегі оқымандары, түрлі оқу орындарындағы оқытушылары мен оқушы жастары, хат білген адамдар тегіс қатынасты. Журнал өзінің аты, мақсаты туралы 1911 жылғы бірінші санында былай деп түсінік берді: «Айқап» деген сөз қазақтың төл сөзі. Ол ғасырлар бойы мәдениеттен, білімнен кенже қалған бүкіл қазақ халқының өкініген бейнесі ретінде алынды [4].

«Айқап» қазақ халқы саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық өмірінің көптеген түйінді, көкейтесті мәселелерін сөз етті. Соның бәрін де қазақ халқының саяси-әлеуметтік ілгері дамуы, бостандығы, шаруашылығы мен мәдениетінің өркендеуі тұрғысынан сөз етті. Ол үнемі «Бізге не істеу керек?», «Қайтсек біз тез ілгері басып, ел қатарына қосыла аламыз?» деген сұрақтар қойып, солардың жауабын табуға тырысты. Бұл сұрауларға тапқан жауабын, өзінің негізгі программасы «Айқап» 1911 жылғы 6-санындағы «Бізге не істеу керек?» деген бас мақаласында ашық айтты:

– Отырықшы болып, қала салу, жерден қол үзіп қалмау керек;

– Мектеп, медресе салып, оқу мәдениетке жетілу керек;

– Дін жұмысын өз қолымызға алу – мүфті сайлау керек;

– Мемлекет думасына мүддемізді айтып, сөзімізді өкіметке жеткізіп отыратын депутаттарымыз болу керек;

– Петербургта өкіліміз болу керек, ол сонда біздің ісімізді жүргізіп, өткізіп отыру керек деді.

Осы ретпен «Айқап» журналы қазақ арасындағы бектік-феодалдық қоғам қалдықтарына: ескі ғұрып-әдеттерге, жалқаулыққа, надандыққа, партиягершілікке қарсы күресті. «Айқап» журналы қазақ халқын отырықшы болуға, қала, поселк салуға, қаладан, орыс поселкаларынан үлгі алып, егін шаруашылығымен, ұсақ өнеркәсіппен айналысуға үндеді; мектеп, медресе салып, жаппай оқуға, өнер-білім үйренуге, ілім-техниканы меңгеруге үгіттеді. «Айқап» қазақ әйелдерінің хал-жайын, бостандық, теңдік мәселесін көп сөз етті [5].

“Садақ” – қолжазба журнал. 1915 жылдың 9 қарашасынан 1918 жылдың 10 ақпанына дейін Уфада шығып тұрған. Шығарушылар “Ғалия” медресесінің шәкірттері. Ұйымдастырушылар – Б.Майлин, Ж.Тілепбергенов. Журналдың бағыты мәдени-ағартушылық сипатта болды. Негізінен мынадай құрылымнан тұрды:

– бас сөз (әдебиет жыры, сөздері);

– роман (оқиға, қиял);

– халық көркем сөзі (ертегі, тақпақ, би сөздері, жұмбақ, мақал);

– күлкі;

– өлең (жазба өлең, халық өлеңдері);

– ішкі, тысқы хабарлар һәм басқалар. “Садақта” новелла тәрізді қысқа әңгімелер, көлемді повестер, очерктер, сықақ этюдтер, жас ақындардың өлеңдері, сын пікірлер, қазақ ауыз әдебиетінің нұсқалары жарияланған. Журнал қазақ журналистикасының тарихында елеулі рөл атқарды [6]. Олар «шығарушы – «Қазақ» ұйымы» деп көрсеткен. Аталған медресе шәкірттері Қазақ газетін, сондағы қайраткерлерді үлгі тұтқан. Деректерге қарағанда, олар Алаштың «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ұран» газеттерін де жаздыртып алып тұрған. Бұл басылым да «Ғалия» медресесінің қазақ шәкірттеріне тілектестігін білдіріп отырған. Журналда Б.Майлин, Ж.Тілепбергеновты, Х.Сартәлиұлы, З.Имажанұлы, Ә.Мұстафаұлы, А.Әшкеұлы, Х.Басымұлы, т.б. авторлардың материалдары жарық көрген. Журнал мақсаты – жастарды жаңа әдебиетке тарту, өмірдің және елшілдіктің маңызын түсіндіру, жауапкершілікті арттыру еді. Бұл іс Алаш қозғалысына қосылған елеулі рухани үлес болды [7].

Бірлік туы» (یۋت کۋلریک) – алғашқы қазақ басылымдарының бірі. 1917 ж. 24 маусымнан 1918 ж. сәуір айының ортасына дейін Ташкент қаласында аптасына 1 рет шығып тұрған. Негізін қалаушы әрі алғашқы редакторы – Мұстафа Шоқай. Газетті шығару ісіне Қ.Болғанбаев пен С.Қожанов тікелей атсалысты. Газет 1917 жылы Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдай, сондай-ақ, ел ішіндегі әлеуметтік-экономикалық ахуал туралы хабарларды жариялап, елді бірлікке шақырып, азаттық жолындағы күрестің жаршысы болды. Газет қазақтардан басқа, қырғыз, өзбек, татар, т.б. түркі халықтарының арасына кеңінен тарады. 1917 ж. тамызда өткен Түркістан өлкесі қазақ-қырғыз съезі баспасөз туралы мәселе бойынша “жаңадан шыға бастаған “Бірлік туы” барша қазақ-қырғызға ортақ болсын” деген қаулы қабылдаған. “Бірлік туы” Түркістан автоно-

миясы мен Алашорда үкіметіне қолдау көрсетіп, бұл жөнінде “Түркістан автономиясы”, “Бостандық һәм автономия”, “Қоқан шаһарында болған жалпы мұсылман съезінің қаулылары”, “Сырдария қазақ-қырғыз съезі” деген мақалалар жариялады. “Бірлік туы” кеңестік биліктің Түркістан өлкесінде орнығуына наразылық танытып, оның таптық негізді басшылыққа алған саясатын сынайтын “Кім дос, кім қас?”, “Өзіміздің большевиксінгендерге”, “Қазақ халқының дұшпандары”, “Тұла бойы қан сасиды”, “Қоқан қырғыны”, “Мұстафа хаты”, т.б. мақалалар жариялаған. Газет кеңес өкіметі тарапынан қысымшылық көріп, жабылды [8].

XX ғасырдың бас кезінде халық арасында кең тараған басылымдардың бірі – «Қазақ» газеті. «Қазақ» газетінің шығуы – Алаш зиялыларының ұлттық дербестік жолында жасаған қарымды қадамы еді. Әлихан Бөкейхан қолдап, Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы жауапты редакторлары болған басылымның 1918 жылға дейін 265 нөмірі шығыпты. Профессор Әбдімәлік Нысанбаевтың: *««Қазақ» газетінің бес жыл бойы 265 нөмірі жарық көріпті. Қазіргі өлшеммен қарасақ, тым аз. Бірақ, сол замандағы қалыптасқан ахуал тұрғысынан бағаласақ, отарлық езгідегі елде, отаршылдардың көз алдында, жария түрде тәуелсіздік идеясын насихаттайтын газетті бес жыл бойы шығарып тұру үлкен ерлік болатын»* деуі басылымның қазақ қоғамындағы сол кезеңдегі ерекше рөлін айшықтай түсері даусыз.

«Қазақ» газетінің алғашқы санында Ахмет Байтұрсынұлы басылымды жарыққа шығарудың ең негізгі 4 маңызы мен міндетін тап басып жазады. «Әуелі газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды... Екінші газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшінші газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетіспекші. Төртінші газет – халықтың даушысы. «Жұртым» деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шұқытпасқа тырысады».

Тарихи деректерге қарағанда, «Қазақ» деген атаумен қазақ газетін шығаруға ресми рұқсат Ахмет Байтұрсынұлына 1905 жылғы желтоқсанның 9-ы берілген. Ал апталық «Қазақ» газетінің алғашқы саны 1913 жылғы ақпанның 2-сінде жарық көрді де, 1915 жылдан аптасына екі рет шығатын болды. Газет қолдан қолға, ауылдан ауылға өтіп, тозығы жетіп, жыртылғанша оқылды. Оны сол заманда Дала және Түркістан уалаяттарына немесе 9 облыс және 1 губернияға бөлінген (Қыр баласы. Қазақ. «Қазақ» газеті, 1913 жыл, № 8) Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі жұрт жаздырып алды. «Қазақ» газетін метрополияның Киевтен Қазанға, Санкт-Петербургтен Томскіге дейінгі университеттерінде білім қуып жүрген қазақ студенттері жаздырып оқығаны туралы деректер кездеседі. Аз уақыт ішінде «Қазақ» 5 миллионға жуық көшпенді халықтың көпшілігі білетін басылымға айналды. Алғаш жарық көрген күнінен бастап «Қазақ» газеті қазақ даласының

қоғамдық-саяси және мәдени өміріне бес жылдан ұзақ жападан-жалғыз қызмет етті. Оған қоса өзінен бұрынғы басылымдардың бірі де жаңа газетпен не сапасы, не көтерген тақырыптарының сан-салалығы, не таралымы жағынан тең келе алмады. Бірінші жылы 3 мың таралыммен шығып тұрған «Қазақтың» таралымы, Оксфорд университеті зерттеушілерінің мәліметіне қарағанда, көп кешікпей 8 мыңнан асып жығылды. Бұл өзінен бұрынғы басылымдардың бәрін қосқанда да көп болады. Егер «Серке» мен «Қазақ газеті» немесе «Айқап» журналы оқыған және қалталы қазақтардың арасынан шыққан бір азаматтың немесе санаулы халықшыл азаматтың кездейсоқ және жеке бастамасымен пайда болса, «Қазақ» газеті тиянақты мақсат-мүддені көздеп, тұрақты қаржыландыру көзіне сүйенген ұжым еді [9].

Газеттің 1917 жылғы 215-нөміріндегі «Мәңгі таулық планы» атты мақаладағы барлығы 955 сөздің 47-сі орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздер. Осы 47 сөздің 25-і топонимикалық атаулар мен адам аттары. Бес жыл бойы халықтың «көзі, құлағы, үні» болған «Қазақ» газетіне белгілі тарихшы ғалымдар мынадай баға берді: *«Дегенмен, «Қазақ» алғашқы сандарынан бастап-ақ сырт көзге мен мұндалап тұрғаны анық, айқын, позициясы түсінікті, көздеген мақсаты бар газета болатын...»* Ол мақсат қазақ қоғамын ояту, оны жарыққа жетелеу, ұлт-азаттық езгіге қарсы күрес жолына алып шығу еді. «Қазақ» газеті жалпы ұлттық мәселелерді көтеріп, сол үшін күресті. Қазақ газетінің ұстанған позициясы сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының табиғатынан туындап жатқан еді. «Қазақ» газетіне ұлы Мұхтар Әуезов былайша баға берді: *«Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширқтырған, етек-жеңін жиғызған осы газет болатын»*, – деп жазды [10].

«Қазақ» газеті большевиктерге қарсы ымырасыз күрес жүргізді. Басылым большевиктердің залым әрекетін әшкереледі. Кеңес үкіметі де қарап қалған жоқ. Ақыры, 1918 жылдың басында Орынборда кеңес өкіметі орнап, «Қазақ» 1918 жылдың 17 қаңтарындағы 260 нөмірінен кейін ұзақ уақытқа тоқтап қалды. Алайда Орынбор 1918 жылдың 20 маусымында большевиктерден азат етілгеннен кейін ғана шілденің 23 мен 30-да «Қазақ» газетінің №261 мен №262 нөмірі, қыркүйектің 5-і және 16-да №263 пен №265-нөмірлері жарыққа шықты. «Қазақ» өз жұмысына қайта кіріскенімен арада көп өтпей, большевиктердің өктемдігімен басылым біржола жабылып қалды [11].

Қорытынды. Қорытындылай келе XX ғасырдың басында мәдениеттің дамуына осы уақытқа дейін елеусіз жағдайда болған баспа ісін жолға қою белгілі бір ықпал жасады. Қазақ мерзімдік баспасының гүлдене бастаған уақыты XX ғасырдың бас кезіне тура келді. Бұл кезде кітап басып шығару Семей, Омбы, Орал сияқты мәдени орталықтарда елеулі дамыды [12]. Жоғарыда көтерілген баспасөздер қазақ қоғамының зияткерлік әлеуетін көтеріп, қоғамның дамуына бағыт-бағдар беріп, әрбір іс-әрекеттің ақ пен қараны ажыратуда, ұлттық мүддені қорғауда үлкен ықпал етті. Сонымен қатар газет-журналдардың көтерген жүгі мен артқан мақсат-мүддені өте ауыр да салмақты ойларға толы болды. Тәуелсіздіктің тұғырын қалыптастыруда XX ғ. басындағы қазақ баспасөздерінің рөлін зерделеу маңызды істердің бірі болмақ.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- «Қазақ» энциклопедиясы. Бас редакциясы.—Алматы, 1998. 45-46-б.
- Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. I бөлім.— Алматы, Білім, 2003. 14-15-б.
<https://massaget.kz/qaarc/qa/11582/>
- Қазақ әдебиеті. Энциклопедия.— А., Білік, 1999. 70-72-б.
- Кенжебаев Б. XX ғ. басындағы әдебиет.— Алматы, Білім. 7-кітап, 1993. 18-б.
- Қазақ энциклопедиясы, 7-том.—Алматы, 1998. 65-68-б.
- «Алаш» қозғалысы.— Алматы, 2008. ISBN 9965-32-715-7
- «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев.— Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл, ISBN 5-89800-123-9, II том
- Кәкішев Т. Октябрь өрені.— Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962. 204-б.
- Әуезов М. Ақанның елу жылдық тойы (юбилей) // Ақ жол.— Алматы, 1991.
- Аян Бекенұлы. https://lenta.inform.kz/ru/kazak-gazetine-105-zhyl_a3140988
- Нұсқабайұлы Ж., Аллаберген Қ., Оразаева Ф. Қазақ журналистикасының тарихы (1870-2008 жылдар).— Алматы: Білім, 2018. 400-б.

REFERENCES

- «Qazaq» ensiklopediasy. Bas redaksiya [Encyclopedia “Kazakh”. The main editorial office].— Almaty, 1998. P. 45-46 [in Kazakh].

Käkişuly T. Qazaq ädäbiätü synynyñ tarihı. I bölım [History of criticism of Kazakh literature. Part I.].— Almaty, bilim, 2003. P. 14-15 [in Kazakh].

<https://massaget.kz/qaarc/qa/11582/> [in Kazakh].

Qazaq ädäbiätü. Ensiklopedia [Kazakh literature. The Encyclopedia].— A., qualification, 1999. P. 70-72 [in Kazakh].

Kenzhebaev B. XX ğ. Basyndağy ädäbiät [Literature at the beginning of the XX century].— Almaty, bilim. kitap 7, 1993. 18 p. [in Kazakh].

Qazaq ensiklopediasy, 7-tom [Kazakh encyclopedia, part 7].— Almaty, 1998. P. 65-68. [in Kazakh].

«Alaş» qozğalysy [Alash movement].— Almaty, 2008. ISBN 9965-32-715-7 [in Kazakh].

«Qazaqstan»: Ұлттық ensiklopedia [“Kazakhstan”: National Encyclopedia / editor-in-Chief A. Nysanbayev-chief editorial office of Almaty “Kazakh encyclopedia”].— Almaty, 1998, ISBN 5-89800-123-9, part II [in Kazakh].

Kakishev T. Oktabr’ oreni [October valley].— Almaty: Kazakh state publishing house of fiction, 1962. P.204 [in Kazakh].

Auezov M. Aqañnyñ elu jyldyq toiy (iubilei) // Aqjol [The fifty-year of Akan (Jubilee) // Ak Zhol].— Almaty, 1991.

Ayan Bekenovich. https://lenta.inform.kz/ru/kazak-gazetine-105-zhyl_a3140988 [in Kazakh].

Turgabayuly zh., Allabergen K., Orazayeva F. Qazaq jurnalistikasynyñ tarihı (1870-2008 jyldar) [History of Kazakh journalism (1870-2008)].— Almaty: Bilim, 2018. P.400 [in Kazakh].

ТАНЫСЫҢЫЗ: ЖАҢА КІТАП!



ТӘТТІГҮЛДІҢ ЖАҢА КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Таяуда «Қазақ университеті» баспасынан тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Тәттігүл Қартайдың «Бөрітаным: экспедициялық зерттеулер» кітабы жарық көрді. Кітапқа пікір жазғандар: — ҚРМОН директоры, профессор, этнограф **Нұрсан Әлімбай**; Анкарадағы Хажы Байрам Вели университетінің профессоры, археология бөлімінің жетекшісі, археолог **Южел Шенюрт**; Хажетеле университетінің профессоры, Ататүрік ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, тарихшы **Сейфі Йылдырым**.

Еңбекте қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы «бөрі», яғни қасқыр тотемімен байланысты халықтық білімдер жүйесі берілген. Материалдардың негізгі дені этноархеологиялық экспедициялар барысында жинақталған. Қазақ жеріндегі жартастағы қасқыр бейнесінің мағынасы талданған. Қасқыр аулаудың көне аңшылық әдістері, қақпан түрлері, қасқыр терісін илеу мен оны пайдалану тәсілдері берілген. Қазақ халқы қасқырдың дене мүшелерін этномедицинада қолданудың халықтық білімін игерген. Малды қасқыр тартудан қорғау мақсатында жасалатын ғұрыптар бүгінгі күні де қолданыста. Бөрінің батырлардың, бақылардың иесі ретіндегі аңыз бейнесі де қамтылған.

Еңбек ғылыми ортаға, өлкетанушыларға, көпшілік қауымға арналған.

FTAXP/IRSTI/MPHTI: 03.20.00

Бауыржан ЕНСЕПОВ¹, Ұлпан ИБРАИМОВА,²¹ тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
E-mail: ensepov_81@mail.ru, Нұр-Сұлтан, Қазақстан,² Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, тарих мамандығының
магистранты, E-mail: ulpan.i_82@mail.ru, Қызылорда, Қазақстан

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ЖӘНЕ ОРТА АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Мақалада ХХ ғасырдың 20-30-жылдарында Қазақ елінің білімі мен ғылымын және жаңа социалистік мәдениетін қалыптастыруда Темірбек Жүргеновтің еңбегі келтірілген. Темірбек Қараұлы халық ағарту, ғылым және мәдениет мекемелерінің сан-салалы қызмет жасауына және еліміздің ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына негіз қалады. Сонымен бірге, оның зерттеу еңбектерінің отандық тарихқа қосқан үлесі зор. Қайраткердің ғылыми зерттеулері Орта Азия мемлекеттік университетінде оқып жүрген жылдары жарық көре бастады. Т.Жүргенов отандық ғылым салаларының іргетасын қалады деп бағалай аламыз.

Орта Азия Мемлекеттік университетінде өз ізін қалдырған Х.Досмұхамедов, Қ.Кемеңгеров, Е.Омаров, М.Әуезов, Д.Сәрсенов, Тұрар Рысқұлов, Иса Тоқтыбаев, Темірбек Жүргенов сияқты қазақ зиялылары Қазақстан Республикасы халықтарының мәдени өмірінің дамуына қызмет етті. Орта Азия республикаларына сол заманға сай полиграфия өндірісін құру үшін көп көмек көрсетіп, білім мен ғылымның дамуына зор мүмкіндік жасаған Орта Азия мемлекеттік университетінің баспа комиссиясы көп жұмыс атқарады.

Кілт сөздер: Ташкент, Түркістан Орталық Атқару комитеті, Орта Азия Мемлекеттік университеті, Т.Жүргенов.

Бауыржан ЕНСЕПОВ,¹ Ұлпан ИБРАИМОВА,²¹ к.и.н., доцент, Казахский агротехнический университет
им. С.Сейфуллина, E-mail: ensepov_81@mail.ru, Нұр-Сұлтан, Казахстан,² магистрант 2-курса, Кызылординский университет имени
Коркыт Ата, E-mail: ulpan.i_82@mail.ru, Кызылорда, Казахстан.

ТЕМИРБЕК ЖУРГЕНОВ И СРЕДНЕАЗИАТСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ

В статье цитируется деятельность Темирбека Жургенова в становлении образования, науки и новой социалистической культуры казахского народа в 20-30-е годы XX века. Темирбек Караулы закладывает основы многоплановой деятельности образовательных, научных и культурных учреждений и формирования национальной системы образования страны. В то же время его исследовательская работа внесла значительный вклад в отечественную историю Казахстана. Исследования Т.Жургенова начали публиковаться еще во время учебы в Среднеазиатском государственном университете. В целом можно сказать, что он заложил фундамент отечественной науки Казахстана.

Представители казахской интеллигенции в Среднеазиатском государственном университете, такие как Х.Досмұхамедов, К.Кемеңгеров, Е.Умаров, М.Ауезов, Д.Сарсенов, Т.Рысқұлов, И.Токтыбаев, Т.Жургенов и др., внесли свой вклад в развитие культурной жизни народов Республики Казахстан. Редакционно-издательская комиссия Среднеазиатского государственного университета провела огромную работу в создании издательско-типографических домов в Средней Азии и Казахстане для популяризации научно-популярных журналов и книг, послуживших большому толчку в развитии науки.

Ключевые слова: Ташкент, Туркестанский Центральный Исполнительный Комитет, Среднеазиатский государственный университет (САГУ), Т.Жургенов.

Bauyrzhan YENSEPOV¹, Ulpan IBRAIMOVA,²¹ Ph.D., associate professor. Kazakh agro-technical university,
E-mail: ensepov_81@mail.ru, Nur-Sultan, Kazakhstan.² 2-nd year Master's student, Kyzylorda University named after
Korkyt Ata, E-mail: ulpan.i_82@mail.ru, Kyzylorda, Kazakhstan.

TEMIRBEK ZHURGENOV AND CENTRAL ASIAN STATE UNIVERSITY

The article cites the activities of Temirbek Zhurgenov in the formation of education, science and the new socialist culture of the Kazakh people in the 20-30s of the twentieth century. Temirbek Karauly lays the foundations for the multifaceted activities of educational, scientific and cultural institutions and the formation of the national education system of the country. At the same time, his research work

has made a significant contribution to the national history of Kazakhstan. T.Zhurgenov's research began to be published while studying at the Central Asian State University. In general, we can say that T.Zhurgenov will lay the foundation of the national science of Kazakhstan.

The representatives of Kazakh intelligent in Middle State university such as Khalel Dosmukhamedov, Koshke Kemengerov, Eldes Umarov, Mukhtar Auev, Dial Sarsenov, Turar Ryskulov, Isa Toktybaev, T. Zhurgenov, and others gave their contributions in development of cultural life of Kazakhstani people. Edited –publishing commission of Middle State university was held a great volume in creation of publishing press houses in republics of Middle Asia and Kazakhstan for popular issues of scientific popular journals and works. Served large jolt to development science and knowledge.

Keywords: Tashkent, Turkestan Central Executive Committee, Central Asian State University (SAGU), T.Zhurgenova.

Кіріспе. Жалпы адамзат баласы өткен тарихын жадында сақтап, одан сабақ алуы қажет. Республикамыздың Президенті Қ.Тоқаев 2021 жылы 5 қаңтарда «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласын жариялады. Онда тәуелсіздік алған отыз жыл ішіндегі саяси-экономикалық процестерге тоқтала келе, өткен ғасырда болған ашаршылық, репрессия сынды мәселелерді қайта қарауды атап көрсетті. Кеңес үкіметінің тұсында қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдай, қоғамда шектен шыққан үгіт-насихаттың арқасында зерттеушілерімізді қате пайымдаулар мен сыңаржақ тұжырым жасауларына итермеледі. Сондықтан да, Қазақстан тарихының кейбір күрделі кезеңдерін өзгертуге заңды құбылыс болмақ. Кеңестік тарих ғылымы танымал тұлғаларымыздың өмір жолдары мен ұлтына арнаған қызметтерін өмірге жанаспайтын ұғымдар тұрғысынан қарастырды, мұқият зерттеуге тыйым салды, ал зерттеле қалғандары сыңаржақ зерделеніп, тарихи шындық тұрғысынан бағалауға мүмкіндік бермеді. Сондықтан да танымал тұлғаларымызға қатысты тарих беттерін қайта қарастырып, әлі де болса қолданбай келген құжаттар арқылы жаңа да шынайы көзқараспен жазуымыз қажет. Сондай тұлғаларымыздың бірі де бірегейі Темірбек Жүргеновтің Кеңес үкіметі тұсындағы өмірі мен ғылыми-зерттеушілік қызметтерінің осы күнге дейін толық, арнайы түрде ғылыми тұрғыдан зерттелмеген тұстарын кешенді түрде ашып көрсету бүгінгі тарих ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Материалдар мен әдістер. Алынған құжаттар мен баспасөз материалдарында жарық көрген деректер негізінде Т.Жүргеновтің еңбектері пайдаланылды. Солардың бірі қарастырылып отырған кезеңдегі баспасөз жарияланымдарының мәліметтері баяндалды. Оған ең бірінші кезекте сол кезеңдері шығып тұрған «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттерінде Т.Жүргеновтің Қазақстандағы оқу ағарту мен мәдениеттің дамуы жайлы аса маңызды еңбектері келтірілген. Қазіргі таңда бұрынғы кезде тарихи зерттеу нысанына айналмаған тың құжаттық деректерді ғылыми айналымға ұсынған тарихшылар С.Тілеуқұлов, Ш.Оразымбетовтің дайындаған мұрағат құжаттары жинағында (Сборник документов и материалов, 2004: 276-б.) Т.Жүргеновтің қызметі туралы мәліметтер берілген.

Міне, бұл материалдар XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы Қазақстандағы оқу-ағарту мен мәдениеттің дамуын зерттеудің қажеттілігі мен ғылыми маңыздылығын артыра түседі.

Талқылау. Қазақстанның тәуелсіздік алуы отан тарихының жаңаша бағытта дамуына, тарихи ақтандықтардың ашылуына жағдай туғызды. Әсіресе, 20-30-жылдардағы еліміздегі жоғары білім беру мәселелері жөнінде және сол кездегі ұлттық мамандар мен қазақ зиялыларына байланысты ой-пікірлер мен ұстанымдар тарихнамада айналымға түсіп, тарихтанымдық көзқарастар туындады. Мәселен, академик М.Қозыбаевтың еңбектері тарих ғылымын бұрынғы догмалардан арылтып, мәдениет пен ұлт зиялыларының тарихын бұрмалаушылықтан арылтуда елеулі рөл атқарса (Қозыбаев М., 1992: 272-б.), алаштанушы

К.Нұрпейіс болса қазақ зиялыларының кеңестік дәуірдегі қоғамдық-саяси және мәдени салалардағы қызметін жаңа методологиялық арнада талдап, деректік негізде қарастырды (Нұрпейісов К. 1995: 256-б.). Профессор М.Қойгелдиевтің еңбегінде (Қойгелдиев М. 1995: 386-б.) мұрағаттық тың деректер арқылы қазақ зиялыларының қызметі жан-жақты баяндалып, сындарлы тұжырымдар жасалады және деректерге сүйене отырып қазақ зиялыларының тәлкекке ұшыраған тағдырын паш етіп, қайраткерлік қызметтеріне тоқталады. Х.Әбжановтың зерттеулері қазақ интеллигенциясының қалыптасуы және олардың республика экономикасының күш-қуатын арттыруға, мәдени тұрмысын дамытуға қосқан үлестері туралы баяндалады (Назарбаева Г., Әбжанов Х. 2003, 296-б.).

Сонымен қатар. А.Д.Өтеғалиева, Х.М.Тұрсын, Б.С.Иманғалиев және т.б. еңбектерінен Т.Жүргеновтің қызметтері туралы мол мәлімет алуға болады.

Зерттеу нәтижелері. XX ғасырдың 20-30-жылдарында Қазақ елінің білімі мен ғылымын және де жаңа социалистік мәдениетін қалыптастыруда Темірбек Жүргеновтің еңбегі ерекше. Ол 1918-1921 жылдары Торғай, Ырғыз, Ақмешіт өңірлерінде түрлі кеңес қызметтерін атқарды (Сборник документов и материалов, 2004: 276-б.). 1918 жылы Торғайда «Қазақ мұңы» газетінің жауапты хатшысы болып, 1920 жылы коммунистік партия қатарына өтті. 1921 жылы Темірбек Орынбордағы жұмысшылар факультетіне оқуға түсіп, оны 1923 жылы аяқтағаннан кейін, оқуын жалғастыру мақсатында Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің заң факультетіне түседі. Бұл кезде университет 2 мыңнан астам студенті және 370 профессор мен оқытушысы бар ірі оқу орнына айналған-ды (Назарбаева Г., Әбжанов Х. 2003: 296-б.). Сонымен бірге Қазақстандағы жоғары оқу орындарының құрылуы мен дамуы тікелей Ташкентте ашылған Орта Азия Мемлекеттік университетімен байланысты болды. Ол кезде Ташкент қаласы Түркістан Автономиялы Республикасының орталығы болатын. Оның жоғарғы басшылық орындарында халқымыздан шыққан белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожанұлы, С.Асфендияровтар Орта Азия мемлекеттік университетінің (САГУ) құрылуы мен қалыптасуына тікелей ықпал жасаса, 20-жылдары бұрынғы Алашордашылар Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, К.Кемеңгерұлы, Е.Омаров сынды тағы да басқа зиялылары дәріс берді (Еңсепов Б.Б. 2014: 420-б.).

Осы жоғары оқу орнында оқып жүрген кезінде Т.Жүргеновтің таланты ашылып, күллі Түркістанға танымал қайраткер дәрежесіне жетеді. Сол жылдарда бірнеше қызметті қатар атқару, мемлекет және шаруашылық мекемелерінің жұмысына жоғары оқу орындары мен техникумдарда оқитын, тәжірибелі, сенімді студенттерді тарту мамандардың жетіспеушілігінен туған бір үрдіс еді. Екінші семестрден бастап, Темірбек Жүргенов те университеттегі оқуынан қол үзбей жауапты қызметке 3-4 жыл қатарынан Қазақ АКСР-інің Түркістан Республикасындағы өкілетті уәкілі міндетін, соңғы курста Қазақ педагогикалық институтының ректоры қызметін қоса атқарды. Т.Жүргеновтің басшылығымен

педагогикалық институттың алғашқы бір жылдығының есебі жеке мақалалар жинағы болып жарыққа шығады.

Темірбек Қараұлы Қазақстан мен Түркістан Орталық Атқару комитеттеріне мүшелікке сайланды. Сонымен қатар, ол көптеген облыстық, республикалық, өлкелік мәслихаттар мен пленумдарға делегат ретінде қатысты. Сол кезеңнің басты мәселесі – Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік шекарасын межеллеу ісіне белсене араласып, Қазақстанның іргесін кеңейтуге және ұлттық жағынан тұтастануына студент болса да зор үлес қосты. Оқуды мемлекеттік және қоғамдық үлкен қызметпен қоса қабат жүргізу, болашақ заң қызметкерінің оқу үлгерімін одан әрі жақсартып, құқық, саяси экономика, тарих ғылымдарына шындап ден қойып, статистикалық, демографиялық зерттеулермен айналысуына көмектеседі. 1924 жылы Жүргенов өзінің «Орта Азия республикасында тұратын қазақтардың хал-жағдайы» атты тарихи-демографиялық очерктерін жариялап (Еңбекші қазақ, 1924), Орта Азиядағы қазақтардың тұрмыс-күйі мен мәдениетіне қатысты мәселелерді анықтауға арнайды. Жүргеновтің бұл еңбегінде Түркістан АКСР-інде тұратын қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен мәдени дәрежесіне жалпы сипаттама береді. Сондай-ақ қазақтардың қарақалпақтар, қырғыздар, өзбектер, түрікмендер және Орта Азияның басқа да халықтарымен этникалық және мәдени байланыстарын ашады. Соның ішінде автор бұл халықтардың құрамында ортақ рулар, ру бөліктері бар екендігін атап көрсетеді (Таңдамалы. Избранное, 2001: 266 б.). Университетте оқып жүріп-ақ, Т.Жүргенов баспасөз беттерінде көптеген зерттеулері мен мақалаларын жариялайды. Оның еңбектерінде қазан төңкерісі қарсаңындағы Орта Азия мен Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және демографиялық жағдайы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің алғы шарттары мен қозғаушы күштері, социалистік мәдениеттің дамуы туралы пікірлері қарастырылған. Мәселен, «1916 жылғы қазақтар көтерілісі кезіндегі қала мен ауыл» (Еңбекші қазақ, 1926), «Қазақ университетін құру жөнінде» (Советская степь, 1927), «Мектептің түрі, тілі туралы» (Еңбекші қазақ, 1927) деген еңбектері Т.Жүргеновтің зерттеушілік қабілетінің жоғары екенін көрсетеді.

1927 жылы ол Орта Азия мемлекеттік университетін үздік бітіріп, Қазақстан жерін әкімшілік-шаруашылық тұрғыдан аудандастыруға қатысты дипломдық жұмысы аса жоғары бағаланып, профессор Н.Н.Филатовтың алғысөзімен жеке кітап болып басылып шығады.

Т.Жүргенов Орта Азия мемлекеттік университетін бітірген соң, мемлекеттік құқық пәні бойынша сол университетке ұстаздық қызметке қалдырылады. Университеттен кейінгі екі жыл шын мәнісінде жемісті еңбек пен білім толықтыру жылдары болды. Республиканың ғылыми мен мәдениетінің келелі мәселелері оны бұрынғысынша толғандыра берді. Мемлекеттік жауапты жұмыстарда жүргенде де ғылыми қызметке қайта оралуды ойынан шығарған емес. 1928 жылы ол Қазақстанның алғашқы оқу орындарының студенттеріне Михайловскийдің «Саяси экономия» оқулығын қазақшаға аударды (Таңдамалы. Избранное, 2001: 267-б.). Аударманың сәтті шыққаны соншалықты, бұл оқулықты қазақ студенттерінің кең аудиториясы, ғылыми және творчестволық интеллигенция өкілдері ондаған жылдар бойы үздіксіз пайдаланады. Сонымен қатар, Жүргенов Орта Азия Мемлекеттік университетінде жүріп, өзінің аудармалары, мақалалары және кітапшалары арқылы қазақтың әдеби тілін дамытуға, ғылыми терминология жасауға көп үлес қосып, аударма ісінің практикасы мен теориясын байыта түсуге септігін тигізді.

Қорытынды. Темірбек Жүргенов халық ағарту, ғы-

лым және мәдениет мекемелерінің сан-салалы қызмет жасауына және еліміздің ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына негіз қалады. Темірбек Қараұлының ғылыми зерттеулері Орта Азия мемлекеттік университетінде оқып жүрген жылдары жарық көре бастады. Түйіндей келгенде, өткен ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Т.Жүргенов сынды тарихи тұлғаларға қазақ елі кенде болған жоқ. Олардың өмірі мен қызметі бүгінгі қазақ халқы үшін үлгі мен өнегеліліктің бағдаршамындай жарқырап тұра бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Еңсепов Б.Б. Т.Жүргенов және Қазақстан жоғары мектебі «Орта Азия мен Қазақстанның білімі мен мәдениетін дамытудағы Т.Жүргеновтің рөлі және рухани мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция материал.. Астана, 2014. 62-68-бб. ISBN 978601229501-6.

Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане // Сборник документов и материалов. – Шымкент: Южной-Казахстанский госуниверситет им. М.Ауезова, 2004. Ч.2. с 67.

Жүргенов Т. Орта Азия республикасындағы қазақ халқының күйлері // Еңбекші қазақ, 1924, 8 қазан.

Жүргенов Т. 1916 жылғы қазақ көтерілісінде қала мен ауыл арасындағы наразылық. // Еңбекші қазақ, 1926, 30 қыркүйек.

Жүргенов Т. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: Арыс, 2001. 275-б.

Жүргенов Т. Об организации казахского госуниверситета // Советская степь, 1927, 22 апреля.

Жүргенов Т. Мектептің түрі, тілі туралы // Еңбекші қазақ, 1927, 7 наурыз.

Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. 72-б.

Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. 386-б.

Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. 256-б.

Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих пен тағдыр, Алматы 2003, 228-229-бб.

REFERENCES

Yensepov B.B. «T.Jürgenov және Qazaqstan joғary mektebi» [Temirbek Zhurgenov and the higher School in Kazakhstan]. «Oрта Azia men Qazaqstannyñ bilimi men мәdenietin damytudaғы T.Jürgenovtiñ röli және ruhani mұrasy» atty halyqaralyq ғыlymi-tәjirbielik konferensia material.. Astana, 2014. 62-68 p. ISBN 978601229501-6. [in Kazakh].

Jizn i deiatelnöst predstavitelei kazahskoi nasonälnoi intelegensii v Turkestane [Life and activities of representatives of the Kazakh national intelligentsia in Turkestan] / Sbornik dokumentov i materialov. – Şymkent: Iujnoi-Kazahstanski gosuniversitet im. M.Auezova, 2004. Ch.2. 67 p. [in Russian].

Jürgenov T. Oрта Azia respublikasyndaғы qazaq halqynyñ küileri [The position of the Kazakhs in the republics of Central Asia] // Eñbekşı qazaq, 1924, 8 qazan [in Kazakh].

Jürgenov T. 1916 jylғы qazaq köterilisinde qala men auyll arasyndaғы narazylyq [Protests between towns and villages during the 1916 Kazakh uprising] // Eñbekşı qazaq, 1926, 30 qyrküiek [in Kazakh].

Jürgenov T. Tañdamaly. İzbrannoe [Favorites]. – Almaty: Arys, 2001. 275 p. [in Kazakh].

Jürgenov T. Ob organizasii kazahskogo gosuniversiteta [On the organization of the Kazakh State University]. // Sovetskaia step, 1927, 22 aprilä [in Russian].

Jürgenov T. Mekteptiñ türi, tılı turaly [About the type and language of the school] // Eñbekşı qazaq, 1927, 7 nauryz [in Kazakh].

Qozybaev M. Aqtañdaqtar aqiqaty [History of Kazakhstan: a blank spot]. – Almaty: Qazaq universitety, 1992. 72 p. [in Kazakh].

Qoigeldiev M. Alaş qozğalysy [Alash movement]. – Almaty: Sanat, 1995. 386 p. [in Kazakh].

Nürpeisov K. Alaş һәм Alaşorda [Alash and Alashorda]. – Almaty: Atatek, 1995. 256 p. [in Kazakh].

Nazarbaeva G., Äbjanov H. Qazaqstan: tarih pen tağdyr [Kazakhstan: history and destiny]. – Almaty, 2003, 228-229 p. [in Kazakh].

Досалы САЛҚЫНБЕК¹, Гүлжанар ШУЛАНБЕКОВА²,

¹т.ғ.к., профессор, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қаз ҰТЗУ,

e-mail: salkynbek.dosaly@mail.ru, Қазақстан, Алматы,

²т.ғ.к., доцент, Қазақ-Ресей медициналық университеті,

e-mail: gul.aidana@mail.ru, Қазақстан, Алматы

ҚАЗАҚ ҮКІМЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ ОРАЗ ИСАЕВ

Мақалада Кеңестік билік орнағаннан кейінгі билік саласының бір саласы, Қазақ үкіметін басқарған Ораз Исаяевтың қызметіне талдау жасалған. Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.Голощекиннің кезінде онымен бірге республикадағы әлеуметтік-экономикалық және саяси істерге басшылық жасаған О.Исаяевтың тарапынан жіберілген саяси қателіктер талдана отырып, оның өткен ғасырдың отызыншы жылдарында елімізде орын алған зұлмат аштық пен саяси қуғын-сүргінге де жауапты екені кеңінен ашып баяндалады.

Кілт сөздер: қуғын-сүргін, саяси қателік, бұрмалау, орталықтың қолшоқпары, мансапқорлық, ұлт мүддесіне қарсылық, тарихи әділеттілік.

Dosaly SALKYNBEK¹, Gulzhanar SHULANBEKOVA²,

¹candidate of historical sciences, professor, e-mail: salkynbek.dosaly@mail.ru,

KazNRTU named after K.I.Satpayev, Kazakhstan, Almaty,

²candidate of historical sciences, associate professor, e-mail: gul.aidana@mail.ru

Kazakh-Russian Medical University, Kazakhstan, Almaty

CHAIRMAN OF THE KAZAKH GOVERNMENT ORAZ ISAYEV

The article analyzes the activities of Oraz Isayev, who headed the Kazakh government, one of the branches of government after the establishment of Soviet power. Analyzing the political mistakes made under the first secretary of the Kazakh regional committee of the party F. Goloshchyokin by O. Isayev, who together with him led the socio-economic and political affairs in the republic, it is widely disclosed that he is also responsible for the famine and political repressions that took place in our country in the thirties of the last century.

Keywords: repression, political mistakes, distortion, henchman of the center, careerism, contradiction to the interests of the nation, historical justice.

Досалы САЛҚЫНБЕК¹, Гүлжанар ШУЛАНБЕКОВА²,

¹к.и.н, профессор, e-mail: salkynbek.dosaly@mail.ru,

Каз НТИУ им. К.И. Сәтпаева, Казахстан, Алматы,

²к.и.н, доцент, e-mail: gul.aidana@mail.ru,

Казахско-Российский медицинский университет, Казахстан, Алматы

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КАЗАХСКОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА ОРАЗ ИСАЕВ

В статье анализируется деятельность Ораза Исаяева, возглавлявшего казахское правительство, одной из ветвей власти после установления советской власти. Анализируя политические ошибки, допущенные при первом секретаре казахского крайкома партии Ф. Голощекине со стороны О.Исаяева, который вместе с ним руководил социально-экономическими и политическими делами в республике, широко раскрывается, что он также ответственен за голод и политические репрессии, которые произошли в нашей стране в тридцатые годы прошлого века.

Ключевые слова: репрессия, политические ошибки, искажение, ставленник центра, карьеризм, противоречие интересам нации, историческая справедливость.

Кіріспе. 2020 жылдың 30 мамыры күні Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеу жариялап, тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды тапсыруы – тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы маңызды іс-шараның бастамасы болған еді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен, мемлекеттік комиссия құрылып, қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жұмыстары басталып кетті. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары барысында кеңестік тоталитарлық жүйеге қызмет етіп, өз халқының ұлттық

құндылықтарына қарсы күрес жүргізген кеңестік «жалынды қайраткерлерді» де ұмытпауға тиіспіз!

Кеңестік кезеңдегі билік тармақтарының бір саласы Халық комиссарлар кеңесі (1920-1946 жж.) болды. ХКК заңдық, әрі өз билігі шегіндегі әкімшілік және атқарушы орган еді. Төраға басқарған ХКК-нің қолына үкімет билігі шоғырландырылды. Тарих беттерін парақтап қарасақ, кеңестік кезеңдегі Қазақстан үкіметін небір жақсылар мен жайсаңдар басқарған екен. Дегенмен де, олардың арасында қоғамдық-саяси қызметі қарама-қайшылыққа толы қайраткерлер де бар. Солардың бірі – Қазақстан үкіметінің төрағасы лауазымын атқарған Ораз Исаяев.

Ораз Жанұзақұлының өз қолымен толтырған өмірбаяндық жазбасы бойынша, ол 1899 жылы Батыс Қазақстан облысы Ілбішін ауданы (Қазіргі Ақжайық ауданы) Қарасу болысында дүниеге келген. Әкесі Жанұзақ Орынбор облысы, Крснохолм ауданындағы орыс казактарының жалшысы болып жұмыс істеп, 1913 жылы қайтыс болған. Алты жасынан бастап, мешіт жанындағы мектепке барған О.Исаев 1908 жылы Өріктал-Жұбанышкөл орыс-қазақ училищесіне оқуға түседі. Одан кейін Қарасу-Шалқар екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне оқуға түсіп, оны 1915 жылы бітіріп шығады. Бұдан кейінгі жылдары өз ауылындағы бір атқамінердің хат тасушысы, шабарманы болып жұмыс істейді. Буырқанған саяси оқиғалар қарсаңын: *“Ақпан революциясын 17 жасымда қарсы алдым. Бұл жылдары елде болып жатқан саяси жағдайдың мән-мағынасын онша түсіне бермедім. Алашорданың ешқандай жұмысына қатысқам жоқ”,* – деп жазады. 1919 жылы наурыз айында Қызыл армия бөлімдері Ілбішін қаласын алғаннан кейін өзінің жолдастарымен бірге Кеңес өкіметі жағына шығып, Ілбішін уездік милиция бөлімінде жұмыс істейді. 1920 жылдың маусым айында БК(б)П-ға мүшелікке кандидат, 1921 жылдың маусым айынан БК(б)П мүшесі болып қабылданған О.Исаев бұдан кейінгі жылдары өлкедегі кеңестік билікті орнатуға белсене қатысып, 1921 жылы Орал губерниялық төтенше комиссиясының уәкілі, 1922 жылы БК(б)П Орал губерниялық партия комитетінің жауапты хатшысы, 1923-1924 жылдары Жымпиты қаласында уездік партия комитетінің хатшысы лауазымдарын атқарса, 1924 жылы ҚазОАК-тың жауапты хатшысы болып сайланып, осы лауазымда 1925 жылы өткен жалпы қазақтың V өлкелік кеңестер съезіне дейін жұмыс істейді. V өлкелік партия конференциясында өлкелік партия комитетінің алқа құрамына сайланады. 1925 жылдың қазан айынан бастап БК(б)П Қазөлкекомның ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісінің орынбасары, артынан меңгерушісі, кейіннен өлкелік партия комитетінің екінші хатшы лауазымдарында жұмыс істеді. Өзінің партиялық ауытқушылығы жөнінде: *“V өлкелік партия конференциясына дейін (1925 жылдың күзі) қазақ ұйымы ішіндегі “солшыл” топшылықта болып, белсенді жұмыс істедім. Байшыл, оңшыл, ұлтшыл саясатқа қарсы күресуге бар күшіммен дайын болдым, бірақ, партияшыл түрде, партия өлшемінде күресе алмадым. Топшылдыққа ұрынып, сол кездегі “көсемдердің” солшыл сөздерінің соңынан еріп кеттім. Бұл менің қателігім болатын. Ол қателіктерден қазіргі уақытта түзелдім”,* – деп жазады [1].

Зерттеу нәтижелері. Қазақ кеңестік социалистік республикасының қалыптасуының алғашқы кезеңінде үлкен жауапты лауазымды қызметтерді атқарған О.Исаевтың саяси қызмет жолы күрделі әрі қарама-қайшылықты. Өткен ғасырдың 20-30-жылдарындағы қайнаған саяси тартыстың қақ ортасынан О.Исаевты көреміз. Оның сол кезеңдегі ірі жауапты қызметтерді атқаруы бұл саяси-тартыстан алшақ болуына мүмкіндік бермегені белгілі. Бүгінгі күні біз үшін ол халқымыздың болашағы жолындағы сол бітіспес саяси күрестің қай жағында болды деген мәселе маңызды болып отыр.

1925 жылдың тамыз айында кеңестер елінің бас хатшысы И.Сталин қазақ елінің басшылығына өзінің қолшоқпары “ұр да жық” Ф.Голощекинді тағайындады. Бұған дейін де Қазақстандағы партия, кеңес басқару

органдарының билік тармақтарында еуропалық ұлт өкілдерінің басым болуынан шовинистік саясат үстем алып, жергілікті халықтың өсіп-өркендеуі жолындағы ұлттық саясаттың жүргізілуі барынша тежеліп отырған елімізге Ф.Голощекиннің келуі еліміздегі саяси жағдайды тым күрделендіріп жіберді. Өйткені, Ф.Голощекин Қазақстанға келе салысымен қазақ қайраткерлерінің арасындағы әр түрлі жағдайларға байланысты туындаған алауыздықтарды өзінің жеке мүддесіне қарай шебер пайдаланып, оны одан әрі қолдан қоздыра түсті. Өкінішке орай, «ұлтшылдармен», «топшылдықпен» күрес ұраны аясында, халқымыздың ұлттық құндылықтарына қарсы және халқымыздың ұлттық мүддесі жолында тер төгіп жүрген қайраткерлерімізге қарсы күресте Ф.Голощекин жалғыз болған жоқ. Оған қазақтар арасынан “одақтастар”, “жақтастар” табу қажет еді. Саяси аяласы бір басынан жетіп артылатын Ф.Голощекин оның да ретін тапты. Ұлт мүддесі жолындағы күресте өзіне қарсы шыққан қазақ қайраткерлерін қуғындап қызметінен алса, керісінше өзінің сөзін сөйлеп, жақтасына айналған партиялық, кеңестік билік басындағы “лениншіл қырағыларды” көтермелеп, үлкен лауазымдарға тағайындады. Яғни, Ф.Голощекиндік «аласапыран» жылдарындағы елімізде орын алған барлық қарама-қайшылықтар мен келеңсіздіктерге, халқымыздың жартысына жуығын қырған зұлматқа бір ғана Голощекин жауапты емес.

Ұлттық мемлекет құру, жергіліктендіруді жүргізу, ұлттық мәдениет пен әдебиетті өркендету және тағы да басқа ұлтымыз үшін өмірлік мәні зор тайталастарда ұлтжанды қайраткерлеріміз бен Голощекиндік топ арасындағы күрес барысында мәселенің ара жігі айқындалып, одан әрі шиеленісе түсті. Осы екі топ арасындағы болған күрес барысындағы О.Исаевтың саяси қызметін талдап, тарқатып көрейік.

1925 жылы желтоқсан айында өткен V өлкелік партия конференциясында жасаған баяндамасында Ф.Голощекин: *“Қазақ ауылында кеңес өкіметі жоқ”, «Ауыл таптық күрестің лебін сезген жоқ»* деген секілді лепірме сөздерге ерік беріп, осы уақытқа дейінгі Қазақстанда жасалған іс-әрекеттерді жоққа шығара отырып, алдағы уақытта Қазақстанда жасамақшы “үлкен төңкерісінің” шетін шығарып кеткен еді. Сондай-ақ, осы конференцияда Қазақстанда “белең алып тұрған топшылдықпен күрестің голощекиндік” әдіс-тәсілдері белгіленіп, партиялық ұйымдардағы тәрбиелік жұмыстар бағыты айқындалды.

Ф.Голощекин және оны қолдаған “шолақ белсенділер” мен ұлт қайраткерлерінің арасындағы саяси күрестің айқын көрінісі “Сырдария ісі” болды. Бұл оқиға шын мәнісінде сол кезеңдегі бүкіл ұлтжанды қайраткерлердің қоғамдық-саяси өмірінде терең із қалдырып, алдағы саяси күрестің негізгі бағыттарын айқындап берді. Бұл саяси күрес қазақ халқының өмірлік мұралары жер мәселесінен, жергіліктендіруді жүзеге асырудан, ұлттық саясатты жүргізуден айқын көрініп, ұлтжанды қайраткерлер мен голощекиндік топтың арасындағы бітіспес күреске ұласты. Сырдария губерниясындағы партия ұйымының басшысы мен губерниялық атқару комитетінің арасында болған “Сырдария ісіндегі” ұлы державалық шовинизмге қарсы күресті Голощекин және оны қолдаушылар: *“Сырдария мәселесі бойынша шу көтеріп, онда жанжал туғызу, ондағы мақсат оны Өлкекомға аударып, Өлкеком арқылы*

жалпықазақтық талқылауға салу, бюроның құрамын өзгертуге қол жеткізу”, – деп баға берген болатын. Және “Сырдария ісін” партия конференциялары мен пленумдарында үздіксіз қайталаумен ұлтжанды қайраткерлерді “топшылдықпен” айыптауда тілдеріне тиек етті [2]. 1926 жылы 13 қыркүйек күні болған БК(б) П Қазақ өлкелік партия комитетінің күн тәртібіндегі алқа мәжілісінде “Сырдария ұйымындағы жағдай туралы” мәселе қаралады. Мәжілісте Ф.Голощекинді барынша қолдап сөйлеген О.Исаев аянып қалмай, өз сөзінің біраз бөлігін қайраткер Смағұл Сәдуақасовты айыптауға арнап, оның мәжіліс барысында айтқан ойларын сынға алды. Қазақстанның ілгері дамуына кедергі келтіріп отырғандардың бірі ретінде С.Сәдуақасовты көрсетуге тырысқан ол: *“Жолдас С.Сәдуақасов Шаян мәселесін Сырдария ұйымының жалпы мәселесімен бірлестірмей, оны жеке қарау туралы айтты. Одан соң жолдас Сәдуақасов үшін Қазақстанның ілгері немесе кері кетіп бара жатқаны әлде орында тұрғаны түсініксіз. Бұл мәселеде сіз пионер емессіз, бұл мәселе бұрын да болған, қазір де тұр «Оның іс жүзіне асырылуына кедергі келтіріп отырған Бюро мүшелерінің бірі сіз жолдас Сәдуақасов», – дей отырып, Сырдария губерниясында орын алып отырған ұлтаралық қарым-қатынасты жоққа шығарумен бірге: “Былайша айтқанда Сырдария ұйымы, Қазақстандағы ең ескі топшылдардың ішіндегі топшылдықтың әкесі болып табылады. Және осы қазақтардың топшылдары болып табылатын губерния, тағы да бір нәрсені дайындауға әрекет жасады. Бірақ, ешнәрсе шықпағанның, енді олар барлығын ұлттық жағдайға аудара салмақшы. Жолдастар, бұл іске аспайды, бұнда ешқандайда ұлттық мәселе жоқ. Бұл – дайындық, бұл – алдын алу. Біз, бұрындары жеті жыл езгіде, диктаторлық тағы да басқа дегенді естігенбіз. Бұл Сырдария губерниясында кездейсоқ болған жоқ. Бұл дайындықпен болған. Бірақ іске аспады және қайдағы бір ұлттық одан әрі жалпықазақтық мәселеге аудару әрекеті де іске аспады. Менің ойымша өлкелік бақылау комиссиясының, Өлкекомның бұл мәселе бойынша шешімі дұрыс және онымен келісу керек”, – деп губернияда орын алып отырған шовинистік әрекеттерді жоққа шығарды. Оның бар екенін айтқан қайраткерлерді, ұпай жинаудың әрекеті деп қағытып өтті. Топшылдық жөніндегі голощекиндік өлкелік бақылау комиссиясының шешімін қолдайтындығын білдірді [3].*

Бұдан кейінгі жылдары халқымыздың ұлтжанды қайраткерлері мен голощекиндік топ арасындағы саяси күрес одан әрі шиелінісіп, оның арты голощекиндік топ тарапынан арсыз аярылыққа, жалған қаралауға, жаулықты әрекетті қолдан өршітуге ұласты. Мәселен, 1926 жылы қараша айында Қазақ өлкелік партия комитеті мен Өлкелік бақылау комиссиясының біріккен пленумы болды. Пленумда “Ішкі саяси жағдай туралы” деген тақырыпты негізгі баяндама жасаған Ф.Голощекин Қазақстандық партия ұйымында қалыптасып отырған “жікшілдікті” сынаған болып, өзінің қарсыластары, қазақтың ұлтжанды қайраткерлері Сұлтанбек Қожанов, Жалау Мыңбаев, Смағұл Сәдуақасовтарға бар кінәні аударып, Қазақстандағы кеңестік құрылыстың ілгері дамуына барынша кедергі келтіріп отырған “жікшілдердің көсемі” етіп көрсетуге барын салды. Осы пленумда Голощекин ұлтжанды қайраткерлерді қаралауға

бағытталған “көпірме” сөздерінде “Сырдария ісін” тағы да тіліне тиек етіп, Қазақ қайраткерлері тарапынан айтылған объективті пікірлер: Голощекин басқарған өлкелік партия комитетінің ұлттық саясатты дұрыс жүргізбеуі, жергіліктендірудің дұрыс жүргізілмеуі, Ресейден орыс шаруаларын қоныс аударудың тоқтатылмауы, Қазақ халқын жерге орналастырудың жүргізілмеуі және тағы да басқа халқымыздың ұлт ретінде дамуындағы аса маңызды әлеуметтік-экономикалық және саяси шараларға теріс мағына берді. Ұлт мүддесін, ұлы орыстық өктемшілдіктен қорғауға бағытталған пікірлердің барлығы да “топшылдықтың”, “жікшілдіктің” әрекеті ретінде бағаланды. Пленумда Голощекин бұл кезде Москвада жүрген С.Қожановпен Қазақстандағы Ж.Мыңбаев, С.Сәдуақасовты “топшылдардың ұраншысы” ретінде байланыстырып, оларды қолдан біріктіріп, “тамыз блогы” деп атады. Ал, бұл блоктың негізінде не жатыр деген сұрақты өзіне-өзі қойып: *“Біріншіден, европалықтарға қарсылық, Орталық комитеттің жіберген қызметкерлерін отарлау деп бағалау, екіншіден, беріліп кеткен Исаев, Құрамысовтарға қарсылық, бұл Нұрмақов сынды либералдарға қарсылық. Олар, қандай ұрандармен шабуылдауда? Бірінші ұраны Қазақыландыру, екінші Сырдария мәселесі бойынша шу көтеріп, онда жанжал туғызу, ондағы мақсат оны Өлкекомға аударып, Өлкеком арқылы жалпықазақтық талқылауға салу, Бюроның құрамын өзгертуге қол жеткізу”, – деп жауап береді [4].*

Голощекин тарапынан “Сәдуақасовшылдыққа” және тағы да басқа “шылықтарға” қарсы күрес басталғанда, екіншіше орай, ол жалғыз болған жоқ. Қазақстандағы билік тармақтарының жайлы орындарына орналасып алған европалық өкілдерді айтпағанның өзінде, өзіміздің “шолақ белсенділер” де ұлтжанды қайраткерлерге қарсы шибөрідей шулап, тас лақтырып жатқан болатын. С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Ж.Мыңбаев, Ы.Мұстамбаев, Ж.Сұлтанбеков және тағыда басқа қайраткерлердің Қазақстанда социалистік құрылысты жүргізу барысында ұлт мүддесін алға қойған іс-әрекеттері теріс мағынада оңды-солды бұрмаланды. Мәселен, Голощекиннің соңынан ерген оның тағы бір “ізбасары” О.Исаевтың партия пленумдары мен конференцияларда айтқан пікірлері Голощекинмен жүз пайызға үндесіп жатты. Ол: *“Мен енді Сәдуақасовшылдықпен үлкен принциптік негізде келісу мүмкін емес кейбір мәселелерге өтейін. Біріншіден, жергіліктендіру халқында. Олар оны іс жүзінде неге айналдырмақшы? Олар жергіліктендіруді басшылықты тартып алу әдісі мен құрамына айналдырмақ, сөйтіп Мәскеудің пролетарлық партиялық басшылығынан жалт бермек. Олар біздің одақтың орталығы – біздің кеңестік Мәскеуді нағыз метрополия орталығындай көреді. Сонымен де олар қазақ байларының идеологиясы мен талабын білдірушілер”, –* деумен ұлттық республикалардың саяси-экономикалық дамуына таптық тар мағынадағы түсінікпен қарап, оның өрлеуі жолындағы айтылған қазақ қайраткерлерінің оң пікірлерінің іске асуына өз залалын тигізумен қатар, халқымыздың ұлтжанды қайраткерлеріне орынсыз ауыр айыптар тақты [5].

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақтың ұлтжанды қайраткерлері мен Голощекин және оны қолдаған Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйе арасындағы өткір қарама-қайшылықтың себептерін

айқын ашатын, сондай-ақ Қазақстанның саяси жағдайынан мол хабар беретін сол кезеңдегі ірі партия қайраткері, Сталиннің бітіспес қарсыласы болған Л.Троцкий 1927 жылы 11 наурызда Григорий Сокольниковке жазған хатында Голощекинге қарсы екі қазақ коммунистімен әңгімелескенін және олардың ой-пікірлерін баяндайды. Онда: Қазақстан аймағының артта қалғандығы, Қазақстандық партия қайраткерлерінің РКФСР мекемелеріндегі басшылық қызметтерінің сезілмейтіндігі, жергілікті қазақ халқының мүддесі ескерілмей орталықтың қоныс аудару саясатын жүргізуі, жергілікті ұлттық мамандар өсіп-жетілмеген деп орталық өз мамандарын жіберуі, жергілікті байларды қолдап отыр деп, ұлттық кадрларды айыптау, Голощекиннің нақты айқындалған іс-шараларсыз “Қазақстан мен кіші қазан бойынша жүріп өту” туралы айтуы секілді маңызды мәселелер қозғалуымен қатар, Қазақ коммунистерінің арасындағы бөлінушілік жөнінде: «Қазақ коммунистерінің арасында үш топ бар: біріншілері Голощекин төңірегіндегілер, бұлар барлық уақытта және барлық мәселе бойынша жоғары жақтың айтқанын бұлжытпай орындаушылар; екіншілер – “солшылдар”, оларда Голощекинді қолдаушылар, бірақ менің түсінігімше азда болса тәуелсіздер; үшінші – “оңшылдар”, оған менің әңгімелесушілерім жатады, алайда “солшылдар” кейде, “оңшылдарға” қосылып кетіп жатады», – деп жазған болатын [6].

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ халқының қаралы кезеңі Ф.Голощекин есімімен байланысты екені белгілі. Ол Қазақ жеріне арнайы орталықтың тапсырмасымен келіп, әкімшіл-әміршіл тоталитарлық билік жүйесін орнатты. Таптық күрес, интернационализм ұрандарын бетперде еткен оның басты қаруы халқымыздың ұлтжанды қайраткерлеріне бағытталды. Жан-тәнімен қазақ автономиясының ұлттық автономия болып дамуына қарсы күрес жүргізді. “Ұлтшылдармен” күрес аясында, халқымыздың ұлттық құндылықтарына қарсы озбырлық әрекеттер жасады. Ф.Голощекин Қазақ жеріне аяқ басқаннан кейін-ақ Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды қазақ зиялыларына да қарсы күресін бастап, ол тұлғаларға қара күйе жағу, жалған айыптармен айыптау, қудалау ісін жүргізген болатын. 1928 жылдың аяғы 1929 жылдың бас кезінен бастап, Қазақстанның барлық аймақтарында күрделі жағдай қалыптасты. Бұл күрделі жағдай саяси тұрғыдан алғанда Алаш қайраткерлерінің әртүрлі жалаларымен жаппай қуғын-сүргінге ұшырап, қамауға алынуынан көрінсе, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қазақ ауылдарын жайлаған алапат аштықтан көрінді. Міне осындай алмағайып кезеңде билік тармақтарының басында отырған О.Исаев секілді “шолақ белсенділердің” асыра сілтеп, өз халқына қарсы тас лақтырып, мәселені одан әрі ушықтырып, отқа май құйғандардың бірі болғанын қалай жасырамыз?

Республикамызда қалыптасқан күрделі әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани-мәдени салалардағы сын сағат кезеңінде, яғни 1929 жылы сәуір айында оған дейінгі Республикамызда жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша пікір қайшылықтары мен келіспеушіліктерге байланысты халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Нығмет Нұрмақов орнынан алынып, Мәскеуге оқуға жіберіледі де, соған дейінгі уақытта “ұлтшылдар”, “топшылдарға” қарсы күресте өзін үнемі қолдап келген

О.Исаевты, Голощекин Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы етіп бекітті. Жалпы республикамызда орын алған алапат аштық, соның салдарынан халқымыздың жартысына жуығы қаза болып, орны толмас зор қайғылы жағдайдың орын алуына бүкіл кеңестер елінде әкімшіл-әміршіл жүйе орнатқан И.Сталин және оның Қазақстандағы «қолшоқпары» Ф.Голощекин тікелей жауапты. Десек те, бар кінәні осы екеуіне аударып, “жылы-жұмсақ” жауып қоя салуымыз қалай болады? Осы орайда, белгілі тарихшы ғалым Талас Омарбеков ағамыздың: “Одан бұрын “кім кінәлі” дегенге келейік. Әрине, Сталин мен Голощекинді кінәлап құтыла салуымызға болады. Бірақ, «2 миллионнан астам қазақты сол екеуі қырып тастады» деген ақылға кірмейді ғой. Шынын айту керек, сол науқанға атсалысқандардың ішінде ашаршылық кезінде ел басқарған, министр, нарком болған, ана екеуінің бұйрығын еселендіре орындап, соған қосымша заңдар шығарып отырған, “керемет мемлекет қайраткерлері” деп, қазір көшеге атын беріп қойған ағаларымыз да бар. Солар қазақтың табалдырығында аштан қырылып жатқанын көріп отырып та ештеңе дей алмады”, – деген пікірі көптеген ащы шындықтың бетін ашды [7]. 1929 жылы желтоқсан айында өткен БК(б) П Өлкелік комитетінің V пленумының қарарында “егін шаруашылығы сияқты, мал шаруашылығын да жедел ұжымдастыруда ынталандыру” қажеттілігі атап көрсетілді. ҚазАКСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы О.Исаев республикадағы халық шаруашылығын дамытудың бес жылдық жоспары жөнінде жасаған баяндамасында “республикадағы егіс алқабы мен өсімдік шаруашылығын кең көлемде ұлғайтудың бір саласы-қазақ халқының отырықшылануы” деген болатын. Былайша айтқанда республиканың мал шаруашылығымен айналысатын аудандары өнеркәсіптің пайдасы үшін астық өндірісін барынша ұлғайтудың ештеңемен негізделмеген мемлекеттік саяси бағытымен соқтығысты. Осы кезден бастап, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды жедел әрі жаппай отырықшылыққа көшіру, көшпенділерді егіншілерге айналдыру бағыты қолға алынды. Ұжымдастыруды жүргізу жылдары қазақ халқының жартысына жуығының аштан қырылуына ең бірінші кезекте қазақ халқының қолындағы күн-көріс малынан айырылуы себеп болған болса, сол мал шаруашылығының апатты жағдайға ұшырауына Голощекин мен оны қолдаған билік басындағы топтың қазақ халқының аузынан жырып алып, есепсіз ет өнімдерін орталыққа жөнелтуі, дайындықсыз жем шөп пен қамтамасыз етпей көп мөлшерде малдың колхоздарға жиналуы мал шаруашылығын зор апатқа ұрындырған еді. Және олар өздерінің көрсоқыр саясатының салдарынан мал шаруашылығының апатты жағдайға ұрынғанын жасырып бақты. Мұнымен қоса, Голощекин мен оның “көмекшілерінің” Мәскеуден берілген тапсырмаларды асыра орындау мақсатындағы ет, астық, мақта, жүн өнімдерінің жоспарын жылдан-жылға көбейте түсуі де, халықты әбден титықтатты. Тіпті, астық өндірумен айналыспайтын аудандардың өзіне астық салығы салынғанын көрсоқырлық демей не деуге болады?

1930 жылы Ф.Голощекин басқарған өлкелік комитет ет дайындау жоспарына байланысты республикадағы мал санын анықтау мақсатында арнайы комиссия құрады. Бұл комиссияны үкімет төрағасы О.Исаев басқарды. Комиссияға ҚазАКСР жабдықтау халық

комиссариатының бөлім бастығы Зейнулла Төреғожин республикада қалған мал саны шамамен төрт жарым, бес миллион дегенге мәлімет бере отырып: *“дәл қазіргідей мөлшерде мал дайындау саясатын жалғастыра берсек, республика мал шаруашылығы бұған төтел бере алмас”,* – деп мәлімдеді. 1930 жылдың өзінде-ақ шамамен бес миллиондай ғана мал басы қалды деп, батыл түрде, дабыл көтерген азаматтың пікіріне құлақ түру былай тұрсын, қайта оған қарсы баспасөз бетінде, партия пленумының қарарларында негізсіз айыптар тағылып, оны қолдағандарға *“төрегожиншілдік”* деген *“айдар”* берілді. З.Төреғожин туралы *“Большевик Казахстана”* журналы былай деп жазды: *“Баланста оңшыл оп-портунистік, механикалық методологияның түпкі мәні, теориялық дәрменсіздік, маркстік-лениндік диалектиканы мүлдем түсінбеушілік айқын көрініс тапқан. Автор мал басы есебінің азайып беткендігін бетке ұстаған. Бұл соңғысы-факт. Бірақ арам уклонист бұл фактіден басқа неғұрлым маңызды экономикалық және саяси өзгерістерді... социализмнің шын өсіп келе жатқандығын көрмеді”* [8]. Осындай негізсіз айыптаулар мен қуғындаулардан кейін З.Төреғожин қызметінен алынып, Алматы облысына совхоз директоры қызметіне жіберілді. Ал, О.Исаев басқарған комиссия елімізде 14-15 миллион мал басы бар деген қорытынды жасаған. Голощекиндік өлкелік комитет олардан да асып түсіп, Қазақстанда 21 млн мал басы бар деп мәлімет береді [9]. Сол кезеңдегі үкіметті басқарып отырған О.Исаевтың З.Төреғожин секілді мал шаруашылығының апатты жағдайға ұрынғанын көрмеуі мүмкін емес. Олар тарапынан елде болып жатқан ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайға шынайы талдау жасалмады. Аштан, суықтан өліп жатқан малдың басын сақтап қалу, мал басы арқылы Қазақ халқының өзін сақтап қалу үшін ешқандай да нақты жағдайлар жасалған жоқ. Көпірме жалған ұрандармен қазақ ауылдарын ұжымдастыруды жүргізуді одан әрі жалғастырып, халықтың аштыққа ұрынуын тереңдете түсті. Мұрағат құжаттарында өлкекомды басқарған Ф.Голощекиннің атына ашаршылыққа ұшыраған аудандардағы Қазақ халқының ауыр жағдайын баяндап жазған хаттардан басқа, ҚазХКК төрағасы О.Исаевтың атына әр аймақтан жазылған хаттар жеткілікті. Сол шырылдап, көмек сұрап жазғандарға нендей көмек көрсетілді? Мәселе сонда болып отыр! Бұл кезеңде, үкіметтің төрағасы О.Исаев, Голощекинді қолдап, қолпаштап, оның айтқандарына бас шұлғудан басқа ештеңе бітірмеді. Шен-шекпен қуған мансап деңгейінен шыға алмай, өзінің азаматтығын көрсете алмады. Үкімет төрағасы ретінде голощекиндік озбырлықтың, бұрмалаушылықтардың бет-пердесін ашып, миллиондаған аштыққа ұшыраған қазақтарды құтқарып қалуға мүмкіндігі болды. Мүмкіндігі болмаған күннің өзінде, өз халқының алдында өзінің азаматтық арын сақтап қалар еді.

Қазақтың ұлт зиялыларына қырғидай тиіп, қудалауға қатысқан және олардың еңбектерін түкке тұрғысыз еңбек ретінде сынаған, олар туралы жағымды пікір білдірушілердің еңбектерін де жерден алып, жерге салғандардың бірі О.Исаев еді. Алаш қайраткерлерінің алды 1931 жылы атылып, қалғандары 10 жылға сотталып кеткеннен кейін де, ол қайраткерлерге қарсы *“пәрменді”* күрес жүріп жатты. 1932 жылы қаңтар айында өткен БК(б)П өлкелік партия комитетінің пленумында О.Исаев Ахмет Бай-

тұрсынұлының еңбектеріне тағы да шүйлігіп, Ғ.Тоғжановтың А.Байтұрсынұлы туралы жазғандарын сын тезіне алып: *“Бұл жерде сынды өрістете отырып, жүз процент әшкерелеп, ешқашан белгі қалдырмауымыз керек. Қазақ жастарын Байтұрсынұнов идеологиясына қарсы тәрбиелеуіміз қажет”,* – деген болатын [10]. Қазақстанда индустрияландыруды жүргізу кезінде оның бірыңғай шикізаттық бағыт алынғаны белгілі жағдай. Қазақстан экономикасын шикізаттық базадан құтқарып, дайын өнімдерді шығаратын дамыған индустриалды елге айналдыруды арман еткен С.Сәдуақасов сынды қайраткерлердің ой-пікірін сынға алған бұл кезеңде үкімет төрағасы О.Исаев Мәскеулік пролетариаттың алдына құлша жүгініп: *“егер мүмкіндік болатын болса, біз бүгінгі таңда ұлттардан ірі кәсіп пролетариатын жасауды қоя тұрып, алдымен Иваново-Вознесенск, Мәскеу, Ленинград пролетариаттарын сақтауды артық көреміз”,* – деген болатын [11]. Нәтижеде, осындай шолақ ойлы пікірлердің салдары Қазақстан экономикасын тығырыққа тіреп, одақтас республикалардың ішіндегі артта қалған дотациялы, аграрлы елге айналдырды.

Тақырыбымыздың өзегі халқымыз алапат аштыққа ұшыраған кезеңдегі Қазақстан үкіметін басқарған О.Исаевтың тұлғалық және саяси қызметі жөнінде болып отырғаннан кейін, тарихи еңбектерде жиі айтылып жүрген О.Исаевтың КСРО-ның басшыларына жазған хаттарына да назар салып көрсек. Алғашқы хат 1932 жылдың мамыр айында КазАКСР қаржы халық комиссары М.Орымбаев екеуі бірлесіп КСРО Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Молотовтың және жауапты тұлғалар: Сулимов, Гринько, Яковлеваның атына жазылған. *«Егін шаруашылығының бұзылуы, шаруалардың басқа аймақтарға көшіп кетуі салдарынан туындап отырған іс-шаралар туралы»* деп аталатын бұл баяндамалық жазбада: Қазақстанның барлық аймақтарында егіннің бұзылуының салдарлары, ауыл тұрғындарының азық-түлік саласындағы ауыр жағдайы, оларға көмек ретінде азық-түлікпен қатар бюджеттен қаржы және кредит бөлінгені, егін шаруашылығының бұзылуын пайдаланған кулақбайлардың үгіт-насихатынан кейін 1931 жылдың аяғы 1932 жылдары шаруалардың Республиканың басқа аймақтарына көшіп кетуі, мал санының кеміп кетуін жете бағаламау, сынды мәселелерді баяндай отырып, 1932 жылдың үшінші және төртінші тоқсаны бойынша ауыл шаруашылығы өнімдеріне төленетін төлемдерді азайтуды, колхоздар мен МТС-тың қарыздарын өтеуді 1933 жылдың өнімдеріне дейін тоқтата тұруды, бұрын көшіп кетіп, енді қайта оралып жатқан шаруашылықтардың салық төлемдерін өтеуге мүмкіншілігі жоқтығын ескеріп, бұрынғы салық төлемдерін кешіруді сұрайды [12]. Бұл баяндамалық жазбада баудай қырылып жатқан Қазақ халқының аса ауыр жағдайын түзету, көмек беру жөнінде мәселе көтерілмеген. Ал екінші хатын бас хатшы И.Сталиннің атына 1932 жылдың тамыз айында жазыпты. Хатында Қазақстандағы мал шаруашылығының ауыр жағдайға тап болғанын: *“1929 жылғы есептің деректері бойынша Қазақстанда 40 миллион бас мал болған, ал қазір не бары 6 миллиондай мал қалды, оның 2 миллионы совхоздарда, ал колхоздық сектор мен жеке меншік сектордағы 4 миллион бас малдың көп бөлігі қазақтың бұрынғы негізгі мал шаруашылық аудандарында емес, орыс*

аудандарында. Мал шаруашылығы қазақ халқының көпшілігі үшін негізгі кәсіп және бірден-бір дерлік табыс көзі болғандықтан, мал шаруашылығының мұндай жай-күйі қазақ жұртын күйзелтіп отыр”, – деп баяндай отырып, бүкіл Қазақ жерін қамтыған алапат аштық жөнінде: *“Орталық Қазақстанның 10-12 қазақ ауданында халықтың едәуір бөлігі қазір де аштыққа ұшырауда. Алынған болжамды деректерге қарағанда, биылғы көктемде 10-15 мың адам аштан өлген, әсіресе, 1931 жылы ерекше етек алған жаппай қонысынан ауу, басқа өлкелер мен республикаларға кету қазір де тоқталмай отыр”,* – деп жазады. О.Исаев хатында республикадағы мал шаруашылығының күйзеліске ұшырауының себебін: егіннің шықпай қалуы, байлардың өз малын қыруы секілді себептер мен ұжымдастыруды жүргізудегі партия саясатының бұрмалануы, күштеп ұжымдастыру, басшылықтың жіберген қателіктері сынды кемшіліктер де айтылған. О.Исаев хатының соңында республикадағы мал шаруашылығын қалпына келтіріп, дамыту жөніндегі өзінің ұсыныстарын айтумен бірге: *“Біздің кемшіліктеріміздің бар кінәсін бір кісіге итере салуға болмайды, әрине. Бұл арада тұтас алғанда Өлкелік комитеттің бүкіл бюросы кінәлі. Өлкелік комитеттің де, Қазақстандағы біздің бүкіл жұмысымыздың да кемшіліктері мен қателіктері үшін менің де өз басым белгілі дәрежеде жауапкершілікті мойныммен көтерем, өйткені мен Қазақстанның басшы қызметкерімін. Алайда жұмысты батыл түрде қайта құрып, басшылықты күшейту үшін Өлкелік комитет басшыларын жаңартып, жандандыру керек. Бірінші секретардың рөлі, айрықша екені баршаға мәлім. Өз басым былай деп ойлаймын: Қазақстанда зор жұмыс (ауылды советтендіру, жікшілікке қарсы күрес және т.б.) жүргізген Голощекин жолдас Өлкелік комитеттің де және тікелей өз басының да жіберген қателіктерін аяусыз сынау негізінде батыл бетбұрыс жасауға жеткілікті күш таба алмайды”,* – деген болатын [13]. О.Исаевтың хатымен мұқият таныссаңыз, республикадағы мал шаруашылығының ауыр жағдайы мен халықтың едәуір бөлігінің аштыққа ұшырау жағдайы көтерілгенімен де, көптеген шындық оқиғалардың айтылмағанын және бүркемеленгенін байқауға болады. Негізінен Республикадағы мал шаруашылығының жағдайын арқау еткен ол, орын алып отырған алапат аштықтың салдарынан қазақ халқы миллиондап баудай қырылып жатқан кезде оның себептерін көтеруге дерменсіздік танытып: *“биылғы көктемде 10-15 мың адам аштан өлді”* деумен шектеліп, жұқартып, жұмсартып, жасырып және азайтып көрсетеді. Хатта Республикада қалыптасып отырған ауыр жағдайдың көптеген себептері бұрмаланған. Ауыр жағдайдың қалыптасуына егіннің шықпай қалуы, байлардың бас көтеруі, байлардың еңбекші қазақтарды соңынан еріте білуі және тағы да басқа алып-қашпа сылтаулар шындыққа жанаспайтын еді. Ең бастысы, хаттың тым кеш жазылғанын айтуға тиіспіз! Сонымен қатар, О.Исаев хатында: *“Әңгіме мынада: біздегі жетістіктер туралы рапорт беруді мақсат етіп отырған жоқпын, жетістіктер, әлдеқайда көп. Жетістіктерге неге қол жетпесін!”*, – депті. Әлем тарихында бейбіт заманда бұрын-соңды болып көрмеген қолдан жасалған алапат аштықтан халқымыздың тең жартысына жуығы қырылып жатқан кезде О.Исаев қандай жетістіктер туралы айтпақшы болды екен? Бұл – енді ақылға сиымсыз әрекет қой!

1932 жылы қыркүйек айында БК(б)П Орталық комитетінің “Қазақстанның ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы туралы” деген қаулысы қабылданды. Бұл қаулы қабылданғанымен де, Қазақстанда қалыптасқан аса күрделі жағдайды шешіп бере алмады. Өйткені қаулы бойынша Қазақстанға көмек ретінде бөлінген астық, ашаршылыққа ұшырағандарға деп емес, егін шаруашылығы үшін тұқымдық қорға деп бөлінген. Қазақ халқының аштан қырылуы, сендей соғысып басқа аймақтарға көшуі жалғасып жатты. Осындайда, О.Исаевтың жоғарыда айтылған хатында көптеген шындық батыл түрде айтылып, аштықтың себептері ашылғанда және қалыптасып отырған ауыр жағдай бүркемесіз көтерілгенде орталық үкімет тарапынан көмек берілсе, әлі де болса мыңдаған адамдарды құтқарып қалуға мүмкіндік бар еді ғой деген ой келеді.

1933 жылдың қаңтар айында Қазақ халқының зор қасіретке ұшырауына басты кінәлі адамдардың бірі Ф.Голощекин орнынан алынды. Өзінің соңғы сөзінде Қазақстанда болған алапат аштықтың себептерін Қазақ коммунистеріне аударып, оларды үш топқа бөлген еді. Бірінші топ, ешқандай тәрбиеге көнбейтін, пайдалануға мүмкін емес, ұлтшыл ауытқушылар. Екінші топ, жағдайға қарай бетпердесін өзгертіп отыратын хамелеондар. Үшінші топ, өз қателерін бір ғана Голощекинге аударғысы келетін арамзалар. Республикада сегіз жыл жұмыс істеп, өзі қызметтік жоғары лауазымға көтеріп, өзінің сенімді серіктері еткендердің қатарынан бір жөні түзу адамды таба алмапты. Кеше ғана өзімен партиялық үзеңгілес болып, республикадағы жауапты қызметтерді атқару барысында өзін үнемі қолдап-қолпаштап келгендердің бәрі арамзалар болып шықты. Голощекин өзінің Қазақстандағы партиялық үзеңгілестеріне баға беру арқылы өзінің арамзалық кескін-келбетін аша отырып, партиялас “ізбасарларының” да кескін-келбетін ашып кеткен еді.

Ф.Голощекин орнынан алынып, орталыққа шақырылғаннан кейін, Қазақстанда орын алған аса ауыр қасіретке жауапты О.Исаев та өзінің жарылқаушысымен бірге орнынан алынуы керек еді. Бірақ, оны бас хатшы И.Сталиннің Л.Мирзоян арқылы айтқан: *“Ол – Қазақстандағы өз қызметіне өте лайық басшы. Ол Голощекинмен бірге асыра сілтеулер жіберіп алды. Енді сізбен бірге жіберген қателерді түзетуге қатыссын”,* – деген “сәлемдемесі” құтқарып қалды [14]. Айлакер И.Сталин тағы да Қазақстанды басқаруға өзге ұлттың өкілін жібере отырып, қазақ халқының наразылығын одан әрі өршітпес үшін, үкімет төрағасы жергілікті ұлттан болсын деген ішкі жымысқа пайымымен оны үкімет төрағалығында қалдырған еді.

1933 жылдың ақпан айында Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып Л.Мирзоян сайланды. Ол Қазақстанға келіп жергілікті жағдаймен танысқаннан кейін БК(б)П ОК-нің хатшысы Л.Кагановичтің атына жазған хатында былай деген еді: *“Осы уақыттың ішінде мен жағдаймен, өлке мен облыстардағы басшы қызметкерлерімен, егіс жұмыстары мен көші-қон, т.б. мәселелердегі нақты жағдаймен біршама танысып үлгердім. Мен Мәскеуден аттанғанда Қазақстандағы жағдайдың ауыр екеніне сенімді болған едім. Бірақ менің мұнда көргендерім мен күткендегіден де асып түсті... Көмекке зәрулерге деп аудандардан жіберілген астық қараусыз жатыр. Қазіргі уақытта да кейбір*

жерлерде, аудан орталықтарында, теміржол станцияларында жатыр. Ал, аудан басшылары бұл астықты ауыл-ауылдарға жеткізуге асығар емес. Жер-жерлерде ашыққан қазақ тұрғындарға дер кезінде көмек көрсету ұйымдастырылмайды... Жол-жөнекей тіпті қалаларда да милиция қызметкерлері күн сайын аштан өлген адамдардың мәйіттерін жинастырады” [15].

Тура осы 1933 жылдың ақпанның жиырма төрт күні БК(б)П Орталық комитеті жолдас Сталинге, көшірмесі БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті, жолдас Мирзоянға жолданған тарихи еңбектердегі “Алтаудың хаты” деген атпен мәлім хатта: БК(б)П Орталық комитетінде 1932 жылғы 12 қыркүйекте Қазақстанда ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамыту жөнінде қаулы алынғалы бері бес ай өтсе де оның ешқандай нәтижесі көрінбей отырғаны, Қазақстанда қалыптасқан өте ауыр жағдайдың салдарынан шаруа қожалықтарының саны 50%-ға дейін азайғаны, “ауа көшу мен өлім-жітім тоқтаудың орнына күшейіп отырғандығы” айтылған. Елде әлі де болса асыра сілтеулердің орын алып отырғаны, Қазақстанның коммунист басшылығы қалыптасқан жағдайды түзетуде кешірілмейтін бейқамдық танытып отырғаны, елге жаны ашитын қазақ коммунисттері қазақ аулындағы ұжымдастыру, мал шаруашылығын дамыту ісіндегі өлкелік басшылықтың қателіктерін айтса, билік басындағылар оларды ұлтшылдар, контрреволюционерлер етіп көрсетуге тырысатындығы айтылумен қатар: “Екінші факт: Жақында Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы жолдас О. Исаев БК(б)П Алматы облыстық, қалалық комитеттердің біріккен пленумында Өлкелік және облыс партия активтерін қатыстыра отырып “Орталық партия комитетінің қаңтар пленумының және Орталық бақылау комитетінің қорытындысы” жөнінде баяндама жасады. Алайда оның жасаған баяндамасы бойынша ешқандай талқылау мен жарыссөз болмады. Алдын ала дайындалып қойған қарар ғана қабылданды. Бұны қалай түсінеміз? Орталық комитет пленумының шешімі мен Орталық комитетте “Деревнядағы жұмыс туралы” сөйлеген жолдас Сталиннің сөзі Қазақстан ұйымына қатысты болмағаны ма және Қазақстанда іс жүзінде асыруға жатпайтын болғаны ма?» ,– деп батыл түрде Қазақ үкіметінің төрағасы О.Исаевтың және Өлкекомның бюро мүшелері В.Голощевтың, І.Құрамысовтың қызметін сынға алумен бірге хаттың авторлары қоғам қайраткері Ғ.Тоғжанов, Мәскеудегі жоғары оқу орындарының студенттері: Б.Айбасов, Ж.Арыстанов, І.Қабылов, Ғ.Ысқақов, О.Жандосовтар хаттың соңында: “Сіздердің назарларыңызға теміржол бойында қаңғырып, ашаршылыққа ұшырап, басарға тауы қалмаған 300000 қазақтың алдағы тағдырына жанашырлықпен қарап, қолұшын берулеріңізді өтінер едік... Қазақ халқының тағдыры қыл үстінде тұрғанда жаңа басшылықтың пәрменді іс-қимылы қажет”,– деп өздерінің жан айқайын жеткізген болатын [16].

1933 жылы шілде айының 10-16 аралығында БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің пленумы өтті. Бұл пленум Л.Мирзоянның басшылығымен өткен ішкі әлеуметтік-экономикалық жағдайды талқылаған алғашқы кеңейтілген пленум еді. Пленумда орақ науқаны және мемлекетке астық тапсыру, ауыл мен деревнядағы партиялық жұмыс, мал шаруашылығын дамыту туралы үш мәселе талқыланды. Пленумда

Қазақстан еңбекшілерінің социалистік құрылысты жүргізудегі табыстары атап көрсетілумен бірге, ауылды ұжымдастыру мен көшпелі халықты отырықшыландырудағы ірі кемшіліктер, асыра сілтеушілік пен көзбояушылыққа жол берген Ғ.Голощекин мен оның қолдаған басшылық қызметтегілердің жұмыстары сынға алынған болатын. Пленумда үкімет төрағасы О.Исаев “Ауылдағы жұмыс және мал шаруашылығының дамуы туралы” баяндама жасады. Онда ол, Голощекинге ілесіп және оған үн қоса отырып, өзінің жіберген қателіктерін мойнына алды. Атап айтқанда: Өлкелік комитеттің отырықшыландыруды шапшаңдату жайындағы бірсыпыра қаулыларын, солардың ішінде отырықшыландыру ісін жалпы алғанда 1933 жылдың ақырына дейін аяқтау жайындағы қаулыны жазып ұсынғаны, мал шаруашылығы аудандарын колхоздастыруды шапшаңдату деген мәселені ашық көтергені, Голощекиннің айыбы мен жауапкершілігін бүркеп, қымтып көрсетпегендігі сынды жүгі ауыр қателіктер бар еді. О.Исаев қорытынды сөзінде: “Былтыр, 1932 жылы тамыз айында, Қазақстандағы кемшіліктер, оның негізгі себептері туралы Орталық комитетке үлкен хат жаздым. Бұл хат кемінде бір жыл кешігіп жазылса да негізінен дұрыс болды дей аламын. Хатта мен колхоздастырудың қарқыны, әдісі, ұлы орыс шовинизмі туралы, ұлт саясатын бұрмалаушылық жайлы айттым. Орталық комитетке жазған хатымда тағы да қыркүйектің 17-сіндегі қаулыға деген өз көзқарасымды баяндадым. Онда бұл қаулыға Голощекин, Құрамысовтың көзқарастарынан өзгеше баға беріп, бюроның Құлымбетов, Сәдуақасов сияқты мүшелерінің де пікірлерін көрсеттім. Мұның бәрін айтқанда кінәмді кемітіп, кешірім сұрамақ емеспін...” ,– деген еді [17].

Ия, О.Исаев Қазақстан басшылығына Л.Мирзоян келгеннен кейін онымен бірлесе отырып, бұрынғы жіберілген қателіктерді түзетуге, халық шаруашылығын көтеруге көп күш жұмсағанын да айтуға тиіспіз. Бірақ, бәрі тым кеш еді. Бұрынғы жіберген қателіктердің орнын толтыру мүмкін емес болатын. Ол қателіктердің орны қазіргі күнге дейін ойсырап, зардабы жазылмаған жарадай халқымыздың жүрегіне шаншудай қадалып келеді. О.Исаев өз қателіктерін мойындады деген мәселені айтқанда, мына бір жағдайға тоқталып кетпесе тағы болмас. Белгілі жазушы, аудармашы Зейтін Ақышев өзінің естелігінде Ораз Исаевтың кейіннен былай деп айтқанын жазған болатын: “Ана жылғы қиыншылықты (1930-1932 жылдарды айтады) әркім әр түрлі түсінеді. Оған кім кінәлі? Қазақ – еңбек ете алмайтын халық. Социалистік құрылыстың қарқынына ілесе алмай қиыншылыққа ұшырады”. Байқар болсаңыз “қиыншылыққа” деді. “Қырғынға ұшырады” деген жоқ. Мыңдаған жылдар еңбек етіп, күн көріп келген халық сол бір-екі жылда еңбек етуді ұмытып қалып па еді? [18]. О.Исаевтың бұл ойынан “Қазақтар – көшпелі халық, социалистік құрылысқа бейімделе алмай өзін-өзі құрбандыққа ұшыратты” деген Голощекиндік жалған теорияны миына сіңіріп алғанын байқау қиын емес.

Бүкіл Кеңестер одағын қамтыған 1937-1938 жылдардағы сталиндік қуғын-сүргін Қазақстанда қатты әрі айрықша қарқынмен жүрді. Сол сталиндік тозақтың қылбұрауынан Қазақстандағы билік

басында отырғандардың бірде-біреуі аман қалмады. Сталиндік жаппай террор басталғанда олардың белсенділік танытып “халық жауларын” әшкерелеудегі белсенді “қызметтері” де бұған араша бола алмады. Біреуге ор қазам деп, сол орға өздері де түсті. 1937 жылы маусым айында өткен Қазақстан кеңестерінің съезінде сөйлеген О.Исаев: Қазақстанның ішкі саяси құрылысындағы үлкен табыс ретінде Қазақстанның автономиялы республикадан одақтас республикаға айналуын атап өте отырып: *“Бұл табыс бұдан да көбірек болар еді, егер де біздің ұлтшылдар, оңшылдар, троцкиштілер істеген зор кеселдер болмаса. Бұлардың біздің ісімізге кесел келтіруі, біздің саяси таптық қырағылықты азырақ ұмытыңқырап жіберуімізден”,* – деп, троцкист оңшыл Алашордашыл ұлтшылдар Л.Асылбеков, Ж.Сұлтанбеков, А.Кенжин, К.Тоқтыбаевтардың үкіметтің, партияның мақсатына қарсы дұшпандық іс-әрекеттерін әшкерелеп *«ұлтшылдар, троцкиштілер, оңшылдардың бәрін жойып бітіру керек»*... деген еді [19]. Алайда, артынша-ақ “Халық жауларын” әшкерелеуде белсенділік танытып отырған О.Исаевтың өз басына да қара бұлт үйірілді. Қазақ өлкелік партия комитетін басқарып отырған Л.Мирзоян бас хатшы И.Сталиннің атына жазылған құпия хатында О.Исаевтың 1929 жылдан бастап Қазақстандағы астыртын контрреволюциялық ұйымның белсенді мүшесі болғанын, осыған дейін тұтқындалған жауапты қызметкерлердің өздерінің тергеушіге берген жауаптарында О.Исаевтың контрреволюциялық ұйымда болғанын растағанын, өзінің пікірінше О.Исаевтың антисоветтік істерге қатысы бар екенін баяндайды. 1938 жылы 25 мамыр күні болған Өлкекомның мәжілісінде О.Исаев туралы мәселе қаралып: *“БК(б)П Орталық комитетінің қарамағына шақыртылуына байланысты О.Исаев ҚазКСР-ы үкіметінің төрағасы қызметінен босатылсын”,* – деген қаулы қабылданады [20]. О.Исаев Қазақстандағы қызметін тапсырып, Мәскеуге бара жатқан жолда тұтқындалып, үш айға созылған азапты тергеуден кейін 1938 жылы 29 тамызда КСРО Жоғарғы сотының әскери алқасының шешімі бойынша ату жазасына кесілді.

Қорытынды. Бүгінде Алматы және Орал қалаларында О.Исаевтың атында көше болса, Алматы облысында ауыл бар. Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы мектепке оның есімі берілген. Жерлестері баспасөз бетінде “Ораз Исаевтың еңбегін неге ескермейміз?” деген мәселе көтеріп, оның ескерткішін Алматы, Нұр-Сұлтан, Орал қалаларында орнату жөнінде ұсыныстар айтуда. Бұл О.Исаевтың шынайы тұлғасын білмеуден немесе біле тұра жерлестік, рушылдық деңгейден аса алмағандықтан болар деп ойлаймыз. Осындайда өз мүддесін, ел мүддесінен жоғары қойып, өз халқы шыбындай қырылып жатқан кезде, оған көмектесуге дәрменсіз болған адам, неге ұлықталуы керек деген сұрақтың қойылатыны да заңды!

Бүгінгі тәуелсіз елімізде қолға алынып жатқан тарихи сананы жаңғырту барысында ұлт мүддесі үшін күрескен қайраткер тұлғалар мен билік үшін жанталасқан мансапқорлардың ара жігін ажыратып, “жалпақшешейлік” танытпай, ақ пен қараны айқындайтын, әр мәселеге өзінің лайықты тарихи бағасын беріп, шындықтың бетін ашып айтатын мезгіл келді. Бұл тарихи шындықтың бетін аша отырып, ұлттық тарихи сананы жаңғырту, тәуелсіздіктің қадірін терең түсіну мен тарихтан тағылым алу үшін қажет!

ӘДЕБИЕТТЕР

- Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (Бұдан әрі – ҚР ПМ). 708-қ, 2/4-т. 80-іс, 52-59- pp.
 ҚР ПМ. 141-қ, 1-т, 38-іс, 129-п.
 ҚР ПМ. 141-қ, 1-т, 490-іс. 343-345-пп.
 ҚР ПМ. 141-қ, 1-т, 38-іс, 129-п.
 Внутрипартийные вопросы на 3-м пленуме КазКрайкома ВКП(б). Кзыл-Орда, 1927. с.63.
 Коммунистическая оппозиция в СССР (составитель Ю.Фельштинский) (1923-1927). Из архива. Л.Троцкого в четырех томах. Т.2(1926-1927). С:197-199.
 Омарбеков Т. Бәрін бір адам шешкен қоғамда. Жас-Алаш. 2016. 31 мамыр.
 Қозыбаев М, Алдажұманов Қ., Әбілқожин Ж. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. Алматы, 1992. 15-б.
 Мұсырман К. Қан тамған қолжазбалар. Егемен Қазақстан.1992.10 сәуір.
 ҚР ПМ. 141-қ, 1-т, 5120-іс, 211-п.
 Исаұлы О. Ұлттар және байшыл ұлтшылдар туралы. Еңбекші қазақ.1928. 5 март.
 ҚР ПМ. 141-қ, 1-т, 5192-іс, 129-131-пп.
 Қазақстан коммунисті. 1990. № 5, 53-60-бб.
 ҚР ПМ. 141-қ, 17-т, 607-іс, 271-272-пп.
 Көлбаев Т.С. Голощекиннің көмекшісі. Жас Қазақ. 2007. 23 қараша.
 ҚР ПМ. 141-қ, 1-т, 5734-іс, 1-8-пп.
 ҚР ПМ. 141-қ, 17-т, 607-іс, 271-279-пп.
 Қасенов Қ. Қызыл қырғын: 37-де опат болғандар. Алматы: Қазақстан, 1994.-81 б.
 ҚР ПМ. 108-қ, 1-т, 5-іс, 152-158-пп.
 ҚР ПМ. 708-қ, 2/4-т, 80-іс, 61-п.

REFERENCES

- Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń mūraǵaty (Būdan äri – QR PM). 708-q, 2/4-t. 80-is, 52-59- pp.
 QR PM. 141-q, 1-t, 38-is, 129-p.
 QR PM. 141-q, 1-t, 490-is. 343-345-pp.
 QR PM. 141-q, 1-t, 38-is, 129- p.
 Vnutripartinye voprosy na 3-m plenum KazKraikoma VKP(b). Kzyl-Orda, 1927. s.63
 Kommunisticheskaya oppozisiya v SSSR (sostovitel .Felštinskii) (1923-1927). İz arhiva. L.Troskogo v chetyreh tomah. T.2(1926-1927). S:197-199
 Omarbekov T. Bärin bir adam şeşken qoǵamda. Jas-Alaş. 2016. 31 mamyr.
 Qozybaev M, Aldajūmanov Q., Äbilqojin J. Qazaqstandaǵy küşpen kollektivtendiru: qorlyq pen zorlyq. Almaty, 1992. 15-b.
 Müsyrman K. Qan tamǵan qoljazbalar. Egemen Qazaqstan.1992.10 säuir.
 QR PM. 141-q, 1-t, 5120-is, 211-p.
 İsaūly O. Ūlttar jäne baişyl ūltşyldar turaly. Eñbekşi qazaq.1928. 5 mart.
 QR PM. 141-q, 1-t, 5192-is, 129-131-pp.
 Qazaqstan kommunisti. 1990. № 5, 53-60-bb.
 QR PM. 141-q, 17-t, 607-is, 271-272-pp.
 Kölbaev T.S. Goloşekinniń kömekşisi. Jas Qazaq. 2007. 23 qaraşa.
 QP PM. 141-q, 1-t, 5734-is, 1-8-pp.
 QR PM. 141-q, 17-t, 607-is, 271-279-pp.
 Qasenov Q. Qyzyl qyrǵyn: 37-de opat bolǵandar. Almaty: Qazaqstan, 1994.-81 b.
 QR PM. 108-q, 1-t, 5-is, 152-158-pp.
 QR PM. 708-q, 2/4-t, 80-is, 61-p.

ҒТАХР/IRSTI/МРНТИ: 03.20.00

Зирабүбі ТӨЛЕНОВА,

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы
энергетика және байланыс университеті,
E-mail: tolenova@mail.ru, Қазақстан, Алматы

АКАДЕМИК М.ҚОЗЫБАЕВ: «ПАРТИЯНЫҢ АЛТЫН ҚОРЫ» НЕМЕСЕ ҚУҒЫНҒА ҰШЫРАҒАН КІТАП

Мақала Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың, ҚР Мемлекеттік сыйлығының, Президенттік Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, «Қазақ ССР ғылымына еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының және «Парасат» орденінің иегері – Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың әріптесі Зинаида Голиковамен бірлескен авторлықта жазылған «Золотой фонд партии. Из опыта кадровой политики КПСС» (Алматы, 1973) атты монографиялық еңбегінің қилы тағдырына арналады. Кеңестік идеология салдарынан кітапхана сөрелерінен алынып, ал авторлары қудалауға ұшыраған кітап негізінде сол жылдары қоғамдық саладағы ғалымдардың зерттеу барысында өзінің ойларын ашық, бүкпесіз жеткізіп, жасаған тұжырымдарын толық жариялауға мүмкіндіктері болмағандығын көрсетеді.

Түйін сөздер: Ұлттық Ғылым академиясы, тарих, М.Қозыбаев, «Золотой фонд партии», қоғамдық ғылымдар, социалистік құрылыс, идеология.

Зирабүбі ТӨЛЕНОВА,

кандидат исторических наук, доцент,
Алматинский университет энергетики и связи им. Гумарбека Даукеева,
E-mail: tolenova@mail.ru, Казахстан, Алматы

АКАДЕМИК М.КОЗЫБАЕВ: «ЗОЛОТОЙ ФОНД ПАРТИИ»

Статья посвящена к терновой судьбе монографии «Золотой фонд партии. Из опыта кадровой политики КПСС» (Алматы, 1973) академика Национальной Академии наук, доктора исторических наук, профессора, обладателя премии имени Ш. Уалиханова, Государственной премии РК, Президентской премии мира и духовного согласия, почетного звания «Заслуженный деятель науки Казахской ССР» и ордена «Парасат» – Манаша Кабашевича Козыбаева написанной в соавторстве с его коллегой Зинаидой Голиковой. На основе данной книги, которая в последствии советской идеологии была изъята с книжных фондов библиотек, а авторы подверглись к преследованиям, отражаются события тех лет, где ученые в общественной сфере не имели возможности открыто излагать свои мысли и публиковать сделанные ими выводы.

Ключевые слова: Национальная академия наук, история, М. Козыбаев, «Золотой фонд партии», общественные науки, социалистическое строительство, идеология.

Zirabuby TOLENOVA,

Candidate of historical sciences, Associate Professor
of Almaty University of Power Engineering and Telecommunications
E-mail: tolenova@mail.ru, Kazakhstan, Almaty

ACADEMICIAN M.KOZYBAYEV: "THE GOLDEN FUND OF THE PARTY" OR THE BOOK SUBMITTED TO HARASSMENT

The article is devoted to the thorny fate of the monograph "The Golden Fund of the Party. From the experience of the personnel policy of the CPSU" (Almaty, 1973) academician of the National Academy of Sciences, Doctor of Historical Sciences, Professor, winner of the Sh.Sh. Ualikhanov Award, the State Award of the Republic of Kazakhstan, the Presidential Award for Peace and Spiritual Harmony, the honorary title "Honored Worker of Science of the Kazakh SSR" and the Order of "Parasat" - Manash Kabashevich Kozybayev, co-authored with his colleague Zinaida Golikova. On the basis of this book (this book was subsequently withdrawn from the book collections of libraries by Soviet ideology, and the authors were persecuted), the events of those years are reflected when scientists did not have the opportunity to openly express their thoughts in the public sphere and publish their conclusions.

Key words: National Academy of Sciences, history, M. Kozybayev, "The Party's Golden Fund", social sciences, socialist history, ideology.

Кіріспе. Ұлттық тарих ғылымы үшін бар саналы ғұмырын арнаған академик, айтулы ғалым Манаш Қозыбаевтың барлық еңбегі билік тарапынан кең қолдау тапты десек қателесер едік. Тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қозыбаев 70-жылдардың басында республикадағы қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал ете алатын қоғамтанушылардың алдыңғы қатарында тұрды. Оның мұндай жоғары деңгейге көтерілуіне ғалымның соғыс және бейбітшілік, аймақтық-республикалық көлемдегі билік жүйесінің құрылымы, бүкіл шығыста өндіргіш күштерді дамыту және орналастыру проблемаларына арналған, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан, республиканың майданға қосқан үлесі мен тылдағы ерлігі, мәдениет, қоғам дамуы барысында және отандық тарихтың өзге де саласын қамтыған академиялық және ғылыми-көсемсөздік еңбектері негіз болды.

Материалдар мен әдістер. Мақаланың методологиялық негіздеріне өзекті тарихи мәселелерді, оның ішінде көрнекті тарихи тұлғалардың шығармашылығы мен қызметін зерттеуге мүмкіндік беретін жалпы ғылыми және арнайы-тарихи әдістер кешені қолданылды. Таратып айтсақ: тарихи-жүйелілік; проблемалы-хронологиялық; құрылымдық-функциялық; салыстырмалылық, құжаттардың бірнеше тобынан, сондай-ақ архивтерден алынған мәліметтерді мемуарлық әдебиеттер мен әр жылдарда жарық көрген басылымдармен салыстыру.

Сонымен қатар, жұмыстың орындалу барысында бірнеше әдістемелік тәсілдер де қолданылды: деректемелік іздестіру мен зерттеу, осы жұмыстың жазылуына негіз болған, зерттеу объектісі ретінде қарастырылып отырған академик М.Қозыбаевтың ғылыми шығармашылығына текстологиялық және тұжырымдамалық талдау жасау.

Талқылау. Мәселенің терең зерттелуі, яғни «Манаштану», академик өмірден озғаннан кейін ғана басталды. М.Қозыбаевтың ғылымға келуі мен қоғамдық қызметі туралы жарияланымдар, іргелі монографиялық еңбектерінің жарыққа шығуына, ғылыми-педагогикалық, ұйымдастырушылық қызметіне байланысты республикалық және одақтық мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған сын және библиографиялық пікірлері мен еңбектеріне баға берген мақалаларда кеңінен насихатталды. Ғалымның мұрасын жан-жақты зерттеу, мемлекет тарапынан оны мәңгі есте сақтау шараларының қабылдануы, ұлттық мәдениет пен ғылым тарихындағы оның орны мен рөлін анықтаумен сипатталады. Ал осы мақаланың өзегі болып отырған кітап туралы талқылауға төменде кеңінен тоқталамыз.

Зерттеу нәтижелері. Кеңестік идеологияның барынша үстемдік етіп тұрғанына қарамастан, ұстаздары, ұлт мақтанышына айналған Е.Бекмаханов, Ә.Марғұлан, А.Нүсіпбеков, С.Бәйішев, Б.Сүлейменов, т.б. ғұлама ғалымдардан дәріс алып, кейбірімен қызмет бабында тікелей араласа бастаған М.Қозыбаев тар шеңберлі, құрсаулы ғылым талаптарынан бір сәт аттап өтіп, ұлттық идеяларды негізге ала отырып, тың ізденістерге көшеді.

Ізденіс нәтижесінде әріптесі З.А.Голиковамен бірлесіп жазған «Золотой фонд партии. Из опыта кадровой политики КПСС» атты еңбегі жарық көреді [1]. Бұл жылдарда ұлтжанды қазақ зиялыларының үні шыға қоймаған еді. Өлі де орыс империясы тарихының аясынан шыға алмай, одан қалды жеке басқа табыну идеологиясының да серпілмей тұрған шағы болатын. Сондықтан кітап баспадан шыққан бойда

Қазақстан КП ОК үкімімен отқа жағылды. Орталық Комитеттің идеология бөлімінің кітаптан тапқан қатесі – авторлардың сол кездегі Қазақстандағы кадрлар даярлау, өсіру, қызметке тағайындау қағидаларының бұрмалаушылыққа ұшырап отырғандығының ақиқатын ашық айта алғандығы болды.

Монографияның бір данасын Москваға КОКП ОК жанындағы МЛИ-ға жіберіп үлгергендіктен, авторлар профессор И.Юдиннің оң пікірін алған болатын. Оның пікірі бойынша монография құрылымы өте сәтті шыққан және авторлар алдына қойған мақсаттарын шеше алған. Қазан революциясынан кейін еліміздің ұлттық аудандарындағы кадр мәселелері шешілуінің қиындықтары объективті және қызықты фактілі материалдар негізінде талданғандығы бағаланады. Социалистік құрылыстың алғашқы кезеңіндегі орталықтан кадр жіберу, тағайындау мәселесінің осы күнге дейін жалғасып отырғандығын дәлелдей алған авторлар, мұнда әйел кадрларының дайындалу барысына да тоқталған [2].

Монография авторларының жасаған тұжырымдары билік орындарын қанағаттандыра алмады, сондықтан жоғарғы жақтың тапсырмасы бойынша Партия тарихы институтында кітап және оның авторлары жан-жақты талқылауға ұшырайды. Институттың 1974 ж. 9 қаңтардағы ғылыми кеңесі мен дирекцияның кеңейтілген мәжілісінде «М.Қозыбаев пен З.А.Голикованың 1973 ж. жарық көрген «Золотой фонд партии» кітаптарында жіберілген қателіктер жөнінде» арнайы мәселе қаралады. Мәселе бойынша институт директорының орынбасары П.М.Пахмурный кітапта жетекші кадрларды дайындау мен тағайындау, олардың теориялық білімдерін жетілдіру жөніндегі күрделі мәселе қарастырылғандығын, партия қаралары мен шешімдері негізінде Қазақстан және басқа да ұлттық республикалардағы партия ұйымдары кадрларын дайындау тәжірибесі ғылыми тұрғыда жазылғандығын айта келіп, оның басты кемшіліктері мынада деп көрсетеді:

1. Кадр саясатын кезеңдеуде:
а) 1917-1958; б) 1959-1973 жж.;
2. Кітаптың құрылымы;
3. Авторлар кітапқа партия және кеңес қызметкерлеріненгізуде Қазақстан КП ОК-мен келіспеген, яғни кейбіреулері орынсыз аталып өтсе, республикалық қызметкерлер С.Ниязбеков, Ф.Кәрібжанов, І.Тәжиев, Г.Мельник, Н. Журидер енген;
4. Қазақстан КП X, XI, XII және XIII съездерінен алынған мәліметтерге орай қарарлық құжаттарға сілтемелер жасалмаған;
5. Целиноград облыстық партия конференциясында (ноябрь 1966 ж.) Есіл аудандық парткомының бұрынғы хатшысы И.А.Шендриктің «республикалар, облыстардан кадр шақыруға көп жүгінеміз. Аудандық партия хатшылығына да басқа республикадан адам алдырдық» деген сөзін келтіре отырып (121-б.), КОКП ОК-нің ішкі кадр алмастырудағы орталықтандырылған кадр дайындау ісіне күмән тудырады;
6. Кітапта партияның Қазақстандағы кадр саясатын ғана қарастырудың орнына, өзге республикалардағы тәжірибелерге де көп орын берілген (20, 147, 151, т.б.);
7. «Сонымен бірге мына жағдай (республика халқының көпұлттылығы) партия комитеттерінің қызметін күрделендіре түседі және белгілі бір дәрежеде кадрлармен жұмысты қиындатады» (135-б.) деген пайымдаулары түсініксіз және нақтылы емес;
8. Кітаптың аты көрсетіп тұрғандай мұнда тек партия кадрлары қарастырылуы керек еді, «пар-

тияның алтын қорына» енбейтін партияда жоқтар да енген;

9. Сондай-ақ мәдени революция, теңсіздікті жою, инженер-техник кадрлары мен ағартушылар құрамына да көп көңіл бөлінген;

10. Қазақстандық тарихи және көркем әдебиеттегі Ф.И.Голощекинге қатысты кереғар пікірлер барын айта келіп, «Ф.И.Голощекин республикада жұмыс істеген жылдары ұлттық ерекшеліктер, жергілікті жағдайлармен есептесу жөніндегі лениндік өсиеттерді орындауда қажет жүйелілікті ескере бермеді» деген сәтсіз қорытынды жасаған, т.б. біраз кемшіліктерді ашуға тырысқан [3].

Осылайша кітапта жіберілген қателіктерді санамалай отырып талдаған мәжілісте дирекция шешімі қабылданып, кітапта жіберілген кемшіліктерді жіктеген анықтама дайындалып, оның көшірмесі төмендегі хатпен бірге ОК жолданады. Сөзіміз дәлелді болу үшін Орталық Комитетке жолдаған институт директоры С.Бейсембаевтың хатынан үзінді келтірейік:

«ЦК КП Казахстана»

Дирекция ИИП при ЦК КП Казахстана – филиал ИМП при ЦК КОКП 9 января с.г. на своем заседании обстоятельно и принципиально обсудила книгу зав. Сектором партстроительства института проф. Козыбаева М.К. и старшего научного сотрудника сектора истории к.и.н. Голиковой З.А. «Золотой фонд партии» (10 п.л., изд. Казахстан), вышедшей в декабре 1973 г., изъятую из торговой сети и запрещенной распространять.

На заседании помимо докладчика выступило 10 чел. В докладе и выступлениях авторы книги подверглись острой и справедливой критике за допущенные политические, теоретические и фактические ошибки. Участники заседания осудили публикацию без ведома и разрешения дирекции этой порочной книги.

За допущенные ошибки в книге, за самовольное действие и пренебрежение мнением коллектива тт. Козыбаеву и Голиковой объявлен строгий выговор» [4].

Осылайша өртеп жіберу арқылы оның кітабын жазалады. Қатаң партиялық сөгіс берілді. Сөйтіп, М.Қозыбаев он жылдан астам айналысқан зерттеулерінен аластатылып, негізгі зерттеу мәселесі тарихтан алшақтау мал шаруашылығы саласы болып табылатын оқу орнына дәріс оқуға мәжбүр болды.

Сөйтіп «Алтын қорда» («Золотой фонд партии») дәріптелгендердің қатарында есімдері аталмаған жандар Қозыбаевқа кешірім жасай алмады.

Шындығында, кітапта Қазан революциясынан бастап 70-жылдар аралығында Одақ көлемінде, Қазақстан партия ұйымдарының лениндік ұлт саясаты аясында жергілікті партиялық, кеңестік, шаруашылық, комсомол және кәсіподақ ұйымдарында ұлттық кадрларды қалыптастыру, тағайындау және нығайту барысындағы кадр саясатының жүзеге асырылуы қарастырылған. Монография алғы сөз, «Ұлттық мәселелердің шешілуі және партия кадрларының қалыптасуы», «Социализм құрылысы кезіндегі партия ұйымдарындағы кадр ауыстырудың интенсивті (үдемелі) өсуі», «Кадр саясатындағы КОКП лениндік қағидаларының творчестволық дамуы» деген үш тараудан және қорытындыдан тұрады. Оның жалпы мазмұны интернационализм қағидаларын басшылыққа ала отырып, кадр ауыстырудың үдемелі шешілуі КОКП-тің кадр саясатындағы қалып-

тасқан заңдылық екендігі ашық айтылады. Онда жершілдік, топшылдық, бюрократизммен қатаң күрес жүргізу қажеттігін дәлелдей отырып, партия ОК қарарларындағы осы мәселеге қатысты қабылданған шешімдер нақтылы мысалдармен келтірілген [2, 62-б.]. Кеңес өкіметінің алғашқы күндерінен-ақ ұлттық аймақтарға, оның ішінде Қазақстанға кадр жылжыту мәселесі біржақты қаралып келгендігі, жергілікті кадрларды дайындауға баса көңіл бөлінбегендігі айтылады. Сондай-ақ, кадр мәселелерін шешуде республикалық партия ұйымдарының әлсіздік танытатындығы, ал бұл мәселе Грузия, Белоруссия тәжірибелерінде оң шешімін тауып отырғандығы нақты фактілермен баяндалған [2, 146, 151-66.].

Сонымен монографиялық еңбек қолданылудан алынып тасталды да, ал еңбекте авторлар көтерген кадр мәселесі көп жылдар бойына зерттеушілер үшін жабық тақырыпқа айналды.

Қазақстан КП 1976 жылғы ақпандағы XIV съезінде республика КП ОК есепті баяндамасында аталмыш кітап туралы: «Қазақстан» баспасы М.Қозыбаев пен З.Голикованың «Золотой фонд партии» кітабын жарыққа шығаруда асығыстық танытты» деген жалпылама мәлімдеме жасайды [5]. Мұндай пікір, қанша дегенменде, оның ғылыми құндылығы маңызды, авторлар жасаған қорытындыларды мойындауға болатындығынан хабар берсе керек.

Сол тұста монографиялық еңбектің, партия басшылығы тарапынан аяусыз сынға алынуы, тек бір М.Қозыбаев пен З.Голикованың еңбектерін ғана шалып өткен жоқ. Ғылым академиясының Археология, тарих және этнография институтының одақтық көлемге танымал антрополог-ғалымы О. Смағұловтың еңбегі де осындай жағдайға іліккен болатын. Бұдан біздің байқайтынымыз, сол тұстағы республикалық идеологиялық басшылықтың ғылымға жосықсыз араласатындығы, соның салдарынан кеңестік жүйе тұсындағы зерттеулердің басым бөлігі конъюнктуралық арнада жазылғандығы.

Дегенмен, осы аз ғана уақытта ғылыми қауымның қолына тиіп үлгерген монография туралы өзбек ғалымы Ч. Абуталипов партияның ұлттық кадрлардың қалыптасуына бағыт беріп отырған саясатындағы нақты жолдары мен әдістерін, оларды шешу барысындағы қолданып отырған жүйесінің шынайы және көлеңкелі тұстарын авторлар ашық көрсете алғандығын айта келіп: «Ұлттық аудандардағы кадр мәселесін шешудің қиындықтары мен ерекшеліктерін сипаттай келе, авторлар еңбекші бұқараның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірін талдауда қызықты сандық есептер, жинақталған мәліметтерді келтіре отырып, оларды ептілікпен жүйелеп, тиісті қорытындылай отырып, Орталық Азия республикалары мен Қазақстандағы кадр мәселесінің шешілуіндегі шиеленіскен күрделі жағдайдың объективті және субъективті факторларын сенімді ашып көрсете алған.

Авторлар мұндай факторлардың қатарына ең алдымен партия ұйымдарының жастығын, бұл аудандардың экономикасындағы аграрлық сипатты, жұмысшы табының аздығын, жергілікті халықтың мәдени дамуының төмендігін, осы аудандарда ұлы державалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдық арасында тартыс туып отырғандығын жатқызады», – деп авторлардың тұжырымдарын қолдаған пікірін білдірді [6].

Араға жылдар салып барып, тағдыры талқыға түскен еңбек туралы академик «Қазақстан ғылымы» газетінің тілшісіне берген сұхбатында: «Біз әріп-

тесім-тарихшы З.А.Голикова екеуіміз КОКП кадр саясатының кемістігі мен жетіспеушіліктерін ешбір өңдеусіз, боямсыз өткенді шолу көзқарасынан қарауды шешкен едік.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары жетекші қызметтегілерді аз ғана уақыт ұстап, содан соң оларды не жоғары, не төмен жылжытатын.

Жеке басқа табынушылық тұсында кадрлар қозғалысы біржақты ғана жүрді – тек жоғарыдан (Орталықтан) – төмен (шет аудандарға). Мысалға, Қазақстан КП ОК 323 хатшысының 2-уі ғана қазақ болған. Бұл қызметке тек орталықтан жіберілгендер тағайындалды. Осылардың барлығы туралы жаза келіп, біздер жалпы тұжырымдарымыз бен қорытындыларымызды жасадық» [7],– деп еске алады М.Қ.Қозыбаев.

Мамандығын жеке басының мүддесінен жоғары қойғандықтан ұлт тарихына қиянат жасамай, ақиқаттан алыстап кете алмаған ғалым әріптесімен бірге партия тарихын бұрмалаушы, «саяси қырағылығы мұқалған» жандар болып танылды да, ғылыми зерттеулерден алыстатылды. Билік тарапынан берілген осындай біржақты бағалау көп жылдар бойына ғалымның ғылыми аясын тарылтып, азаматтық өсу жолдарына да тосқауыл болғандығы өмір шындығы, сол кезеңдегі идеологиялық ахуалдың шынайы көрінісі.

З.А.Голиковамен бірлескен авторлықтағы кітаптың жоғарғы жақтың тапсырмасы бойынша бірнеше рет талқылануға түсіп, олардың ғылыми қызметі қатаң бақылауға алынғандықтан М.Қозыбаевтың басқа қызметке ауысуына тура келеді. Дегенмен, Партия тарихы институтында С.Б.Бейсембаев, П.М.Пахмурный, Г.Ф.Дахшлейгер, Ш.Я.Шафиро, Х.Ф.Айдарова, С.Құрманбеков, Ә.Малыбаев, М.Әбдіхалықов, Ә.Мұхтаров секілді еңбекшіл тарихшылар ортасында ғылыми жұмыстарға әбден төселіп, іргелі зерттеулер жүргізіп, тұщымды ой айтатын, тартыс-таласқа түсер табандылықты, адамгершілік қасиеттерді игерді. Қызмет бабында да, тұрмыс жағдайындағы алғашқы қиындықтарға да осында жүріп төселді, нағыз ғалым ретінде толығымен қалыптасып үлгерді. Оған сол жылдардағы атқарған қызметі мен жарыққа шығарған еңбектері дәлел болмақ.

Партия тарихы институтында қызмет атқарған жылдары М.Қ.Қозыбаев қаламынан шыққан Қазақстанның, сондай-ақ жалпы КСРО-ның шығыс аймақтарының тарихы мен тарихнамасы және Ұлы Отан соғысы тарихы бойынша зерттеулері республикада, әрі одақ көлемінде жоғары бағаға ие болған еді. Ғалымның «Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны» (1964), «Казахстан – арсенал фронта» (1970) және басқа монографиялары мен екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақстандықтардың Ұлы Жеңіске қосқан үлесі туралы басқа да зерттеулері КСРО-ның соғыс кезіндегі әскери-экономикасының құрамдас бөлігі ретінде өндіріс күштерді елдің шығыс аудандарына, оның ішінде Қазақстанға көшіру, табиғат ресурстарын Отан қорғау мүддесіне тиімді пайдалану шаралары, КСРО халықтарының екінші дүниежүзілік соғыс майдандарына қатысуы, соғыс жылдарындағы елдегі қоғамдық-саяси өмір мен мәдениет сияқты күрделі мәселелер өзінің терең де жан-жақты ашылуымен ғылыми қауымдастықтың жоғары бағасын алған болатын.

Осындай жетістіктерге қарамастан, жеке басқа табыну идеологиясы қайта жанданған XX ғасырдың жетпісінші жылдарының басында қудалауға ұшыраған кітаппен бірге ғалымда ғылымнан аластатылады. 1974 жылы қыркүйекте Алматы малдәрігерлік институты-

ның кафедра меңгерушілігіне тағайындалады. Сөйтіп М.Қозыбаевқа да қуғын-сүргіннің бір ұшы тиеді. Ғалымның ғылыми еңбектерінен кінәрат іздегендер оның үстінен неше түрлі мазмұнда жоғары орындарға арыз-шағымдар жазды. М.Қозыбаев осы бір қиын күндер туралы өзінің естелігінде: «Бірақ менің бұл кезде Одақтық деңгейдегі ғалым деген атағым болды. Мені Имашев және оның төңірегіндегілер жермен жексен ете алмады. Мен енді Одақтық көлемдегі еңбектерді жазуға араластым, көптеген Одақтық ғылыми конференцияларда баяндамалар жасадым, мені Қазақстанда қудалауға салғанға одақтық әріптестерім наразылығын ашық танытты. Қалай болғанда да әріптестерім өздерінің ғылыми азаматтық позицияларын танытып, менің ғылым аренасынан жоғалып кетпеуіме, қайғы-қасіретке шалдықпауыма себепкер болды. Мен бүгін олардың ішінде тарих ғылымдарының докторлары А.В.Митрофанованы, Г.А.Куманев, М.В.Исхров, Л.М.Спирин, И.З.Захаров, В.А.Мурадян, Н.А.Буцко, А.И.Залесский, Ф.Б.Комал, Ю.В.Арутюнян, Г.А.Докучаев, П.Агарышев, Н.П.Шуранов сияқты қаламдастарымның есімдерін зор алғыспен атар едім» [7, 66-б.].

Осылайша одақтық қаламдас әріптестерінен қолдау тапқан ғалымға, сол тұстағы Малдәрігерлік институтының ректоры З.К.Қожабековте қолұшын созады. Институттың КОКП тарихы кафедра меңгерушілігін ұсынады. Өзіне жүктелген міндетін жауапкершілікпен атқаруға машықтанған М. Қозыбаев мұндағы негізгі мамандық тарих пәні болмаса да, оның дәрежесін көтеруге, студенттердің жадына Отан тарихының қырсырын жеткізуге күш салады. Өзін ғылым жолынан тайдырмақ болғандарға ғылымға шын берілгендігімен дәлелдеуге тырысады. Ғылыми шығармашылығының басты өзегіне айналған Отан соғысы тақырыбын тасада қалдырмаған М. Қозыбаев Кеңес халқының Ұлы тарихи даңқты Жеңісінің 30-жылдығына орай 1975 жылы 27-28 наурыз аралығында ғылыми конференция ұйымдастырады. Қазақстан және Орта Азия республикалары халықтарының соғыс жылдарындағы ынтымақтастығы мен майданға қосқан үлесі жайында конференцияда баяндама жасайды [8].

Осы оқу орнының кафедра оқытушыларының күшімен бүкілодақтық «КПСС-тің XXV съезі және қазіргі таңдағы партияның аграрлық саясатындағы өзекті мәселелері» тақырыбында жоғарғы оқу орындары оқытушыларының конференциясын өткізеді. Конференцияда «Некоторые вопросы историографии аграрной политики КПСС» тақырыбында аграрлық саясатта толғағы жеткен мәселелерді көтереді және оның зерттелу тарихын, тарихнамасын талдайды. Тың тақырыбына арналған тарихнамалық көрсеткіш тек ғалымдардың зерттеулерінде ғана емес, Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың да жұмыстарында кеңінен қамтылады. Дегенмен де, Қазақстанның тың және тыңайған жерлерді игеруінде, олардың материалдық-техникалық базасын жасау мен нығайтудағы Коммунистік партияның бағыттаушы және басшылық ету саясатын тереңірек зерттеу кезек күтіп тұрған ғылыми мәселе екендігі туралы тоқталып өтеді ғылыми конференцияда жасаған баяндамасында [9].

Академик М.Қозыбаевтың сол кездегі мына бір бастамасына да ерекше тоқталып өткеніміз жөн болар. Алматы малдәрігерлік институтында М.Қозыбаевтың бастамасымен тарихтан аспирантура ашылады. Сондай-ақ жоғарғы оқу орнында пән бойынша қазақша дәріс оқу алғаш рет М.Қозыбаевтың бастамасымен оқу бағдарламасына ене бастайды. Бұл

өз мамандығына, өз пәніне деген құштарлықтан туған батыл қадам екендігі талас тудырмас. Педагогикалық тәжірибесін ұштауда 1976 ж. Мәскеу қаласында өткен қоғамдық ғылымдар кафедрасы меңгерушілерінің бүкілодақтық конференциясының жұмысына қатысады.

Өзінің педагогикалық қызметін 1978 жылдан бастап С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті жанындағы қоғамдық ғылымдар оқытушыларының білімдерін жетілдіру институтының КОКП тарихы кафедрасы меңгерушілігімен жалғастырады. Оқытушылардың білімін жетілдіру институтында бірнеше жылдар бойы Ұлы Отан соғысы тарихы және Қазақстанның тарихнамасы мәселелері бойынша арнаулы курстан дәріс оқиды.

Қорытынды. Кеңестік кертартпа идеология салдарынан және жекелеген кейбір басшылардың кертартпалығынан қысым көрсе де, тек талмай ғылыми ізденсе ғана жеңіске жететінін түсінген ғалым басты мұратынан қайтпады. Идеология басшылары тарапынан түсінбестік туса да, ғылыми орта оның еңбегін бағалай алды, бұл ғалым үшін ең басты тірек еді. Қаламы мұқалмаған, жігері жасымаған ғалым ғылым жолындағы ізденісін жалғастыра берді. Қажырлы еңбек пен ізденімпаздық, қайсарлық пен табандылық оны кейінгі жылдары ұлт тарихының көшбасшылығына дейін көтерді. Ғалым, Тұлға, Қайраткер, Азамат мол ғылыми мұрасымен ұлт тарихында мәңгілікке хатталып қалды.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Козыбаев М., Голикова З. Золотой фонд партии. Из опыта кадровой политики КПСС. –Алма-Ата: Казахстан, 1973. – 172 с.

Юдин И. Отзыв на монографию «Из истории кадровой политики КПСС. 1972, 31 май / Пікір М.Қ. Қозыбаевтың жеке мұрағатында сақталған.

ҚР ПА. 811-қ., 16-т., 1157-іс, 1-51-пп.

ҚР ПА. 163-нл – қ., 1-т., 1-іс, 10-11-пп.

ҚР ПА. 708-қ., 65-т., 5-іс, 107-п.; Қазақстан КП XIV съезі. Стеногр. есеп. –Алматы, 1976. – 70-б.

Абуталипов Ч. Золотой фонд партии // Партийная жизнь Узбекистана, 1974, № 6. –С. 93-95.

«Золотой фонд партии»... На костре по воле партии. Беседа с корреспондентом Н. Ситко // Наука Казахстана, 1997, 1-15 ноября.

Козыбаев М. Қ. Жұлдызым менің / Құрастырған: З.Төленова. –Алматы: Арыс, 2001. – 240 б.

Козыбаев М. Народы Казахстана и республик Средней Азии – фронту // Тезисы научной конференции «Нерушимое единство и дружба народов СССР в годы Великой Отечественной войны». 27-28 марта 1975 г. –Алма-Ата, 1975. – С.21-27.

REFERENCES

Kozybaev M., Golikova Z. Zolotoi fond partii. Iz opyta kadrovoi politiki KPSS. – Alma-Ata: Kazakhstan, 1973. – 172 s.

Judin I. Otzyv na monografiu «Iz istorii kadrovoi politiki KPSS. 1972, 31 mai / Pıkir M.Q. Qozybaevtyñ jeke mұraǵatynda saqtalǵan.

QR PA. 811-q., 16-t., 1157-is, 1-51-pp.

QR PA. 163-nl – q., 1-t., 1-is, 10-11-pp.

QR PA. 708-q., 65-t., 5-is, 107-p.; Qazaqstan KP XIV sezi. Stenogr. esep. –Almaty, 1976. – 70-b.

Abutalipov Ch. Zolotoi fond partii // Partinaia jizn Uzbekistana, 1974, № 6. –S. 93-95.

«Zolotoi fond partii»... Na kostre po vole partii. Beseda s korespondentom N. Sitko // Nauka Kazahstana, 1997, 1-15 noiabrä.

Kozybaev M. Q. Jıldyzym meniñ / Qūrastyrǵan: Z.Tölenova. - Almaty: Arys, 2001. - 240 b.

Kozybaev M. Narody Kazahstana i respublik Srednei Azii – frontu // Tezisy nauchnoi konferensii «Neruřimoe edinstvo i drujba narodov SSSR v gody Velikoi Otechestvennoi voiny». 27-28 marta

ТУЫ БІР ТҮРКІ ЕЛДЕРІНДЕ

ӘБДІЛДАБЕКТИҢ ТАҒЫ БІР ӘҢГІМЕСІ ТҮРІКШЕ ШЫҒЫПТЫ

Түркияда «Temrin» атты әдеби-философиялық журнал шығады. Аталған басылымның 2016 жылғы қаңтар-ақпандағы 1(75)-саны Хакім Абайдың 170 жылдық мерейтойына арналыпты. Осы арнаулы нөмірдің аз ғана бөлігіне редакция орта буын қазақ жазушыларының үш әңгімесін басыпты. Соның бірі – Әбділдабек Салықбайдың «Құлпытас» әңгімесі екен.

Бұған дейін Түркияның астанасы Анкара қаласында Еуразия Жазушылар одағының органы әдебиеттанымдық «Кардеш калемлер» («Қарындас қаламгерлер») журналына (№10. 2016) Ә.Салықбайдың «Білінбей өткен бір ғұмыр» және «Сұрақты адам» (түрікше «Meraklı ihtiyar») деген әңгімелері жарияланған еді (№8. 2018). Енді, міне, кеш те болса “Temrin” атты әдеби-философиялық журналға (№1.2016) қазақтың көк аспанынан құйрықты жұлдыздай ағып өткен Шоқан Уәлиханұлына арналған «Құлпытас» әңгімесі жарық көргені туралы сүйінші хабар жетіп отыр. Аталған шығарманы түрік тіліне аударған

– түріктің Phd ғалымы, әдебиетші, аудармашы Ашур Өздемир бауырымыз. Ол «Қазақ әдебиеті» газетіне (11.03. 2021) «жеке кітапханамдағы он мың кітабымның сегіз мыңы қазақ тіліндегі кітаптар» деп сұхбат берген қазақ әдебиетінің үлкен жанашыры, қазақ ақын-жазушыларының бірсыпырасын түрікшеге аударып, кітап қылып шығарып жүрген кәсіпқой тәржімашы. Ашур Өздемир – Қазақстанда 15-16 жылдай тұрып, жоғары оқу орындарында түрік тілі мен әдебиетінен сабақ бере жүріп, қазақ тілін жетік меңгеріп, қазақ әдебиетін терең зерттеген әдебиетші.

Редакция алқасы.

ЖҮЗ ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ ОҚУЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ

Роман АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ,

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты,
«Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры,

Манат ҚОЖАХМЕТ,

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық
институтының доценті

Егемендіктің алғашқы жылдарында қайта жандана бастаған рухани байлығымызға деген серпіліс көп өтпей жатып әлсіреп қалған сияқты болды. Оның да өзіндік себебі бар. Экономикамыз әлсіреп, халықтың берекесі кеткен 90-жылдарда ұлттық сана, ұлттық тарих, салт-дәстүр туралы ұлт зиялылары айтқанымен, естір құлақтың самарқау болғаны шындық. Бір жағынан жас кезде көп нәрсеге жіті мән бермейтініміз де рас. Ұлтымыздың ерекшеліктеріне мән бермек түгілі, ондай ой басқа да келмеген шығар.

Елбасының: *«Қарапайым ақиқатты түсінетін мезгіл жетті, жаңғырған сана, әсте ұлттық аңсарға қайшы келмек емес. Керісінше, ұлтымыздың "Мен" дегізгерлік қасиетін сақтауға жаңғырған ұлттық сана ғана кепіл бола алады... Бұл сияқты жалпыұлттық және жалпытұтастану міндеттері ғасыр соңындағы қазақтардың да алдында тұр»,* – деген сөзі [1,53-54-бб.] алдымен қазақтың өзіне тікелей қаратылып айтылса керек. Мұндай мүмкіндікті уақытында пайдаланбаса, заман ағымы оны күтпейді.

Ұлттық «МЕНДІ» қалыптастырудың жолдары сан алуан. Оған қоғамның барлық саласындағы көзге көрінетін ұсақ-түйектен бастап есін енді жинап келе жатқан баланың еститін әніне, ұстайтын ойыншығына дейін қосуға болады. Осылардың барлығының басын қосатын, әрине, ұлттық идея екендігі түсінікті. Оған бір жол салған етек-жеңімізді жинап, өз-өзімізге келе бастаған уақытта ұлт байлығы оның рухани болмысында, ерекшелігінде екендігін ескеріп, басқа ұлттармен салыстыра отырып, өзіндік «Мені» қалыптасуына жол сілтегендей Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары осы сұрақтың шешіміне арналған десе де болады.

Осыдан 4 жыл бұрын қабылданған бұл бағдарламалық мақаланың негізгі және басты бағыттарының бірі – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» [2]. Себебі қазіргі уақыттағы біздің еліміздегі көкейтесті мәселенің бірі – білім және толыққанды адам қалыптастыру болып отырғандығын білесіздер. Білім мен тәрбие – егіз ұғым. Бізге білімді де тәрбиелі, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, тұлғалық қасиеті жетілген жастар керек. Ал ол білім және тәрбие арқылы келетіні түсінікті.

Кез келген адамның өз ана тілінде жоғары білім алу құқығы бар десек, біз осы уақытқа дейін, тарихтан белгілі, ЖОО-да қазақ жастарының өз ана тілінде толық білім алып шығу құқығын шектедік. Себебі саясаттың ықпалымен гуманитарлық бағыттағы еңбектердің барлығы дерлік орыс тілінде болды. Енді ғана мектеп қабырғасын бітіріп, жоғары оқу орнына табан тіреген қазақ тобы студенттерінің гуманитарлық пәндердің бірін түсініп, бірін түсінбегені ақиқат. Болашақ қазақ елінің тұтқасын ұстайтын азаматтардың жан-жақты, өзіндік пікірі мен ойы бар, көзқарасын айқын жеткізе алатын, әлемдік көлемдегі оқиғаларға баға беріп, сараптай алатын, сөздік қоры мол болсын десек, онда бұл бағытта гуманитарлық пәндердің атқаратын рөлі ерекше болмақ. Бізге тек жаратылыстану бағытындағы білімді жастар ғана емес, сол жастардың ұлтжанды, саяси белсенді, мәдениетті, өз құқықтары мен бостандықтарын білетін нағыз азаматқа айналғанын қалаймыз. Себебі кез келген адам ең алдымен қоғамның белсенді мүшесі болып табылады.

Енді «100 кітап» мәселесіне келейік. Қазіргі таңда жоспарланған барлық 100 кітап аударылып, ЖОО-ның кітапханаларына жеткізілді. Менің ойымша, 100 деген шартты ұғым, одан да артық оқулықтар аударылады деген ойдамын. Аударылған кітаптардың тілдері оқуға жеңіл, әрі түсінікті екендігіне баса назар аударғым келеді. Осы жерде аудармашы мамандарға рахмет, себебі аударылған оқулықтар жай кітап емес, ғылыми оқулықтар екендігін ескерсек, аударма ісі оңай емес, үлкен жауапкершілікті, шыдамдылықты талап ететін ауқымды жұмыс екендігін түсіну керек. Бұл кітаптардың барлығына студенттер мен оқытушылар өздерінің бағаларын берді және беріп те жатыр.

Ал енді осы қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық бізге не береді? Мемлекеттің қаншама қаржысын жұмсап отырған мұндай ауқымды жұмыстың не қажеті бар? Мұндай сұрақтардың болуы заңды.

Біріншіден, әлемдік көлемдегі мықты деген оқулықтарды өз ана тілінде оқу арқылы қазақ жастары үлкен мүмкіндікке ие болмақ. Бұл – еліміздің білім саласында бұрын-соңды болмаған оқиға. Осы арқылы біз ұлттық көлемде ғана емес, әлемдік көлемде де ойлай алатын білімді жастар санын

көбейтуге қол жеткізе аламыз. Сонымен қатар біз осы арқылы қазақ тобы студенттерінің толық та нақты жоғары білім алу құқығын қайтарып отырмыз деп ойлаймын.

Екіншіден, студент жастар әлемдік деңгейдегі оқулықтарды басқа тілдер арқылы емес, сол елдің тілінде автор қандай түсінікпен жазса, сол күйінде қазақ тілінде оқи алады. Оқулық бір тілден екінші, одан үшінші тіл арқылы аударылған сайын оның мазмұны өзгеріске ұшырауы мүмкін. Себебі шығарманы аудармашы өзіндік ұлттық болмыспен қабылдайды. Сондықтан автордың тілінен тікелей қазақ тіліне аударылуы білімнің нақты, анық, түсінікті болуын қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, осы оқулықтар арқылы жастардың дүниетанымының шеңбері кеңейе түседі. Бұрын тек қана отандық не ресейлік әдебиеттер мен оқулықтар арқылы білім алған олар енді әлемдік көлемдегі өзгерістер мен оқиғаларды түсініп, талдай алу дәрежесіне көтеріледі.

Төртіншіден, студенттердің жоғары оқу орындарында шетелдік әдебиеттер арқылы алған білімі олардың болашақта шет елдерде болған кезінде сол елдің тарихын, мәдениеті мен дәстүрін құрметтеуіне, сыйлауына, адамзаттық құндылықтарды бағалауға үйренеді және дағдыланады.

Бесіншіден, 100 жаңа оқулық бағдарламасы студенттердің ғана емес, профессор-оқытушылар құрамының да білімдерінің толығына, дүниетанымының кеңеюіне жол ашады. Себебі осы оқулықтармен оқытушылардың да көп жұмыс жасайтыны белгілі.

Алтыншыдан, қазіргі уақытта біз сөйлей алмайтын, өз ойын жеткізуге сөздік қоры аз, ойы жүйесіз студент жастардың ортасында отырғанымызды мойындауымыз керек. Адамның сөздік қорының көбеюі, аудитория алдында әдемі, түсінікті сөйлеу мәнері осы оқулықтар арқылы қалыптасады. Дайындап отырған шәкірттеріміз елдің болашақ тұтқасын ұстайтын ұрпақты тәрбиелейді, оларды қазақ тілінің өте бай сөздік қорымен қамтамасыз етуіміз керек.

Жетіншіден, кезінде әлемдегі кітапты көп оқитын ел болғанымызды еске түсірсек, мүмкін, осы арқылы студент жастардың жалпы кітапқа деген қызығушылығын оятудың жолы ашылар ма еді деген ойымыз бар.

Бірақ бұлардың барлығы алдымен алдымызда отырған студент жастардың кітапқа деген қызығушылығының қаншалықты деңгейде болатындығына байланысты өлшенбек. Егер де біз жастарды кітапханаға тарта алмасақ, кітапхана қорындағы кітаптармен жұмыс істете алмасақ, онда ісіміздің зая кеткені.

Сондықтан осы мәселеге бағытталған осы уақытқа дейін жүргізілген барлық іс-шараларымыз жастардың жалпы кітапқа деген қызығушылығын оятуға және арттыруға арналғаны рас. Қызығушылықты ояту және арттыру – 100 кітапты игеруге деген үлкен қадам болмақ. Қазіргі заманауи цифрлық технологияның уақытында бұл жұмысты іске асыру қиын екендігі

түсінікті. Бірақ қол қусырып қарап отыруға тағы болмайды. Себебі уақыт бізді күтпейді.

Ал ол үшін не істеу керек?

Біріншіден, студенттермен өткізілетін дөңгелек үстелдер, семинарлар мен кездесулерді, көрме ұйымдастыруды көбейту, себебі біз бір-екі іс-шарамен жастардың қызығушылығын арттыра алмаймыз. Қоғамда жалпы осы «Рухани жаңғырудың» жұмыстарына кері көзқарастағы пікірлердің бар екендігі, бос сөз деп айыптайтындардың жоқ еместігін білеміз. Бірақ бұл ұлттық идеология екендігін ескеруіміз керек. Біз енді ғана өзімізді өзіміз танып келе жатқан ұлтпыз. «Сіздер сол кезде не істедіңіздер?» деген сұраққа болашақ ұрпақ алдында жауап беретін уақыт та келеді. Не деп жауап береміз? Осыны естен шығармауымыз керек.

Екіншіден, аймақтағы беделді де атақты қоғам қайраткерлерімен, ғалымдармен, белгілі бір дәрежеде үлкен жетістікке жеткен ЖОО-ның түлектерімен кездесуді ұйымдастыру. Себебі ол кісілер өз білімдерін кітап оқу арқылы шыңдап, үлкен тұлғалық дәрежеге жеткен болатын. Олардың өмір тәжірибесі жастар үшін үлкен өмірлік сабақ. Көзбе-көз отырып, сұрақ-жауап түрінде болатын мұндай кездесулер жастардың ойында ұзақ сақталады.

Үшіншіден, БАҚ арқылы тікелей сұхбаттар өткізу, мақалалар жариялау. Ол сұхбаттардың, мақалалардың сілтемесін (ссылкасын) студенттердің чадтарына салу керек. Бұл қазіргі пандемия кезінде ең тиімді де оңтайлы жол деп есептеуге болады.

Төртіншіден, жергілікті кітапхана басшылығымен келісе отырып, арнайы онкүндік, яғни декадалар ұйымдастыру.

Бесіншіден, студенттер арасында 100 кітапқа байланысты әр түрлі формада жүлделі орындар тағайындау арқылы жарыстар ұйымдастыру. Мұндай жарыстар жастардың ізденуіне, оқуына, жұмысқа жауапкершілікпен қарауына әсер етеді.

Алтыншыдан, жоғары оқу орындарының болашақ студенттері ретінде игеріп кетуіне оңай болу мақсатында бұл оқулықтарды мектептің жоғары сынып оқушыларына да оқыту қажет.

Осының барлығы біздің іс-шараларымыздың далаға кетпей, белгілі бір нәтижеге қол жеткізуімізге жол ашады деген ойдамын. Бағдарламалық мақалада көрсетілгендей бұл жұмыстар 5-6 жылда нәтиже беруі тиіс, бірақ нәтиженің шығуы жұмысқа байланысты. Әлеуметтік зерттеулер бойынша кез келген іс-шараға қатысып отырған студент өткізілген іс-шарада айтылғандардың 10-15 пайызын ғана игереді екен. Сондықтан білім де, тәрбие де тоқтамайтын, үздіксіз әрі жылдар бойы қалыптасатын процесс десек, онда жұмысымызды тоқтатпауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

Н.Ә.Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы «Атамұра», 1999.

Н.Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». // Егемен Қазақстан, № 70, 12 сәуір, 2017 жыл.

ТӨГІЛГЕН ҚАННЫҢ, ӨЛМЕГЕН ЖІГЕРДІҢ ОТЫМЕН КЕЛГЕН ТӘУЕЛСІЗДІК

Қымбат АБДРАХМАНОВА,
Қарағанды жоғары политехникалық
колледжінің тарих пәні оқытушысы

Қазақ халқының сан ғасыр арман еткен тәуелсіздік таңы 1991 жылы 16 желтоқсанда атқан еді. Бұл күні біздің еліміздің тәуелсіздігі қайта жаңғырған болатын. Бұл жолда талай қазақ баласы құрбан болды. Десек те Тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенімізді жазбас бұрын, одан қалай айырылғанымызды айтсақ жөн болар. Олай болса тарихымызға үңіліп, еліміздің егеменді елден бодандыққа қалай түскенін айтып өтейік.

XV ғасырдың ортасында Орталық Азияның кең даласында өздерін «Қазақ» деп атаған қауымдастық тарихи аренада пайда болып, Қазақ хандығы құрылуымен Қазақстанның жеке тарихы қалыптасады. Қазақ хандығының құрылуы Алтын Орда, Ақ Орда және Моғолстан сияқты мемлекеттерінің даму тарихы мен өмір сүруінің жалғасы болды.

Ең алғаш туын тіккен елдің болашағы қашанда бұлыңғыр болатыны белгілі. Ол үшін құрылмақшы болып жатқан елге білгір де қайратты, парасатты көшбасшылар керек. Бұл көшбасшылар хандықтың туын көтеріп, шаңырағын көтерген алғашқы хандары Жәнібек пен Керей болатын. Олар құрған хандық өз заманында ең мықты, ең беделді мемлекеттердің бірі еді.

Шығыс-Дешті-Қыпшақ аумағында Қазақ хандығының билігінің толық және түпкілікті орнауы – хандықтың құрылуының аяқталғанын көрсетеді. Қазақ хандығының жері бірнеше есе ұлғайып, халқының саны миллионға жеткен тұс – Қасым ханның дәуірі. Жалпы, қазақ үшін ең маңызды кезеңдердің бірі дәл осы тұс. Тарихта Қасым ханның есімі Қазақ хандығының күшеюі және нығаюымен тікелей байланысты.

Қазақ тарихында Қасым ханнан кейін де тарихымызда ерен еңбегі мен ел басқару қабілетімен мықты хандар билік жүргізді. Еліміздің екіге бөлініп кетуінен сақтап қалған Есім хан, жоңғар мемлекетімен соғыста ерлік танытқан Жәңгір хан, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды орнатқан және «Жеті жарғы» атты заңдар жинағын шығарған Тәуке хан, дипломатияны шебер пайдалана біліп үш жүздің басын қосуға ұмтылған Абылай хан, ең соңғысы патшалық Ресейдің басқару саясатына қарсы шығып, хандықты қалпына келтіруде аянбай тер төккен Кенесары хандардың есімі қазақ тарихында алтын әріптермен сақталды.

Қазақ хандығының әлсіреуінің негізгі себебі 1635 жылы құрылған Жоңғар мемлекеті еді. Жоңғарлардың үздіксіз жасаған жорықтары Қазақ хандығы әлсіреп, татулығын кетіріп, жүздерге бөліне отырып көрші жатқан елдерге жем болуына әкелді.

Солтүстік пен батыста Ресей, шығыста – Қытай, оңтүстікте Хиуа, Қоқан хандықтары жоңғарлар бастаған дүрбелеңді жалғастырып, халқымызды жан жақтан талаған еді. Осы бір қиын қыстау кезеңде Кіші жүздің ханы Әбілхайырға мәселелерді шешу үшін солтүстіктегі қуатты көрші елі Ресеймен татутәтті қарым-қатынас орнату – қазақ халқының тұрақтылығы, көрші елдердің тынымсыз шабуылынан мазасы кеткен қазақ даласында тыныштық орнатудың

бірден-бір кепілі болып көрінді.

Алайда бұл келіссөздер Қазақ хандығының Ресейге қосылуымен аяқталды. Ресейге қосылу бір жарым ғасырға жуық уақытқа созылды. Міне, қазақ халқының егемендігінен осылайша айрылған болатын. Ресей патшалығының отарлау саясаты жерлерді тартып алудан басталып, хандық билікті жоюмен және қазақ халқын қанаумен жалғасқан.

Қазақ халқының азаттығы жолында, сол егемендіктің қайта жаңғыруы үшін талай бас көтерулер мен көтерілістер болған еді. Оның басында қазақтың біртуар батырлары Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Кенесары Қасымұлы, Амангелді Иманов және т.б. болған. Бұл көтерілістердің барлығы жеңіліспен аяқталғанымен, ұлт бойындағы азат рухтың, еркіндікке деген ұмтылыстың отын сөндірмеуге өз септігін тигізді.

XX ғасырдың басында Ресейде монархиялық биліктің құлатылып, орнына күреспен келген кеңестік биліктің орнауы қазақ халқы үшін патшалық империядан қызыл империя құрамына өтуімен ғана ерекшеленді. Бірақ бұл кезеңде де тәуелсіздік үшін күрес тоқтатылмады. Ол Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов бастаған алашордалықтардың жүргізген саясаты арқылы жүзеге асты. Кеңестік үкімет XIX ғасырдың орта тұсында қатты белең алған көтерілістер жалғаспасын деген оймен алдымен ұлттың бойындағы рухты өшіруге тырысты. Оны жүзеге асыру үшін Кеңестер үкіметі білім мен ғылым қуған алашордалықтарды қуғынға ұшыратып, олардан бөлек бой көтерер азаматтардың бәрін ату жазасына кесті. Артынша қазақты түбегейлі әлсірету үшін қолдан ашаршылық ұйымдастырып, халқымыздың тең жартысын қырды. Бірақ қазақ осы қиындықтың бәріне төзіп қана қоймай, орнынан қайта тұруға да шамасы бар екенін 1986 жылдың желтоқсанында болған көтеріліс арқылы дәлелдеді. КСРО-ның тоталитарлық, отаршыл саясатына қарсы қазақ жастарының азаттық күресі тарихи маңызы бар үлкен оқиға болды. Сондықтан да желтоқсан оқиғасын 70 жылдық әміршіл-әкімшіл Кеңестік жүйеден кейін, Қазақстанның қайта түлеуінің бастауы деп атап көрсете аламыз.

1991 жылы барлық азаптың өтеуі ретінде еліміз тәуелсіздікке жетті. Тәуелсіздік – бұл азап пен төзімнің, халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтеуі болды. Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел ретінде танылғанына міне 30 жыл болды. Тәуелсіздік сияқты ұлттық мерекені бүгінгі таңда қазақ халқы жүрегімен сезінуі керек. Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры, халықтың рухы, жігері. Тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн!

Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын, қазағым!

Қарағанды қаласы.

ВОСПИТАНИЕ ПАТРИОТИЗМА НА УРОКАХ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Айгуль КОЛДАЕВА,
преподаватель истории высшего колледжа
Казахстанско-Американского свободного университета

*Любить свою Родину – значит пламенно
желать видеть в ней осуществление идеала
человечества и по мере сил
своих способствовать этому.*
В.Г.Белинский.

В числе глобальных проблем человечества проблема воспитания подрастающего поколения для всех народов и государств является одной из самых актуальных.

Сегодня политика нашего государства направлена на сохранение суверенитета и целостности нашей страны. Задача учителя заключается в том, что бы вся деятельность была направлена на формирование у учащихся чувства патриотизма. Воспитание патриотизма является чуть ли не самой актуальной темой в наше время. Именно люди, горячо любящие свою родину, всю свою деятельность направляют на ее процветание.

Развитие и процветание любого государства, в том числе и Казахстана, может быть успешным лишь при активном участии в этом процессе подрастающего поколения. Закон Республики Казахстан «Об образовании» требует активного формирования у молодежи высоких нравственных качеств: чувства национальной гордости, патриотизма, гуманного отношения к людям, уважения к своей культуре, самобытности народа, нравственного поведения.

Духовно-нравственное воспитание – это процесс содействия восхождения детей к нравственному идеалу, через приобщение их к нравственным ценностям (добро, долг, верность, истинность, благородность, отзывчивость, милосердие), а достигая до сердца и души сегодняшнего школьника становится все сложнее. Ещё К.Д.Ушинский предлагал воспитывать учащихся, используя народные национальные традиции. А где ещё можно изучать их, как не на уроках предметов гуманитарного цикла?

Прежде всего, история Казахстана, так как именно эта учебная дисциплина, привлекает внимание учащихся к важным вопросам самоопределения личности, к проблемам нравственного выбора, их эмоционального переживания.

Сегодня на историю Казахстана, как на учебный предмет возлагается особая миссия – воспитание духовно-нравственной личности, обладающей высокой степенью осознания себя гражданином Казахстана. Выявить духовные богатства, которые были накоплены человечеством за всю историю его развития, и понять взаимосвязь каждого человека с всеобщими нравственными и духовными законами. Задача исторического образования – вырастить гражданина, умеющего мыслить, чувствовать, действовать, т.е. духовную личность.

Важнейшей целью современного отечественного образования и одной из приоритетных задач общества и государства является воспитание, со-

циально-педагогическая поддержка становления и развития высоконравственного, ответственного, творческого, инициативного, компетентного гражданина Республики Казахстан.

Воспитать нравственного человека – сложнейшая задача, но она достижима.

История Казахстана – это такой предмет, который участвует в процессе формирования нравственных ценностей.

Перемены, происходящие в общественно-политической жизни страны за последние десятилетия неизбежно повлекли за собой изменение нравственно-духовных ориентиров, идеалов, содержания всех форм общественного сознания.

На уроках истории Казахстана, во внеурочное время, по возможности делилась своими мыслями с ребятами, интересовалась с их мнением. К сожалению, все больше и больше убеждалась в том, что для многих патриотизм, это просто определение, не было глубокого понимания, переосмысления. Я понимала, что виноваты не только дети, но и мы взрослые, не научившие их любить себя, родных, землю, на которой родился. Родину, которой должен гордиться, историю Казахстана, которую обязан знать. Преподавание истории Казахстана было благодатной почвой для воспитания патриотизма: на примерах исторических личностей можно было рассказать о мужестве, героизме, на конкретных исторических фактах показывать причинно-следственные связи.

Сегодня из-за подготовки учащихся к ЕНТ, преподаватель отходит от ярких, эмоциональных, образных рассказов, заменив их на простое натаскивание, на зазубривание множества дат, имен, событий и т.д. Можно ли таким образом прививать детям любовь к истории родного государства, не говоря уже о чувствах патриотизма, гражданственности и духовно-нравственных ценностей?

Использование документально-методического комплекса возможно на различных этапах урока. Так при изучении темы «Джунгаро-казахские войны» для создания эмоционального фона, поддерживающего познавательный интерес к изучаемым фактам, стало применение книги И. Есенберлина «Кочевники». Яркие описанные подвиги Богембая-батыра, решающая схватка Бурундука с Караченом, описания внезапного нападения джунгар на Казахстан, описание картин жестокости джунгар по отношению к мирному населению, «тактики волчьей стаи», последствия нашествия, заставили представить величие народа в его стремлении к победе, понять, что только в единстве Казахстан мог выстоять. Это твоя земля, политая щедро потом и кровью. Земля священна. Мы говорим «Жер-Ана» – материнская земля.

Рассказывая о Великой Отечественной войне, я не уставала повторять, что только благодаря патриотизму простого народа, нам удалось победить фашизм. Ценой огромных людских жертв досталась

победа. Несмотря на голод, холод, разруху каждый гражданин Советского Союза, от мала до велика, внес свою лепту для приближения Победы. Сегодня, мы должны чтить память тех, кто не пришел с поля боя, не дожидаясь очередного юбилея, помогать тем ветеранам, которые рядом с нами, их осталось очень мало.

При изучении истории сегодня, когда, например, вскрываются факты страшных преступлений тоталитарного режима, голода, процесса депортации, возникает желание выступить в роли судьи. Но нужно удержаться и учеников от стремления судить своих предков, на чью долю выпали войны, террор, революции. Нравственная задача учителя при этом – «перенести» школьников в изучаемую эпоху, добиться её глубокого понимания. На таких уроках, например «Эпоха сталинизма» и т.д., учащиеся, используя разные источники, мнения современников, историков, дают свою оценку историческим личностям, событиям и фактам истории.

Эффективным приемом нравственного воспитания являются специально составленные познавательные проблемные задания, которые даются в начале урока: «Присоединение Казахстана к России: добровольный или насильственный процесс?» Такие задания помогают активизировать мыслительную деятельность учащихся, сопереживать и сострадать, что необходимо на уроке.

Уроки истории Казахстана побуждают подрастающего человека мыслить, быть душевно причастными к великим деяниям народа. Так, на уроке в 11 классе по теме «Политические партии Казахстана», чтобы понять, почему казахская интеллигенция начала XX века выступала за национальную независимость, нужно познакомиться с личностями героев, их социальным положением. Дети часто не могут понять, зачем богатейшим людям, с высшим образованием, которые имели фактически все, погибать, идти на каторгу, лишиться всего ради благополучия народа. Это яркий пример нравственного подвига настоящих патриотов Казахстана. Предлагаю учащимся «перенестись» назад и предложить свое развитие событию, конечно, прошу как можно полнее объяснить из точки зрения. Например, прежде чем изучать политику Абулхаир хана или восстание под предводительством Кенесары Касымова, мы с учащимися обсуждаем вопросы:

- как вы относитесь к исторической личности, которая имела благие цели помочь ханству от внешних врагов, но привела к колониальной зависимости?

- как вы относитесь к исторической личности, если его деятельность имеет положительные результаты, но осуществляется жестокими методами и средствами?

Учащиеся по-разному отвечают на каждый вопрос, при этом наблюдаешь как у них происходит формирование духовных ценностей. Настоящее воспитание историй, на мой взгляд, заключается в представлении ученику реальных возможностей примерять на себе исторические роли.

Изучение исторических документов, их подробный анализ позволяет ученикам высказать своё собственное мнение по проблеме, опираясь на нравственные ценности, которое выработало человечество за свою непростую историю. Внеклассная работа по предмету обогащает духовный мир ученика. Участие в различных конкурсах, олимпиадах, викторинах развивает навыки самостоятельной работы.

Программа Министерства образования Республики Казахстан «Патриотическое воспитание граждан Республики Казахстан» ориентирована на повышение общественного статуса патриотического воспитания в учебных заведениях. Патриотизм объективное реальное духовное явление. Оно проявляется в политической культуре граждан становится источником силы, единства народа и целостности государства. Сегодня нет сомнения в изучении этого феномена. Ибо не было и нет государства, которое не нуждается в патриотизме своих граждан.

«Страна сильна любовью патриотов,

Они – ее надежда и оплот.

Из глубины веков и вдаль веков грядущих

Родную землю сбережет народ».

Вот портрет юного патриота. «Я – сын своего Отечества:

- изучаю прошлое, интересуюсь настоящим моей Родины, меня волнует будущее моего Отечества;

- люблю богатый, красивый язык моего народа;

- горячо откликаюсь на происходящее в Отечестве и на судьбы моих соотечественников;

- горжусь своей Родиной и страдаю от постыдных явлений отечественной жизни;

- желаю блага и процветания моему народу;

- честно делаю свое дело во имя блага своей страны и во имя улучшения жизни моего народа;

- если возникнет необходимость, я буду защищать свое Отечество по мере своих сил».

Народная мудрость гласит: «Человек есть то, что он из себя сделал».

Я стараюсь, чтобы на мои уроки ученики шли с удовольствием, а уходили с желанием поскорее встретиться снова. И мы вместе с ними движемся вперед, пытаюсь достичь каких-либо высоких результатов. И пусть это тихое, почти незаметное для других движение вперед окрыляет и дает новые силы для дальнейшей работы. Только так мы можем воспитать новое поколение, которое выдержит все испытания и трудности, выпавшие на долю нашейотчизны, потому что жива его история, а значит, жив Казахстан.

Такая работа учит детей доброте, вниманию, уважению и конечно – любви к самому дорогому, что их окружает: родители, близкие, любимые места.

Вот и получается, что история – это и есть учитель, учитель помогающий понимать действительность, искать достойные примеры не только в прошлом, но и в настоящем, учитель обогащающий душу, учитель помогающий воспитать не просто гражданина, а настоящего патриота своей Родины. Причины многих бед, нестроений в жизни детей, подростков заключаются в незнании ими смысла жизни, правдивой истории, культуры и духовности своего народа, в неумении отделить хорошее от плохого.

На этой земле ты появился на свет, в эту землю в положенный срок и уйдешь. Это закономерно. Этим путем прошли твои предки.

ЛИТЕРАТУРА

- Буторина Т.С. Воспитание патриотизма, 2004. -224 с.
Гасанов З.Т. Цель, задачи и принципы патриотизма, // Педагогика. – 2005. -№6.-с.59-63
Касимова Т.А. Патриотическое воспитание школьников, Алматы: Мектеп, 2005. – 64с.
Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999№ - 296с.
Конституция Республики Казахстан, Алматы, 2007.

Өскемен қаласы.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ РЕСЕЙГЕ ҚОСЫЛУЫ

Нұрланат ДӨҢБАЕВ (Донбаев),
Ғани Мұратбаев атындағы шағын жинақты
жалпы орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабақ тақырыбы:	Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталуы.	
Оқу мақсаты:	7.3.2.2- Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау.	
Сабақтың мақсаттары:	Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын сипаттайды, Әбілқайыр ханға қарсы оппозицияның қалыптасуы туралы ақпараттар алады.	
Бағалау критерийлері	Әбілқайыр ханның оның төңірегіндегілердің Ресейдің қол астына өтуін қабылдау мәселелерін анықтайды.	
Тілдік мақсат:	Оқушылар: Өз бетінше оқулықпен жұмыс жасай алады, тақырыппен жаңа сабақты байланыстырып, жұмыс жасай алады, пәнге деген қызығушылығы артады.	
	Негізгі сөздер мен тіркестер: оқушылар кездескен Нұралы, оппозиция, А.И.Тевкелев сөздерін жазады, оқиды, айтады, тыңдайды.	
	Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктері: Сынып оқушылары қарым-қатынасқа түсе отырып, ойын еркін жеткізе білуге ұмтылады, алған білімдерін тұжырымдайды, бір-біріне сұрақтар қояды.	
Құндылыққа баулу	6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.	
Пәнар. байланыс	Дүние жүзі тарихы, география.	
АКТ қолдану дағдылары	Суреттер, үлестірме материалдар.	
Бастапқы білім	Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталуы.	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңі	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы 0- 3 минут	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Жағымды ахуал қалыптастыру: оқушылар бір-біріне тілек айтады. Суреттерді құрастыру (мозайка әдісі) арқылы оқушыларды: I топ, Ұлы жүз; II топ, Орта жүз; III топ, Кіші жүз топтарына біріктіру. «Миға шабуыл» әдісі арқылы үй тапсырмасын пысықтаймын. *Қазақ хандығының ішкі жағдайы қандай еді? *Қай жылы кіші жүздің билері Әбілқайыр ханға Ресеймен әскери одақ жасасуды ұсынды? *Әбілқайырдың ордасында Ресей елшілері қалай қабылданды? *Қай жылы Петербургтен А.И.Тевкелев бастаған елшілік Әбілқайыр ханға келді? *А.И.Тевкелевке жүктелген міндеттің мақсаты неде? *Әбілқайыр ханның ұлы кім? *Әбілқайыр ханға оппозицияның қалыптасу себептерін талда? *Таймас Шайымов кім? Дескриптор: -Қазақ хандығының ішкі саясатын талдайды. -Әбілқайыр ханның Ресей бодандығын қабылдауы туралы ақпараттар алады ҚБ: Оқушыларды марапаттап отыру.	Қосымша материалдар
3-10 минут		Карта Сұрақтар

Сабақтың ортасы/ сабақтың негізгі бөлімі 10-15 минут 15-35 минут 35-40 минут	Жаңа сабаққа шолу жасап, түсініктеме беріп, оқушыларға ұсынамын. Мәтінмен жұмыс: Тақырыпшаны топтар алып танысады, анықтап алып тақырыпшаларды оқып шығады. Кіші қазақтарының Ресейге қосылуы тақырыбы бойынша видеоүзінді көрсету. «Ойлан, Жұптас, Пікірлес» әдісі арқылы топтағы оқушылар берілген тақырыпшаларды алып оқып танысады, талқылап, талдап, берілген тақырыпшалар бойынша қағазға түсіріп топтарға, бір-біріне түсіндіріп шығады, ойларын айтады. Тапсырмаларды орындау барысында оқушылар тақырыптарды меңгеріп, алған білімін көрсете білуі тиіс. Суретті сипаттау: Картамен жұмыс. Дескриптор: -Қазақтардың Ресейдің қол астына өтуінің салдарын анықтайды Тест жұмысы: 1.Ресей бодандығын қабылдау туралы ант берген Кіші жүз ханы? А) Әбілқайыр хан. В) Абылай хан. С) Нұралы хан 2. Қазақтардан ант алу үшін Петербургтен келген елші? А) А.И.Тевкелев В) А.Иоанновна С) П.С.Паллас 3. Кіші жүз қазақтарын Ресейдің қол астына алу туралы гроамотаға қол қойған? А) А.Иоанновна В) І Александр С) А.Тевкелев 4.Қырғыз-қайсақ (Орынбор) экспедициясы құрылған жыл? А) 1734 ж. В) 1731 ж. С) 1736 ж. 5.Кіші жүз қазақтары Ресейге қосылғаннан кейін жорық ұйымдастырған жоңғар қоңтайшысы? А) Қалдан Серен В) Батыр С) Цеван-Рабдан «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы жаңа сабақты қорытындылап, пысықтаймын. *А.И.Тевкелев пен Т.Шайымовқа атақ дәреженің берілу себептерін атаңдар? *1731 жылы қандай оқиғалар болды? *Қазақтардың Ресейдің қол астына өтуінің жағымды салдары болды ма?	Қосымша материалдар. Оқулық Bilimland.kz порталы.																								
Сабақтың соңы 40-45 минут.	Кері байланыс: Сабақта алған әсерлерін Қосу, Алу, Қызықты кестесі арқылы береді. <table><tr><td>+ Қосу</td><td>- Алу</td><td>Қызықты</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table>	+ Қосу	- Алу	Қызықты																						
+ Қосу	- Алу	Қызықты																								
Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? -Қазақтардың Ресейге қосылуы қашан басталды? Ғасырдың жартысында немесе жылы. Сандар сөйлейді: 1991, 30, 1731, 180	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? Бағалау парақшасы арқылы бағаланады. <table><tr><td>қ/с</td><td>Оқушы аты-жөні</td><td>Үй тапсырмасы</td><td>Жаңа сабақ</td><td>Бекі-ту</td><td>Қорытынды бағасы</td></tr><tr><td>1</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>2</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>3</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>	қ/с	Оқушы аты-жөні	Үй тапсырмасы	Жаңа сабақ	Бекі-ту	Қорытынды бағасы	1						2						3						Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы. Указканы дұрыс пайдалану АКТ пайдалану ережесін ұстану.
қ/с	Оқушы аты-жөні	Үй тапсырмасы	Жаңа сабақ	Бекі-ту	Қорытынды бағасы																					
1																										
2																										
3																										
Рефлексия																										
	Үйге тапсырма: Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталуы 35 беттегі кестені толтыру.																									
Жалпы баға. Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз): 1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алды (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз): 1: 2: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік /қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?																										

Түркістан облысы, Отырар ауданы, Қостерек ауылы.

ОҒЫЗ МЕМЛЕКЕТІ

Таңат ЖҰМАБЕК,
эл-Фараби атындағы № 14 мектеп-гимназияның тарих пәні мұғалімі

Зерттеу сұрағы: Қазақстанның орта ғасырлар тарихында Оғыз мемлекетінің алатын орны қандай?																													
Сабақ мақсаты	Оқушылар. Оғыз мемлекетінің даму ерекшеліктерін түсіндіреді.																												
Оқу мақсаттары	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.																												
Бағалау критерийлері	Оғыз мемлекетінің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын сипаттайды; «Оғызнама» жырының жазбаша дереккөз ретінде мазмұнын зерттейді; Оғыз мемлекетінің ортағасырлық Қазақстан тарихындағы алатын орнына баға береді және кем дегенде 3 дәйекпен дәлелдейді.																												
Құндылықтар	- өз отанын сүю; - патриотизм; - ұлттық сана-сезім; - тәуелсіздік.																												
АКТ дамуы	Ақпарат іздеу мақсатында интернет сайттарымен жұмыс жасау.																												
Пәнар. байланыс	Дүниежүзі тарихы, география, әдебиет.																												
Алдыңғы білім	Оқушылар өткен сабақтарда VI – IX ғғ. Қазақстан территориясында қалыптасқан түркі мемлекеттерін зерттеді.																												
Сабақ барысы																													
Сабақ кезеңі	Сабақта орындалатын іс-әрекеттер	Ресурстары																											
Сабақтың басы	БЫМ Бастапқы ынталандырушы материал ретінде оқушылардың назарына Оғыз мемлекетінің құрылуы туыралы бейнероликті 1 минут 30 секундтан бастап көрсетіңіз. Барлық сыныппен бейнематериал бойынша талқылау жұмысын ұйымдастырыңыз: Бейнебаянда қандай мемлекет жөнінде айтылған? Қалай ойлайсыздар бұл мемлекеттің Қазақстан тарихында маңызы зор ма? Бүгін біз қандай тақырыпты қарастыратын боламыз? Б Оқушылар өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді. М Презентацияның көмегімен оқушыларды жаңа тақырыппен, оқу мақсаттарымен және бағалау критерийлерімен таныстырыңыз.	Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. I-IIт. – Алматы: «Атамұра», 2010 ж																											
Сабақтың ортасы.	Зерттеу сұрақтары: Оғыз мемлекетінің аймағының кеңеюіне не әсер етті? Оғыздардың Қазақстан тарихында алатын орны қандай болды? «Оғызнама» жыры тарихи дереккөз ретінде қандай ақпарат береді? Зерттеу және талдау. М Топтарға Оғыз мемлекетінің қалыптасуы мен дамуы жөніндегі бейімделген материал ұсындым. 1-тапсырма.Топтың мүшелері төмендегі тапсырмаларды орындауы қажет: 1-топ: Оғыздардың орналасу аймағын, ордасын және шектесетін көрші тайпалар мен мемлекеттерді сипаттап, кескін картаға енгізеді. 2-топ: Оғыздардың этникалық құрамын және этимологиясының шығу тегін талдап, постерге түсіреді. 3-топ: Оғыздардың әлеуметтік құрамын зерттеп, әлеуметтік пирамидаға сәйкестендіреді. Топтар өз жұмыстарын қорғау барысында қалған оқушылар тыңдап, парақтарды толтырып отыруы тиіс. Ақпараттық органайзер <table><tr><td>Аймақ атаулары</td><td>Маңызды даталар</td><td>Тарихи хронология</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Кілтті терминдер</td><td>Ерекшеліктері</td><td>Маңызды оқиғалар</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table>	Аймақ атаулары	Маңызды даталар	Тарихи хронология													Кілтті терминдер	Ерекшеліктері	Маңызды оқиғалар										Презентация A4 форматындағы қағаздар, стикерлер, маркерлер. Презентация Презентация
Аймақ атаулары	Маңызды даталар	Тарихи хронология																											
Кілтті терминдер	Ерекшеліктері	Маңызды оқиғалар																											

	Тапсырманы орындауға арналған критерийлер. - Мемлекеттің географиялық орналасуы мен ордасын көрсету; - Оғыз мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық саласындағы маңызды 3 факторды сипаттаңыз; - Оғыз мемлекетінің сыртқы саясатындағы маңызды 3 факторын келтіріңіз; - Ортағасырлық Қазақстан тарихындағы Оғыз мемлекетінің алатын орнына баға беріп, оны 3 дәйекпен бекітіңіз. БС. Оқушылар өздерінің қалауы бойынша сыныпқа өз парақшасын келтіруі мүмкін. Жұптар бір-бірімен алмасып, бір-біріне кері байланыс береді. Атқарылған жұмыстың нәтижесі бойынша сыныптық талқылау ұйымдастырыңыз. Сұрақ-жауап. Оқушылар бір-бірінің жауабын толықтыруы мүмкін. Интерпретация. Ж Келесі кезеңде жеке жұмысты ұйымдастырыңыз. Әрбір оқушыға 3-тапсырманы орындау үшін дерекпен жұмысты ұсыныңыз. Рашид ад-Диннің «Оғызнама» дерегінен үзінді: <i>Ей, ұлдарым менің</i> <i>Мен басымнан көп нәрсе өткіздім.</i> <i>Талай-талай шайқасты көрдім,</i> <i>Садақ тартып, оқ аттым,</i> <i>Дұшпандарымды жылаттым,</i> <i>Достарымды күлдірттім.</i> <i>Көк Тәңірі алдындағы парызымды өтедім.</i> <i>Ел – жұртымды сендерге табыс етем.</i> Оқушыларға деректегі ақпаратты түсінуіне арналған тапсырманы ұсыныңыз. Тапсырманы орындау критерийлері: Деректе қандай кілтті сөздер қолданылған және олар нені білдіреді? Автор қандай идеяны (көзқарасты) ұсынбақ болды? Деректе берілген ақпаратты түсіндіріңіз. Деректегі ақпараттың құндылығы неде? Қандай оқиғаға байланысты дерек жазылды? «Оғызнаманың» басты идеясы – бүкіл түркі елін бірлікке шақыру, достық пен адамгершілікке үндеу, сыртқы жауға қарсы күресу болып табылады деген қорытынды жасауға оқушыларды жетелеңіз.	Презентация
Сабақтың соңы	Рефлексия: «Екі жұлдыз, бір тілек» көмегімен сабақты қорытындылаңыз. Оқушылар өткен сабақ бойынша рефлексия жасайды. Үй тапсырмасы: Оқушыларға «Қазақстан тарихындағы Оғыз мемлекетінің орны» тақырыбындағы баяндама дайындауды ұсыныңыз. Баяндама үшін критерийлер: 400 сөзден артық емес. Басты идеяларды анықтау. Дәлелдермен бекіту. Қорытынды жасау.	Стикерлер
Рефлексия. Сабақ мақсаты/оқу мақсаты қаншалықты жүзеге асты? Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды? Дифференциялап оқыту өз мәнінде жүзеге асты ма? Өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба?		
Төменде берілген бос орынды өз сабағыңызға рефлексия жүргізу үшін пайдаланыңыз. Сабағыңызға қатысты сол жақ бағанда келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.		
Қорытынды бағалау. Ең жақсы өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (оқытуға және үйренуге қатысты) 1: 2: Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқытуға және үйренуге қатысты)? 1: 2: Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар туралы келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпаратты білдім?		

Түркістан облысы,
Кентау қаласы.

ӨЗЕН АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ӨРКЕНИЕТТЕР

Света ИШЕБАЕВА,
№ 26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: «Өзен алқаптары өркениеттері»		Тақырыбы: Өзен алқаптарындағы өркениеттер туралы қалай біле аламыз?															
Пәні: Дүниежүзі тарихы.																	
Оқу мақсаттары	5.4.1.3 Ежелгі өркениеттердің шаруашылық жүйесін сипаттау. 5.2.2.3 Ежелгі дүниенің өнеріне сипаттама беру.																
Сабақ мақсаты	Қосөзенде мемлекеттердің қалыптасуы, шаруашылығы мен өнері туралы түсінеді, біледі, сипаттайды.																
Бағалау критерийлері	«Ұлы өзен өркениеттері» аймақтарын анықтайды. Қосөзендіктер айналысқан шаруашылық түрлері анықтайды. Ежелгі дүние өнеріне қатысты ұғымдарға анықтама береді.																
Сабақ барысы																	
Сабақ кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар														
Сабақтың басы	Мұғалім оқушылармен амандасып, олардың назарларын сабаққа аудару, бүгінгі сабақтың бағалау критерийлерімен таныстыру. Ынтымақтастық атмосферасын құру. Тақырыпқа кіріспе. Оқушылардың назарларын сабаққа аудару мақсатында суреттер ұсыну. «Галерея» әдісі арқылы сұрақтар беріледі: - Суреттерден не көрдіңдер? -Онда қандай көріністер бейнеленген? -Жаңа сабағымыз не туралы өтеді деп ойлайсыңдар?		Суреттер														
Жаңа сабақ	Мәтінмен жұмыс. Мәтінді оқиды, тапсырмаларды орындайды. 1-тапсырма: Кестедегі бос орындарға Қосөзенде орналасқан өркениеттерді жазамыз. Қосөзен өркениеттері Дескриптор: Қосөзенде орналасқан өркениеттерді анықтайды. 2-тапсырма: Қосөзендіктер айналысқан шаруашылық түрлерін анықтап, сипаттама береміз. <table border="1" style="width: 100%;"><thead><tr><th style="width: 50%;">Шаруашылық түрлері</th><th style="width: 50%;">Сипаттамасы</th></tr></thead><tbody><tr><td> </td><td> </td></tr><tr><td> </td><td> </td></tr><tr><td> </td><td> </td></tr></tbody></table>		Шаруашылық түрлері	Сипаттамасы							Оқулық Карта						
	Шаруашылық түрлері	Сипаттамасы															
Дескриптор: Қосөзендіктер айналысқан шаруашылық түрлерін анықтайды. Қосөзендіктер айналысқан шаруашылық түрлерін сипаттайды. 3-тапсырма. Кестеде берілген тірек сөздерді сипаттамасына қарай сәйкестендіріңдер. <table border="1" style="width: 100%;"><thead><tr><th style="width: 20%;">Тірек сөздер</th><th style="width: 5%;"> </th><th style="width: 75%;">Сипаттамасы</th></tr></thead><tbody><tr><td>Өркениет ошақтары</td><td>A</td><td>Вавилон қаласының билеушісі.</td></tr><tr><td>Сына жазуы</td><td>B</td><td>Ежелгі замандарда шаруашылығы, құрылысы мен мәдениеті жағынан ерекшеленген аймақтар.</td></tr><tr><td>Аспалы бақ</td><td>C</td><td>Балшықтарға батыра отырып жазылған жазу.</td></tr><tr><td>Хаммурапи</td><td>D</td><td>Әлемнің жеті кереметінің бірі.</td></tr></tbody></table>		Тірек сөздер		Сипаттамасы	Өркениет ошақтары	A	Вавилон қаласының билеушісі.	Сына жазуы	B	Ежелгі замандарда шаруашылығы, құрылысы мен мәдениеті жағынан ерекшеленген аймақтар.	Аспалы бақ	C	Балшықтарға батыра отырып жазылған жазу.	Хаммурапи	D	Әлемнің жеті кереметінің бірі.	Сызба
Тірек сөздер		Сипаттамасы															
Өркениет ошақтары	A	Вавилон қаласының билеушісі.															
Сына жазуы	B	Ежелгі замандарда шаруашылығы, құрылысы мен мәдениеті жағынан ерекшеленген аймақтар.															
Аспалы бақ	C	Балшықтарға батыра отырып жазылған жазу.															
Хаммурапи	D	Әлемнің жеті кереметінің бірі.															
Сабақтың соңы	Кері байланыс. «Аяқталмаған сөйлем». Әр оқушыға тақырыпты қаншалықты меңгергенін білу. Мен.....білдім. Мен.....орындай алдым. Маған.....қиын болды. Маған.....көмегі қажет.																

Алматы қаласы.

ЖЕЛТОҚСАНДА ШЫНДЫҚ ЖЫРЫН ШЫРҚАЙМЫН ДЕП ШАРҚ ҰРДЫҢ...

Лениана КАРМАНОВА,

№3 жалпы білім беретін орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Тәуелсіз ел болып, төрткүл дүниеге танымал болып отырғанымызға Қазақстанның бір азаматшасы ретінде шүкіршілік етемін. Әлемде екі жүзден астам мемлекет бар десек, шекарамен бекітілмеген мемлекеті, тәуелсіздігі жоқ халықтар қаншама жер бетінде?! Сондықтан тәуелсіздік ұғымы әр адамзат, әр ел тарихындағы ең ұлы, ең қасиетті сөз болып табылады. Отыз жылдың ішінде сан асуларды, белбелестерді бағындырып, елімізді Орта Азия мемлекеттерінің ішінде көшбасшыға айналдырып, әлемнің дамыған отыз елі ішіндегі тұғырлы мемлекет атануы жолында тер төккен Елбасының сындарлы саясатының арқасында жыл сайын жаңа өзгерістерге қол жеткізіп келеміз.

Ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың ең асыл мұраты еңселі ел болу еді. «Егемен болмай ел болмас, етекпен кесіп жең болмас» деп елім деп еңіреп өткен ақындарымыз жырлаған еркіндікке қол жеткіздік. Тәуелсіздік дегеніміз не, ол бізге не берді? Біз қандай болдық? Тәуелсіздікке қолымыз жеткенше үш жүз жетпістен астам ұлт-азаттық көтерілістің болғанын тарихтан жақсы білеміз. Тарихтың ойлы-қырлы белестерінде халықтың жүрегінде жатталып, жадында мәңгі сақталып қалатын, қоғамдық дамуға үлкен қозғалыс, ұлттық сана-сезімге серпіліс әкелетін аса маңызды оқиғалар болады. Қазақ халқы үшін сондай асулардың бірі – 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі болатын. Ұзақ жылдар бойы тұншықтырылып келген әділет үнінің алғаш рет ашық айтылғанына, жығыла жаздауға шақ қалған намыс туының қайта желбірегеніне биыл 35 жыл толады.

Көтеріліс қалай болды, оған не түрткі болды деген сұрақтардың түйінін тарқатып көрсек... Тарихи деректер былай дейді. 1980 жылдары КСРО-ның саяси-экономикалық жүйесінде аса ауыр дағдарыс қалыптасты. Саяси сала ескірді, экономикалық үрдістің күні өтті. Бұл сол мезгілде мемлекетті басқарып отырған басшылардың толғағы жеткен өзгерістерді жүргізуге дәрменсіздігінен ғана емес, қабілетсіздігінен де болды. Тоталитарлық-авторитарлық тәртіп шарықтау шыңына жетті. Қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік жүйесі ғана емес, азаматтардың өмірі бір орталықтан басқарылды. Жаппай заңсыздық етек алды. Партиялық-мемлекеттік функциялар бірігіп кетті. Мемлекеттік аса маңызды мәселелерде жариялылық болған жоқ. Экономикалық салада шығындық тәсіл күшейді, КСРО техникалық-технологиялық прогресте артта қалды, инфляция, тауар зәрулігі күшейді. Әлеуметтік салада халықтың әлеуметтік теңсіздігі тереңдеді, ұлт-аралық қатынастар шиеленісті, ұрлық-қарлық, маскүнемдік пен нашақорлық, парақорлық қалыпты құбылысқа айналды. КСРО құздан құлауға шақ тұрды. 1985 жылы К.У.Черненко қайтыс болған соң оның

орнына КОКП ОК-ның Бас хатшысы болып жігерлі, жас М.С.Горбачев тағайындалды. Ол тоқырау құбылыстарын жою үшін үлкен реформа жүргізу қажеттігін түсініп, КОКП ОК-ның 1985 жылғы сәуір пленумында экономикалық-әлеуметтік салада жариялылық принципін, 1986 жылғы КОКП ОК-ның XXVII съезінде қайта құру, демократия принциптерін жариялады. Горбачевтік қайта құру деп қарқындап, демократия деп даурығып, жариялылық деп жар салған заман басталды. Сан мыңдаған адамдарды құрбандыққа шала отырып орнаған кеңестік қоғам белгілі бір салаларда жетістікке жеткенімен, соншалықты сәтті тәжірибе бола қоймағаны әр саладан білініп жатты. Жариялылық саясаты шеңберінде көптеген шектеулер, тыйым салулар алынып тасталды. Архивтегі шаң басқан шындықтар жарыққа шыға бастады. Кеңестік республикаларда жаңа мазмұндағы газет-журналдар жарық көріп, кинофильмдер түсірілді. Бұрын жариялауға тыйым салынған статистикалық мәліметтер жарыққа шықты. 1930 жылдардағы репрессия, ашаршылық, саяси бөгде пікірдегі адамдар туралы шындықтар айтылды. XX ғасырдың 30-40-50-жылдарындағы саяси террордың жазықсыз құрбандарын ақтап алу науқаны басталып, олардың ешқандай кінәсіз екендігі ашық айтылды. XX ғасырдың 80-жылдары Қазақстан да КСРО-ның өзге республикалары сияқты ауыр кезеңді бастан өткеріп жатты. КСРО-ның халық шаруашылығы, қаржы, қорғаныс министрліктері республиканың нағыз қожайынына айналды. Жер үстіндегі қисапсыз қазынамыз бен жер астындағы қазба байлығымыз тонналап орталыққа тасылып жатты. Қазақстан тек шикізат өндіруші болып, экономикада отарлық құрылым сақталып қалды. Халық тұтынатын тауардың 60 пайызы республикаға шеттен әкелінді. «Түрі социалистік, мазмұны ұлттық» деген мәдениет түп тамырынан қол үзе бастады. 1986 жылы 16 желтоқсанда өткен Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің V пленумы Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы Д. Қонаевты зейнеткерлікке шығуына байланысты хатшылықтан босатып, оның орнына Г.В.Колбинді тағайындады. Яғни, 6 миллион қазаққа сенімсіздік көрсетілді. Қонаевтың тағдыры Кремльде шешілді. Билік тізгінін елімізге беймәлім Геннадий Колбин қолына алды. Пленум хабарын естіген халық: «Оу, ұланғайыр республикадан ел басқаратын адам табылмады ма?», – десті. Халықтың жылдар бойы қордаланған ашу-ызасы сыртқа шығып, сыздаған жараның аузы ашылды. Халықты ашындырған орталықтың дәстүрлі өктемдік әрекеттері мен қайта құру жариялаған демократиялық принциптердің арасындағы қарама-қайшылық еді. 1986 жылы 17 желтоқсан күні ұлтжанды студенттер, жұмысшы жастар Брежнев алаңына бейбіт шеруге шықты. 1986 жылы

Желтоқсанда жастарды алаңға алып шыққан ол тек Колбин сияқты кеңес империясының озбыр, жебір, сауаты дүмбілез, алпауыт әміршісіне ғана қарсылық емес еді, ол 70 жыл бойы кеңес империясының уысында қалған қазақтың диктатураға, орыстандыруға, полигондарға, экологиялық апатқа қарсы туған наразылығы болатын.

Алаңда тұрған мыңдаған жастардың бейбіт наразылығы Мәскеуге, бүкіл саяси жүйеге, қазақ рухына, оның намысына сенбеген сатқындарға, ұлттық идеяға төкаппарлық танытушыларға нақты жауап берді. Кеңестік империяның абақтысында өлтірілген Қайрат Рысқұлбеков – 1986 жылғы желтоқсанда алаңға теңдік талап етіп шыққан қазақ жастарының жиынтық көрінісі, қазақ халқының азаттыққа ұмтылысының мәңгі мұқалмас символдық бейнесі еді.

Желтоқсан көтерілісі – іс жүзінде кеңестік мемлекетті қалыпты жүріс ырғағынан жаңылдырып қана қоймай, әлемдік социалистік жүйенің де заманы

артта қалып бара жатқанын аңғартты. Одақтық мемлекеттердің күйреуінің беташары болды. Демек, желтоқсан көтерілісі мен содан бес жылдан кейін тәуелсіз елге айналуымыздың арасында белгілі бір сабақтастықтың бар екенін бүгінде ешкім жоққа шығара алмайды. Жауқазын демократияны жалаңаш қолымен қорғап қалған қазақ жастарының рухы мәңгі биік болсын! Сол рухымызды мықтап тұрып бір сілкіп берген желтоқсан қаһармандарына мың тағзым! «Қазақ елінің шалқайса тарих шыңы бар, еңкейсе иен елі бар, қиянға қасқая қарсы тұрар сайып қыран ері бар, ұлан байтақ қойны қазына жері бар». Ендеше, құт қонған, бақ дарыған, жарастығы асқан, дәулеті тасқан халықтың ерен еңбегі, таудай талабы, ғажайып жасампаз өнері, білімпаз өрені ел кемесін өрге сүйреп, мықты ел болуға жазсын!

Батыс Қазақстан облысы,
Бөрілі ауданы,
Ақсай қаласы.

ІЗГІЛІКТІ БІЛІМ – ДАНЫШПАНДАРДЫҢ АҚЫЛ-ОЙЫ МЕН ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНДА

Мейрамкүл СҮЛЕЙМЕНОВА,
№5 А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта білім беретін
мектептің тарих-география пәні мұғалімі

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген М.Әуезовтің құнарлы ойының қуаты әркімнің жүрегіне терең бойламайынша, ұлт болашағын өркендетеміз деу бекершілік. Болашақ ұрпағымыздың бүкіл ғұмырлық рухани азығы тал бесіктен басталып, күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі әдет-ғұрыптармен, салт-дәстүрлермен, халқымыздың бай інжу-маржандары жыр-аңыздарымен, батырлар жырларымен, ертегілермен, ұлы ғалымдар мен ғұламаларымыздың даналық ойларымен, әнші-күйші, сал-серілеріміздің сұлу әуендерімен, жыршы-жырауларымыздың жыр-толғауларымен, ақын-жазушыларымыздың үлгілі-өнегелі шығармашылығымен, ауыз әдебиетінің телегей теңіз тағлымдарымен, би-шешендердің даналық тапқырлықтарымен көкіректеріне көрікті ойлар құйылып, нәзік сезімдері шуаққа бөленіп жатса, жастар тәрбиесінде өкіндірер олқылықтар болмас еді!

Алайда айтып тауыса алмайтын ата-бабаларымыздан мирас болып қалған рухани байлықтарды ұрпақ санасына ағысыңа сіңірудің жолдары мен амал-тәсілдерін табуға бізге саңырау салған ақсақалдарымыз мезгіл келіп жетті. Бұл – қоғамның барлық мүшелерінің қатысуымен іске асатын күрделі үрдіс.

Рухани құндылықтарды бала жүрегіне ұялату кітап оқытудан басталады. Қазір жас ерекшеліктеріне сай 1 жастан бастап оқытуға үйрететін кітаптар шығып жатыр. Сол кітаптар әр үйдің кітап сөресінен табылса құба-құп. Техника жан-жақты дамыған бүгінгі заманда кейбіреулердің қайдағы кітап деулері мүмкін. Қалай десек те, кітап – рухани азықтың көзі екенін естен бір елі де шығармауға тиістіміз. Кітап арқылы ғана дүниенің беймәлім құпияларын аша аламыз.

Қазақ халқы – оқу-білімге құштар, алғыр, тапқыр, зерек. Бұл асыл қасиеттер қанымызда бар. Қанда бар қасиеттер ешқашан өлмек емес. Оны дамытатын, жетілдіретін – даналықпен жазылған рухани ой байлықтары. Сол байлықтардан көз жазып қалмай

ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – баршамыздың киелі парызымыз. Киелі парыздың киесі ауыр болатынын сезіне отырып, осы істі жүзеге асыруға қарышты қадамдар жасаудың өзі – даналық.

Жоғарыда жіктеліп аталған бабалар мұрасын ұрпақ санасына құю үшін «баланың өз қолынан келетін іске толық ерік беру керек. Басқаның күшіне, көмегіне сеніп кетпей, өз қолынан келетін істе ғана тәрбиеші көмек көрсетіп жіберуге міндетті. Өрі баланы құбылмайтын, ұсақтықпен қажытпайтын темір тәртіпке бағындыру керек. Баланы еркіне жіберу оны ерлікке, батырлыққа үйретсе, темір тәртіпке бағындыру оны шыдамдылыққа, табандылыққа үйретеді.» Шын мәнінде әр сабақта жүргізілетін тәрбие жұмысы мен шығармашылық ізденістің кілтін балалардың өз қолына берген жөн. Бала жаны қиялдауға құмар.

Шығармашылық – қиялдың жемісі. Қиял – ойдың туындысы. Терең ойдан туған рухани қазыналардан дән іздеу оймен барлау жасауға үйретеді. Шынайы ойға берілу жаттанды білімнен сақтандырады. Өзінің өмірмен алған тәжірибесін біліммен ұштастыруға әрекет жасаған баланың еңбегі қашанда жемісті болмақ. Өзі ой еңбегімен шұғылданғанда ғана бала өзгенің даналықпен айтқан әр сөзіне ой көзімен қарауды әдетке айналдырады. Ой еңбегі ғана баланың бойындағы дарыны мен қасиеттерін ширата алады. Жалпы, математикалық-жаратылыстану бағытындағы пәндер баланың қабілетін шыңдаса, қоғамдық-гуманитарлық пәндер баланың әр түрлі қасиеттерін оятады. Қабілет пен қасиет баланың қос қанаты іспетті. Екеуін де қатар ұштап отырмаса, бала білім көкжиегінде биікке қалықтап еркін самғап ұша алмайды.

Бүгінгідей жаһандану заманында тек өз ұлтымыздың дәстүрлі ойы мен пайым-парасатына сүйену керек. Тарихымызда бүгінге аман-сау жеткен халық педагогикасы, дәстүр қазынасы, даныш-

пандарымыздың ой антологиясы, даналық философиясы, өмірлік тәжірибесі, танымдық ілім-білімдері – жарқын болашағымызға жол көрсетер бағдаршам, адастырмас темірқазық, телегей теңіз рухани азық, ұрпақтан-ұрпаққа мәңгілік жалғаса беретін асыл мұра, өнегелі тәрбие мектебі.

«Тәрбие жан иесіне тиісті азық беріп, сол иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз.» Ендеше «адам баласы өмір бойы тәрбиеге мұқтаж.» Тәрбиенің мақсаты – адамды, ұлтты, асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі – әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты; адамзат дүниесінің мүшесі – әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты.» Адамзат бақыты – ел бақыты. Бақыттың бастауы – ғұламалардың ақыл-ойында.

Балаға жүрек жылуымен білім беру адами ізгілікті асыл қасиеттердің кең ашылуына жол ашады. Тарих қатпарында есімі сақталған әрбір данышпанымыздың

ақыл-ой жетістігі әлемдік ойлау барысында өзіндік ерекше орны бар. Ақын-жазушыларымыздың көтерген мәселелері де – әлемдік ойға үлес қосатын рухани шығармалар. Мұнымен қоса ойлау мәдениетінде өзіне дейінгі бабалар ойының жетістіктеріне арқа сүйемесе, оған негізделмесе, ешбір рухани-мәдени өсу қарқын алмайды.

Сондықтан ұлттық дәстүр мен жаңашыл ойды дұрыс байланыстыра білсек, болашағымыз зор болмақ!

ӨДЕБИЕТТЕР

- 1.М.Жұмабаев. Педагогика. Алматы «Ана тілі» 1992.
- 2.Ғ.Есім. Абай туралы философиялық трактат. Алматы. Қазақ университеті. 2004
- 3.М.Өлімбаев. Халық – ғажап тәлімгер. Алматы. «Рауан» 1994.

Түркістан облысы,
Жетісай қаласы.

МАҢҒЫСТАУДЫҢ ЭКОЛОГИЯСЫ

Насихат РАХМЕТОВА,

Манашы жалпы білім беретін мектебінің химия-биология пәні мұғалімі

Мен оның күнін сүйем, түнін сүйем,

Ағынды өзен, асқар тау гүлін сүйем, – деп мұзбалақ ақын Мұқағали атамыз айтып кеткендей, дана халқымыз табиғатты анаға теңеген. Қазақ халқымыз ежелден-ақ өсімдіктер мен жануарлардың табиғаттағы адам өміріндегі қадір-қасиетін, пайдасы мен маңызын жақсы білген. Жас ұрпақтың көкейіне құйып, оларды сақтап, қорғауға баулып тәрбиелеген. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасына зер салып қарасаңыз, бидай масағы мен қанатты пырақ бейнеленген. Бұл туған өлкемізге деген ерекше сүйіспеншілік.

Жер асты байлықтарымен қуанып, жер үсті сұлулығымен сүйсінетін туған өлкем маңғаз Маңғыстаудың экологиясында ерекше тылсым күш бар тәрізді көрінеді. Ауылымызды жай көзбен картадан қарасақ, сары майда құмы көзімізге оттай басылатыны анық. Бұл аймақ елдің қиыр оңтүстік-батысында орналасқан. Жер аумағы бойынша – 7 орында, 165,642 км. Маңғыстау жері ықылым замандардан құпия сырымен таңқалдырып, тамсандырып келе жатқан киелі өлке. Климаты кенеттен құбылмалы. Жазы жайдарлы, кейде қуаң ыстық, құрғақ. Қысы қатты, аязды. Кейде борпылдақ ақ ұлпа жауып, жерді тегіс ақ мамық түске орайды. Табиғаты алуан, құмды, сортаң болып келеді. Соған қарамастан шөлге төзімді, ыстыққа шыдамды өсімдіктер мен жануарларды кез келген өңірден көре аласыңдар. Үстірт ойпатты жайлаған арқар, ақбөкен, қарақұйрық секілді 200-ден астам сирек сүтқоректілерді кездестіре аламыз. Жусан, бұйырғын, күйреуік, сорақ, жантақ, жыңғыл, қараған, қара сексеуіл сынды өсімдіктері ошаққа – от, малға – азық.

Қазіргі егемен еліміздің ең бай өңірі, экологиялық даму тұрғысынан көзбасшы болып отырған қазыналы Маңғыстау жерінің асты қазынаға, жердің үсті аңызға толы өңір. Маңғыстау десе ойымызға бірден Бекет ата, Шопан ата, мың кісі деген сынды қасиетті бабаларымыз еске түседі. Жер асты мешіттері

де осы киелі өңірде орналасқан. 11 мың тарихи ескерткіш, археологиялық қорық, ашық аспан астындағы мұражай, мыңдаған тасқа салынған сурет бар. Экология және жер ресурстарын сақтау, қорғау мақсатында ауыл шаруашылыққа пайдаланатын жерлерді өңдеп, тыңайтқыштарды тиімді пайдалану, мал шаруашылығына қолайлы табиғи жайылымдарды жылдық маусымға айналдырып отыруымыз керек. «Тұрмыстық қалдық заттар ғасыр мәселесі» демекші қатты қалдықтарды, заттарды кәдеге жаратуымызға өз үлестерімізді қоса аламыз. Экологиялық тазалыққа мән беріп, тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу басты міндеттердің бірі болып табылады. Айналамызға зер салсақ, халқымыздың әл-ауқаты жақсарған сайын тұрмыстық қалдық заттар көбейіп, экологиямыз ластану үстінде. Өрине, оны тілге тиек етіп айта кетпесек те болмайды. Өнеркәсіптерден шыққан қалдық заттар, бөтелкелер мен қатты қағаздар, тұрмыстық қалдық заттар, көліктерден шыққан көмірқышқыл газдар, т.б. бұлардың барлығы дерлік экологиямызға орасан зор әсерін тигізетін анық. Алдын алу үшін тұрмыстық қалдық заттарды күнделікті тұтынуға қажетті бұйымдар жасап шығару арқылы қаржыны да үнемдей аламыз. Құрап, құлаған тал, терек жапырақтарды шұңқырларға салып, алынған биошірінділерді топыраққа тыңайтқыш ретінде пайдалана аламыз. Қазір ауданымыздың орталығында бөтелкелерді сұрыптайтын контейнер ғана бар. Ендігі жоспар әйнек, қатты қағаздарды жинайтын арнайы пункттар ашылса бұл дегеніміз экологиямыздың тазаруы болса, екіншіден тұрмыстық қалдық заттарды азайтып, оны өңдеуге жағдай жасау. Пір Бекет мешіт ашып бала оқытқан, 362 әулие орналасқан маңғаз Маңғыстауымның көркем экологиялық келбеті осындай.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

Қазақ тарихы

ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

Қоңырау НҰҒМАНОВА,

Манашы жалпы білім беретін мектебінің өзін-өзі тану пәні мұғалімі

Мақсаты: Оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, нақыл сөздер жазылған плакаттар.

I Ұйымдастыру.

II Негізгі бөлім.

Көп жасаған қария,

Ақылы теңіз-дария.

Көп өнеге сөзі бар,

Сөзі соқпақ, сөзі нәр.

Қымбатты ақ жаулықты әжелер мен ақылдың кенін арқалаған айбынды аталар. 3-сынып оқушыларының қатысуымен 1 қазан – Қарттар күніне орай ұйымдас-тырылған «Қарттарым – асыл қазынам» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

Мерекеңіз құтты болсын ата-апа!

Көкіректен жыр төгілмей жата ма?

Зейнетіне жетіңіздер өмірдің,

Кенеліп бір ілтипатты батаға.

Ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан-жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына, құт-береке деп танысақ – ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты.

Біздің ауылымызда қырыққа жуық қарт ата-әжелеріміз бар. Солардың бірі Аязбаев Жапбасбай атам, Жұбаназарова Ұлжан және Шәкірова Гүлжанан әжелеріміз бүгін бізде қонақта.

Қадірлі ата-әжелер бүгінгі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздер жас ұрпаққа әрқашан төзімділіктің, даналықтың үлгісі болып келесіздер. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Біздің бүгінгі тәрбие сағатымыз үш бөлімнен тұрады.

I бөлім: "Ата-әжем мақтанышым".

II бөлім: "Жырымды сізге арнаймын".

III бөлім: "Мен атамның жалғасымын".

I бөлім: «Ата-әжем мақтанышым». Ата – ардақты тұлға. Иә, «Әкеден ұл тусайшы, ата жолын құсайшы» деп халық ұрпаққа атаның мұрасын жалғастыруды уағыздайды. Ата ұрпағының қайырымды, мейірімді, ақылды, іскер болуын тілеп, сол үшін қамқорлық іс-әрекеттерін басы жерге жеткенше дамыта береді, өнеге көрсетеді, өсиет айтады.

ә) Ауыл қариялары туралы мәлімет беру.

Әже – ақ сүт берген аналардың анасы. Әже әрқашан да балалық бал дәуреннің басы-қасында болып, асыраушы, аялаушы, тәрбиелеуші басты кісі.

Өмір өрнектеріне, тіршілікке көбірек араласқан ана перзентін көбінесе әженің қарауында қалдырады. «Жан жүрегім, жарығым» деп әже немересін, шөбересін жүрегіне теңейді. Жан жүрегін салып нәр-терсені, бүлдіршін жасөспірімді тәрбиелейді.

б) Ауыл әжелері туралы мәлімет беру.

II бөлім: «Жырымды сізге арнаймын».

Халқымызда «Балаң өскенше, немерең өлгенше» деген сөз бар.

Бала, немере туралы ақын Мұзафар Өлімбаев былай дейді.

Бала деген бал екен,

Бал дегенің бала екен.

Немеренің бойында,

Бар жақсылық бар екен.

Туған балаң жай ғана,

Демесең де жат бөтен,

Нағыз бала ойласаң.

«Немере» екен, тәтті екен.

в) Оқушылардың ата-әжелеріне деген жыр шумақтарына кезек берелік.

1-оқушы:

Менің әжем, ақ әжем.

Ұл мен қыздың бағы әжем.

Ертегі айтып бер десем,

Айтып береді тағы әжем.

2-оқушы:

Менің әжем, гүл әжем,

Алтын әжем, нұр әжем.

Анам үшін, мен үшін,

Нағыз әжем, тіл әжем.

Ән: «Анашым».

Ақиқатты айқындап жариялар,

Бара жатыр азайып қариялар.

Дауыл соқса бүлк етіп толқымайтын,

Бара жатыр сарқылып қариялар.

III бөлім: «Мен атамның жалғасымын».

Ата-бабаң ардақты,

Жамандыққа бармапты.

Ардақ тұтып үлкенді,

Ата жолын жалғапты.

Бұл бөлімде біздің кейінгі ұрпағымыз өздерінің өткен ата-бабаларын біле ме екен соны білмекпіз.

а) Оқушыларға жеті атасын айтқызу.

ә) Оқушылардың ата-әже туралы эсселеріне кезек берелік.

Қорытындылау.

«Бабаларым, рахмет сендерге!

Балаларым болмасын деп бос кеуде,

Қобызыңмен қосып ән мен тіл бердің,

Өмірге мен мылқау болып енгенде

Бабаларым, рахмет сендерге!», – деп Мұқағали

Мақатаев атамның айтқандай міне, балалар, біз өзіміздің ата-әжелеріміз алдында қарыздармыз. Ол қарызымызды тек жақсы тәрбие арқылы, адамгершілігі мол, мейірімді болу арқылы ғана, оларды көрген жерде құрметтеп сыйлау арқылы ғана қайтара аламыз. Қарттарымызды ардақтап өтейік! Оларды сыйлаңдар, қадірлендер!

Маңғыстау облысы,

Бейнеу ауданы.

ЖЫЛ САНАУ

Бақтыгүл САБЫРОВА,
Манашы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу. 3.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып,сын тұрғысынан бағалап оқу.			
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: шығарманың тақырыбын анықтайды және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін таба алады, түртіп алып оқиды. Көптеген оқушылар: өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізе алады. Кейбір оқушылар: уақыт өлшемдері атауы қатарын толықтыра алады.			
Сабақтың басы. 10 мин.	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру, ширату жаттығулары арқылы жүреді. <i>Өмірдің мәнін ұғып ал, Білім ал, бәрін біліп ал. Қадірін білген уақыттың, Қазақтан шыққан ұлылар...</i> Оқу материалын жариялау. -Сағат ненің өлшем бірлігі? - Жыл санау жайлы не білесіңдер? -Әр жылдың қазақша қандай атауы бар? -Жыл басы қай жануар? - Ол қалай жыл басы болып еді? Кімнің есінде? -Ендеше бүгінгі сабақта жыл санау туралы ертегіні оқып, тышқанның қалай жыл басы болғанын білетін боламыз.	1. Жаттығу жасайды. Тақырыпты ашады. Тақырыпқа қатысты сұрақтарға жауап береді.	«Ауызша мадақтау» әдісі: Жарайсың! Тамаша! Жақсы!	
Сабақтың ортасы. 15 мин. 2 мин. 15 мин.	(Ұ) 1- тапсырма. А) «Тізбек» әдісі: «Жыл басы» ертегісін тізбектей, оқыңдар. Ә) Рөлге бөліп сахналап көрсетіңдер. Дескриптор: - Ертегіні мәнерлеп, түсініп оқиды. - Рөлге бөліп сахналап көрсетеді. Сергіту сәті: «Көңілді күн» әні. (Ж) 2-тапсырмада дәптермен жұмыс жүреді. - Мәтіннің негізгі ойына сай келетін нақыл сөздер ойластыр. - Жыл он екі айдың қазақша атауларын ата. - Ертегі бойынша 5-6 сұрақ құрастырып, жауап беріңдер. Дескриптор: - Мәтіннің негізгі ойына сай келетін нақыл сөздер ойластырып жазады. - Мәтінге сүйеніп, әр жылды сипаттап айтады. - Ертегі бойынша 5-6 сұрақ құрастырып, жауап береді.	Ертегіні мәнерлеп, түсініп оқиды. Рөлге бөліп сахналап көрсетеді. Билеп сергиді. Мәтіннің негізгі ойына сай келетін нақыл сөздер ойластырып жазады. Мәтінге сүйеніп, әр жылды сипаттап айтады.	5 балл. 5 балл.	Оқулық Оқулық, дәптер.
Сабақтың соңы 3 мин.	Рефлексия: «Менің сөзім» әдісі бойынша өтеді. Оқу тапсырмасы: ертегіні мазмұндау.	Сабаққа кері байланыс жасайды.	ҚБ қойылады.	

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы.

КҮЗГІ ҰАҚЫТ

Рабиға ӘМІРОВА,
Манашы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.1.1 шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру назарын аударту. 3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану.															
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қояды және жауап бере алады, сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді қолданады. Көптеген оқушылар: шығарманың мазмұнына сәйкес нақты ақпаратты таба алады. Кейбір оқушылар: тақырыпқа қатысты өз ойы мен сезімін жеткізе алады.															
Сабақтың басы 5 мин.	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру үшін ширату жаттығуларын жасату. Өткен сабаққа шолу: -Абайдың « Ғылымға көңіл бөлсеңіз» өлеңін жатқа айт. Топқа бөліну үшін «Пазл» әдісі бойынша күз мезгілі суретінің бөліктерін алады. Топта суретті құрастырады. Оқу материалын жариялау. «Миға шабуыл» әдісі арқылы жүреді: -Қазір жылдың қай мезгілі? -Күз туралы не айта аласыңдар? -Қандай ерекшелігі бар? Мақал-мәтелдерді түсініп оқыңдар, оған сүйеніп, күз мезгілінің басты белгілерін атаңдар. 1. Нөсер алдында найзағай ойнайды. 2. Жемісі көп ағаштың бұтағы төмен. 3. Көктемде түскен бір дән, Күзде мың дән болады. - Ендеше бүгінгі сабақта күз туралы оқитын боламыз.	Жаттығу жасайды. Топқа бөлінеді. Суретті құрастырады. Сұрақтарға жауап береді.	«От шашу» әдісі.	Бөліктерге бөлінген күз суреттері.												
Сабақтың ортасы 15 мин.	(Ұ) 1-тапсырма: «Еркін әңгіме» әдісімен жүзеге асырылады. А) Міржақып Дулатовтың «Күз» туындысын түсініп оқыңдар. Ә) Автор туралы түсінік. Мәтіннің авторы туралы сызбаға сүйеніп әңгімелендер. Б) Мәтінге сүйеніп, сызбаны толтыр. Күз мезгілі туралы әңгімеле. <table border="1"><thead><tr><th></th><th>Күзгі жаңбыр</th><th>Жөндіктер</th><th>Құстар</th><th>Ағаш</th><th>Күзгі еңбек</th></tr></thead><tbody><tr><td>Күз</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></tbody></table> Дескриптор: - Мәтінді оқиды. -Мәтіннің авторы туралы сызбаға сүйеніп әңгімелейді. - Мәтінге сүйеніп, сызбаны толтырады. - Күз мезгілі туралы әңгімелейді. Сергіту сәтінде «Қаражорға» биін билету. (Т) 2-тапсырмада өлең құрастыру. «Күз» тақырыбына өлең құрастырыңдар. Дескриптор: - «Күз» тақырыбына өлең құрастырады. Саралау тәсілі: «Қарқын» арқылы жүзеге асады Қарқыны жоғары оқушыға: -Күз туралы жазылған қандай шығармаларды, өлең-жырларды білесің?		Күзгі жаңбыр	Жөндіктер	Құстар	Ағаш	Күзгі еңбек	Күз						- Мәтінді оқиды. -Мәтіннің авторы туралы сызбаға сүйеніп әңгімелейді. - Мәтінге сүйеніп, сызбаны толтырады. - Күз мезгілі туралы әңгімелейді. Билеп серигиді. «Күз» тақырыбына өлең құрастырады.	ҚБ: 5 балл	Оқулық,
	Күзгі жаңбыр	Жөндіктер	Құстар	Ағаш	Күзгі еңбек											
Күз																
2 мин. 15 мин.																
Сабақтың соңы. 3 мин.	Рефлексия: «Менің сөзім» әдісі бойынша өтеді.															
	Сабаққа кері байланыс жасайды.	ҚБ қойылады														

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы.

Ә.НҰРШАЙЫҚОВ: «НЕМЕРЕ»

Жұмагүл ӘБІЛОВА,

Манашы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Оу мақсаттары	2.2.6.1 - кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау.		
Сабақ мақсаты:	Барлық оқушылар: кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттап, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалай алады. Көптеген оқушылар: мәтіндегі негізгі ойды анықтайды. Кейбір оқушылар: мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады.		
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.		
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.		
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.		
Уақыт	Сабақ барысы	Оқушы әрекеті	Бағалау
Басталуы 5 мин.	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру үшін ширату жаттығулары жасалады. <i>Күн жарығын алақанға саламын, Жүрегіме басып ұстай қаламын. Ізгі әрі нәзік, жарық, мейірімді, Болып кетер сонда дереу жан-жағым.</i> Оқу материалын жариялау. «Сөзжұмбақ» әдісі арқылы жүреді. -...отбасынан басталады? -Әкеңнің әкесі –... -Сен әкеңе кім боласың? -Мейірімді жан-... -Ағайынды адамдар бір-біріне кім болады? -Ұлдан кіші қыз бала – ... -Ендеше бүгінгі сабақта басталатын тарау қандай болатынын болжап көр.	Өнге қосылады. Сұрақтарға жауап береді. Өзінің сүйікті ойыншығы туралы әңгімелейді. Сабақ тақырыбын шығарады.	1-топ: «Ата». 2-топ: «Әке». 3-топ «Әже». 4-топ «Ана».
Жаңа білім	Автор Әзілхан Нұршайықов (1922-2011). Шығыс Қазақстан облысында туылған, жазушы, Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1-тапсырма: «Еркін әңгіме» әдісі арқылы жүзеге асады. «Немере» мәтінін түсініп оқы. Негізгі ойды анықта. Сөздікпен жұмыс жаса. Меселін қайтару – көңілін түсіру. Сызбаға сүйеніп автор туралы әңгімеле. Саралау тәсілі: «Қарқын» арқылы жүзеге асады. Қарқыны жоғары оқушыға: мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыр. Қарқыны баяу оқушыларға: уақыт беріледі. Сергіту сәті: «Ыстық орындық» әдісі арқылы өтеді. Ақайдың үйіне кім келді? Әкесі Ақайдың оқуы туралы не деді? Анасы қандай ақыл тауып кетті? Сол сәтте Ақайдың көңіл күйі қандай өзгеріске ұшырады? Жылдам жауап беру керек себебі орындық ыстық. Атақты адамдардың есте қалған бір нақыл сөзін айтып, мағынасын түсіндір. Әскерсіз – қолбасшы қауқарсыз, басшысыз – әскер әлсіз. 2-тапсырмада дәптермен жұмыс жүреді. «Немере» мәтініндегі әжесінің, анасының Ақайды еркелеткен сөздерін теріп жаз. Мәтін кейіпкерлері арасында суретке сай диалог құрап көр. -Әжетай бүгін мен көрші Кәлима апайдың үйіне барып су тасуға көмектесіп келдім. -Айналайын ботам ау, өркенің өссін. Үлкен адамдарға көмектесу адамгершіліктің белгісі. -Ол кісі маған үлкен алғысын білдірді. Және келесі жолы маған үлкен кітап сыйлаймын деп уәде берді.	Дескриптор: -Мәтінді түсініп оқиды. - Негізгі ойды анықтайды. - Автор туралы әңгімелейді. Дескриптор: - Ақайды еркелеткен сөздерін теріп жазады. - Диалог құрайды.	

Ортасы 10 минут	Қолдану. Оқулықта берілген тапсырмаларды орындау. Түсіндіру. Жеке жұмыс. Қалыптастыру парағымен жұмыс жүргізу. Топтық тапсырма. 1-топ. «Ата туралы» бір шумақ өлең жаздыру. 2-топ. «Даналық» сөздер жазу. 3-топ. «Әже туралы» ән айту. 4-топ. «Анаға құттықтау» арнау. Не үйрендік? Не білдік? 1-тап: Өзілхан Нұршайықов кім? 2-тап: Ақай қандай бала, әңгімеле. 3-тап: Ақайдың батырлар жырын заулатып оқуына ықпал жасаған кім? 4-тап: Осы әңгіме бойынша қандай сурет салар едің?		Оқулық, қабырғаға ілінген ватмандар, түрлі-түсті маркерлер.						
Аяқталуы. Сабақты бекіту. 5 мин.	Ой қорытуы. БББ кестесі. <table><tr><td>Білгенім</td><td>Білдім</td><td>Білгім келеді</td></tr><tr><td>Ана еңбегі</td><td>Әже тәрбиесі</td><td>Отбасының қадірін</td></tr></table>	Білгенім	Білдім	Білгім келеді	Ана еңбегі	Әже тәрбиесі	Отбасының қадірін		Тақырып бойынша түйген білімдерін жазады.
Білгенім	Білдім	Білгім келеді							
Ана еңбегі	Әже тәрбиесі	Отбасының қадірін							
Бағалау. 5 мин. Кері байланыс. 5 минут.	Кері байланыс: «Автор орындығы» әдісі бойынша өтеді. Оқушының өзі жазған шығарма эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Стикер пайдаланып өз білгендерін жазып білім ағашын жеміске толтырады.	Бүгінгі сабақта не білгенін айтады.							
Үйге мәтінді оқып мазмұндау, автор туралы білу, осы мәтінге байланысты сурет салу.									

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы.

СПОРТТЫ СЕРІК ЕТЕ БІЛ

Жібек БИСЕНБАЕВА,

Манашы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Мақсаты: Балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру. Салауатты өмір – адам жанының да, тәнінің де тазаруы, денсаулығының нығаюы, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Күш, жылдамдық, ептілік қасиеттерін дамыту.

Көрнекі құралдар: Есеп жазылған қима қағаздар, суреттер, т.б.

Спорттық құралдар: Спорттық құралдар, шеңбер, доп, шар, т.б. құрал-жабдықтар.

Сабақтың түрі: Ойын сабақ.

Өту барысы:

Мұғалім: Сәлеметсіздер ме, ұстаздар!

Бүгінгі 2 «Г» сыныбының «Спортты серік ете біл» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер. Әрі қарай сабағымызды бастаймыз.

Уа халқым, назар аудар денсаулыққа,

Өмірде бақыттысың дені сауда.

Денсаулық терең бақыт деген сөзді,

Құр айтпаған ұлы Абай данамызда.

– Елбасымыз «Қазақстан – 2030» стратегиясында «Қазақстан азаматтары мен балаларымыздың құқығын қорғайтын, борышын биік ұстайтын азамат етіп тәрбиелеу қажет: біздің оқушыларымыз дені сау, саналы, білімді, өрісі биік, денсаулығы мықты болып өсуі тиіс» деп айтқан болатын.

Барлық уақытта дендеріміз сау болып спортты серік қылып жүруіміз керек.

Дене бітімімізді таза ұстап, тісімізді күнде жуып, тазалыққа жақын болуларыңыз керек. Сонда ғана біздің денсаулығымыз зор болады.

– Балалар, олай болса бүгінгі тәрбие сағатымызды әрі қарай жалғастырамыз.

Бүгінгі ойын сабақта сіздерді екі топқа бөлемін «Шымыр» тобы, «Салауат» тобы:

Шынықсаң шымыр боласың,

Сауығып айдай толасың.

Спортты серік ете біл,

Жақсы азамат боласың, – деп сіздерге тапсырма беремін.

1-тапсырма: Дене шынықтыру жаттығуларын жасау. Әр топтан екі ұл екі қыз орындайды.

Ұлдар арасында кір тасын көтеру.

Әр топтан төрт ұл көтереді.

Қыздар арасында секіртпемен секіру.

Әр топтан үш қыз секіріп, бір айналып тақтадағы есепті соңғы келген оқушы шығарады.

Спорт туралы өз өнерлерін көрсету.

Әр топтан екі ұл, екі қыз өз өнерін көрсетеді.

2-тапсырма: Мақал-мәтелдерді жалғастыру.

«Шымыр» тобы.

Шынықсаң (шымыр боласың).

Талпынған (жетер мұратқа).

Дана көптен шығады (дәрі шөптен шығады).

Ауру батпандап кіреді (мысқалдап шығады).

«Салауат» тобы: Демі бардың (емі бар).

Ауырып ем іздегенше (Ауырмайтын жол ізде).

Қимыл шынықтырады (ұйқы тынықтырады).

Бірінші байлық (денсаулық).

Оқушылар жүлделерімен таныс болады.

«Шынықсын денеміз» өлеңі Аружанның орындауында.

Би: «Спорт» орындайтындар: Нұргүл, Аяулым, Мәдина.

Би: «Ақ дидарың-ай».

Аружан, Айнұр, Сара.

Мақал-мәтелдер: Оқушылар денсаулық, тазалық туралы мақал-мәтелдер айтады.

Күй: «Көрұғлы» Азаматтың орындауында.

Күй: «Нәрағаш» Ғалымжанның орындауында.

– Еліміздің болашағы дені сау азаматтардың қолында. Денсаулықтың кепілі – салауаттылық, – дей келе бүгінгі «Спортты серік ете біл» атты тәрбие сабағымызды аяқтаймыз.

Белсенділік танытып, сабаққа қатысқандарыңызға рақмет!

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

БІЗ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАЙМЫЗ

Рысбибі ӘБЛОВА,

Манашы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Мақсаты: Табиғатты қорғау, сақтау қажеттігі туралы ой, ынта туғызу. Туған жер табиғатына деген сүйіспеншілігін арттыру. Табиғаттағы сұлулықты көре білу, эмоциялық әсер ала білуге, өз ортасында сымбатты да шыныққан тұлға болуға баулу.

Көрнекіліктер: даналық сөздер, слайд, ойындар, суреттер.

Тәрбие сағатының құрылымы:

Ұйымдастыру. Тәрбие сағатының тақырыбын айтып, мақсатын хабарлау;

Шаттық шеңбері:

Армысың, шапағатты күніміз,

Армысың мейірімді жеріміз!

Армысың, табиғат анамыз,

Келді сізге өзіңіздің балаңыз!

Табиғат дегеніміз не? (оқушылардың пікірі).

Мұғалім: – Армысыздар құрметті ұстаздар мен оқушылар! «Біз – табиғатты қорғаймыз» атты тәрбие сағатымызды бастаймыз.

Табиғат – бізді қоршаған дүние, аспан, жер, тау, су, жануарлар мен өсімдіктер.

Табиғат – ұшы қиыры жоқ теңіздей шексіз дала, ну орман.

Табиғат – Жер-Ана, Отан, Туған жер, Атамекен құлаққа жылы естіліп, жүрекке шаттық сезім ұялататын қасиетті қадірлі сөздер.

Адамның өзі Табиғат пен Жер-Ананың перзенті. Жер-Ананы сүйе білу оны аялау – адамның азаматтық борышы.

– Қайырлы, күн, балалар! Күнде таңертең сендер ояна салысымен, терезені ашып Табиғат-Анаға көз салып қарайсыңдар. Дәл бүгінгі күні Табиғат-Ана бізді несімен қуантты, бізге не айтады? Олай болса, мен сендерді Табиғат-Анаға саяхатқа бірге шығуға шақырамын. Келісесіңдер ме? Өте керемет!

Мақсатымыз: Біз бүгін, сендермен бірге қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсінігімізді кеңейтеміз, табиғатты сүюді, қорғауды, Табиғат-Анаға сүйіспеншілікпен қарауды үйренеміз. Біз бүгін, табиғатпен сырласамыз, оны түсінуге тырысамыз. Табиғат-Анадан мейірімділікті үйренеміз!

Ал, табиғатты қорғау дегеніміз – ауаны ластамау, құстарды аялау, өзен-көлдің суын бүлдірмеу, жан-жануарларға қамқорлық жасау.

Ендігі кезекті балалардың тақпақтарына берейік.

Арай:

Қорғайық табиғатты аялайық,

Біз одан жақсылықты аямайық.

Анадай табиғаттың аясында,

Жадырап жас балаша дем алайық.

Рүстем:

Табиғатты қорғау үшін бәріміз,

Күресейік, бір-бір ағаш егейік.

Текке отырмай жасымыз бен кәріміз,

Таза ауа үшін терімізді төгейік.

Қайыржан:

Табиғатым – тіршілігім, тынысым,

Бақыт, байлық, мақтанышым, ырысым.

Толқындары тулап жатса Жайықтың,

Толқын қуып, көшіңе ерген қайықпын.

Әсем:

Жақсылықты қолдаймыз,

Табиғатты қорғаймыз.

Гүл егеміз бақтарға,

Айналасын қоршаймыз.

Інжу:

Табиғат – біздің анамыз,

Жер-Ана – біздің панамыз.

Таза болса табиғат,

Біз де аман боламыз.

Жанерке:

Бақта гүлдер тереміз,

Бірге ойнаймыз күлеміз.

Міне, біздер қандаймыз,

Табиғатты қорғаймыз.

Іңкәр:

Бұтақтарды сындырмай,

Тазалықты сақтайық.

Гүл өсіріп, су құйып,

Табиғатты қорғайық.

Кезекті табиғат туралы мақал-мәтелге береміз.

Арай: Жаңбырменен жер көгерер,

батаменен ел көгерер.

Айлуна: Таулы жер бұлақсыз болмас,

сулы жер құрақсыз болмас.

Рүстем: Жер қыста демалады,

жазда гүлденеді.

Дәметкен: Ағашты кесу оңай,

орманды өсіру қиын.

Әсем: Жел дауылды шақырады,

бұлт жауынды шақырады.

Бахытжан: Адамның табиғатсыз күні жоқ,

табиғаттың оны айтар тілі жоқ.

Жанерке: Ағаштың жемісін жеймін десең,

түбіне балта шаппа.

Іңкәр: Табиғат жер байлығы,

батырлар ел байлығы.

Қамажай: Таза болса табиғат,

аман болар адамзат.

Інжу: Қыстағы қар жерге ырыс,

жердегі ылғал елге ырыс.

Ол қандай мейірімді, өзі қандай дархан, кең болса да, жүрегі де дәл сондай қайырымдылыққа, мейірімділікке толып тұр. Олай болса біз, балалар дәл қазір табиғатқа тілек білдірейік.

Күніміз ашық болсын,

Суымыз тұнық болсын!

Гүліміз жақсы өссін,

Ауамыз таза болсын!

Табиғат-Анадан үйренген мейірімділігімізді бір-бірімізге арнаймыз.

Хормен: Табиғат сені сүйеміз,

Басымызды иеміз!

Барлығы орындарынан тұрып, Табиғат-Анаға тағзым етеді.

Қорытынды: Елбасының "Қазақстан – 2030" жолдауында туған жер табиғатын қорғай отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыру біздің міндетіміз екені айтылған.

– Иә, балалар, табиғат Отанымыздың байлығы. Табиғатсыз адам өмір сүре алмайды. Демек, табиғатты қорғау – өз Отанымызды сақтау деген сөз.

Маңғыстау облысы,

Бейнеу ауданы.

ЖҮЗДЕН – ЖҮЙРІК, МЫҢНАН – ТҰЛПАР

Тажихан ХУДАШЕВА,

Манашы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа жетелеу, ой-өрісін, тіл мәдениетіне деген сүйіспеншілігін арттыру.

2. Білімді, дарынды, озық болуға жетелеу және пәндерге деген қызығушылығын ояту.

3. Жастарды елін, жерін, оның дәстүрін сыйлауға, білімді болып өсуіне ықпал ету.

Көрнекілігі: суреттер, слайд, нақыл сөздер.

Өту барысы:

Ұйымдастыру.

– Құрметті ұстаздар, оқушылар, ата-аналар бүгінгі өткізгелі отырған, «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» атты тәрбие сағатына қош келдіңіздер.

Біреу озса сайыста, біреу артта қалады,

Ренжімей тараса, озбағандар жарады.

Жарыс заңы ежелден – жеңімпазды анықтау,

Озат болу шарты сол – еңбектену жалықтау, – деп бүгінгі тәрбие сағатымызды сайыс түрінде өткіземіз.

Олай болса оқушыларды екі топқа бөлеміз.

Бақытқа сені жеткізер.

Білім деген ақылшың,

Қиындықтан өткізер.

Ғалым тобы.

Ғалым болмай немене,

Балалықты қисаңсыз.

Болмасаң да ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеніз.

Сайысты бағалау парақшасымен бағалап барамын. Әрбір дұрыс жауапқа 1 ұпайдан беріледі.

1-кезең.

Бәйге сайысы.

Бұл кезеңде 10 сұрақ беріледі. Қай топ бірінші жауап берсе ұпай соның еншісінде болады.

1. Қай жылы, қай күні Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланды? (1991 жылы 16 желтоқсан).

2. Көкжиек тұстарын тұсбағарсыз қандай жұлдызға қарап бағдарлауға болады? (Темірқазық жұлдызы).

3. Теңдеу дегеніміз не? (Белгісіз санды табу).

4. Сөйлем мүшелерін ата (Бастауыш, баяндауыш, тұрлаусыз мүшелер).

5. Судың 3 күйін ата (Сұйық, қатты, бу).

6. Сағат 15.00-ді басқаша қалай айтуға болады? (3).

7. Қара алтын деген не? (Көмір).

8. Мектебің кімнің атында? (Манашы).

9. Қазақтың ұлттық ойындары (Арқан тартыс, асық ойнау, қыз қуу).

10. Қыста түрін өзгертпейтін ағаш (Шырша).

Бірінші кезеңді қорытындылау.

2-кезең.

«Тіл – өнер сайысы»

Ойланайық азырақ, уақытты үнемдеп,

Кім шығады көнеки, «жауабын мен білем» деп?

«Тіл – өнер» сайысында мақал-мәтел немесе

жұмбақтың шешуін табу.

1. Ас атасы – (нан).

2. Ашу – дұшпан, Ақыл – (дос).

3. Денсаулық – зор (байлық).

4. Аттан тай озады, Атадан озады (бала).

5. Еңбексіз өмір, сөнген (көмір).

6. Жесең ащы, көзіңнен шығарар жасты (жуа).

7. Қанаты бар ұшпайды, су астында қыстайды (балық).

8. Қабат-қабат қатталған, асыл сөзбен апталған (кітап).

9. Үстінде екі тауы бар, өзі үлкен жануар (түйе).

2-кезеңді қорытындылау.

Білген сайын келеді біле бергім,

Біле беру емес пе тілегі елдің.

Белден ассаң, алдыңда бел көрінсе,

Қызыққаннан келмей ме жүре бергің.

Сондықтан да келеді – біле бергім,

Білімдіні сүйерін білем елдің, –

деп, үшінші кезеңді бастаймыз.

3-кезең:

Мұнда суреттермен жұмыс жасаймыз.

Суреттердің атын атап, атауларын орысша және ағылшынша айтамыз. Орысша айтсақ 1 ұпай, ағылшынша айтса 2 ұпайдан беріледі.

1) алма – яблоко, apple.

2) мектеп – школа, school.

3) қоян – заяц, rabbit.

4) қалам – ручка, pen.

5) дәптер – тетрадь, notebook.

6) кітап – книга, book.

7) 3 – три, three.

8) тақта – доска, stop.

9) есік – дверь, do.

10) үй – дом, house.

3-кезеңді қорытындылау.

Балалар кезекті ән-шашуға берейік.

Жандос: Адам болам десеңіз.

Би: Әке толғауы.

Дамир: Кел, балалар, оқылық.

Би: Қара жорға.

Бүгінгі кеште шабыт шыңдалды,

Кеш қызығын талай адам тыңдады.

Тәрбиелер тәлімі мол әсерлі,

Болса егер көңіл жақын тыңдады, –

деп, үш кезеңді қорытындылап, озық ойлы тобымызды анықтаймыз.

– "Келешек – білімді ұрпақ қолында" дегендей, сіздердің бағындырар шыңдарың көп болсын, еліміздің туын биікке көтеретін азамат болыңдар!

Шын сезінген көрерменге мың алғыс!

Көңіл бөліп бұл кешке келгендерге көп рақмет, сау болыңдар.

Маңғыстау облысы,

Бейнеу ауданы.



Биылғы жылды Мәдениет және спорт министрлігі Балалар әдебиеті жылы деп жариялағаны мәлім. Осыған орай Алматы қаласында «Алтын сақа» балалар баспасы ашылып, жас оқырмандарға арнап 100 кітап шығарып үлгерді. Бұл 100 кітаптың ішінде балаларға арналған ертегілер, әңгімелер, боямақтар бар. Ертегілердің барлығы шағын көлемде, оқуға жеңіл, түсінуге оңай. Кітаптардың бір ерекшелігі – барлығында QR код бар. Ұялы телефонның QR коды арқылы ертегілердің бәрін тыңдауға болады. Ал «Асыл мұра», «Жемістер», «Көкөністер», «Үй жануарлары» сияқты боямақтар кішкентай балаларға суреттерді бояп, сол заттар жайлы тақпақ оқып, жаттауға мүмкіндік береді. «Ауа райы», «Көліктер», «Мамандықтар», «Жол ережелері», «Көңіл күй» тәрізді кішкене балаларға арналған танымдық кітапшалардың да маңызы айрықша. Бұл кітапшалар арқылы кішкене бүлдіршіндер айналаны таниды, қоршаған ортаны зерттеп біледі.

Осы «Балалар әдебиеті жылына» орай Мәдениет және спорт министрлігінің арнайы тапсырысымен «Қазақ тарихы» журналының редакторы, белгілі жазушы Әбділдабек Салықбайдың «Айдана мен Ақжолтай» атты әңгімелер мен хикаяттар жинағын шығару да жоспарға

енген болатын. Алматыдағы «Томирис 21» баспасынан таяуда осы кітаптың жарық көргені туралы сүйінші хабар келді. Төменде қаламгердің «Айдана мен Ақжолтай» жинағына енген бірер әңгімесі назарларыңызға ұсынылып отыр.

Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

АЙДАНА МЕН АҚЖОЛТАЙ

Әңгіме

Айдана – әйбат қыз. Жан баласын жатырқамайды. Ешкіммен ренжіспейді. Түрі де сүп-сүйкімді. Аузы оймақтай, мұрны түймедей, маңдайы жарқырап, көздері нұр шашып тұрады. Содан ба ауладағы бала атаулы айналып-үйіріліп қасынан шықпайды. Тіпті осынау қуыршақтай қыздың жүрегінің нәзіктігін хайуан екеш, хайуан да сезетіндей.

Бірде Айдана анасымен бірге емханадан келе жатқанда соңдарынан қара ала мысық мияулап қалмай қойды. Бейшараның даусы соншалықты аянышты еді. Өлдекімнен жәбір көргендей, «мені мұнда тастамай, ала кетіндерші» дегендей, жалына мияулайды. Айдана оны аялай сипалап, жұбатпақ болып еді, анасы шырыпыры шығып маңына жолатпады.

– Тиме, қызым, ұстама! Бұл – ауру мысық шығар?!

– Ол – ауру емес, – деп кесіп айтты Айдана. – Біреу ренжіткен ғой. Қарашы, әне, бізден көмек сұрап тұр.

– Қайдан білесің, қарағым-ау?! Қазір қоқсық ара-

сында жұқпалы ауру тарататын мұндай мысықтар өріп жүр!

– Бұл – ондай емес, мама! Біз асырап алайықшы. Мен өзім бағамын.

– «Асырап» дейді?! Қой, қызым! Асырасақ, дені сауын, кішкенесін асырармыз. Оны және көшеден емес, кісі қолынан алу керек. Алдын ала мал дәрігеріне тексерту қажет.

Анасының айтысына қарағанда мысық асыраудың бұдан да басқа әуре-сарсаңы көп көрінеді. Алайда Айдана оған бола райынан қайта қоймады. Қайта осы оқиғадан соң мысық десе, ішкен асын жерге қоятын болды. Сол-ақ екен ауладағы бала біткен оған түрлі-түрлі мысықтарды әкеле бастады. Шұбары да, аласы да, тықыры да, жүндесі де әкелінді. Қас қылғандай Айдананың анасы олардың бірде-бірін жаратпады. Бірінің түсі, екіншісінің ұсқыны, үшіншісінің жүні ұнамай қалады.

Сөйтсе, әңгіме мысықта емес, Айдананың анасында болып шықты. Ол өмірі мысық асырап көрмепті. Асырағанды қойып, мысығы бар үйге барса, аузына қылшық түсіп кетердей жиіркеніп, кеткенше асығады екен. Сондықтан қызының мысыққа құштарлығын әншейін еркелік, уақытша әуестікке балап, алдаусыратып жүріпті. Мұны сезген Айдана қояр да қоймай, айтқанын орындатып тынды.

...Кіп-кішкене ақ мысықтың үйге әкелінуі Айдана үшін естен кетпес ерекше оқиға болды. Әуелі оны анасы жас балаша мәпелеп шомылдырды. Үстібасын сүртіп, жүнін мұқият тарап, қылшығынан арылтты. Сол-ақ екен, ақ мысық мұнтаздай тазарып, кісі қызығардай жұтынып шыға келді. Жүндері еш нокатсыз ақ мамықтай аппақ екен.

Сүтке тыңқия тойып алғаннан кейінгі асыр салып ойнағанын көрсең. Айдананың жасанды теріден тігілген сұр тышқаны бар еді. Мамасы соның мойнына жіп тағып берді. Өлгіден ұстап әрлі-берлі сүйрелесең, ойыншық емес, шын тышқан қашып жүргендей көрінеді. Мысықты қойып адамның өзі алданып қалғандай. Міне, Айдана соны сүйрете қашады, ақ мысық өкшелеп тура қуады. Қуып жетсе, Айдана тышқанын әуелетіп көтере қояды. Ақ мысық та оның соңынан көкке шапшиды. Бас салып ұстап алмай, жаны тынбайды. Ұстап алса, жерге жата қалып, алдыңғы аяқтарымен аударып-төңкеріп ойнайды. Сол кезде Айдана тағы да сүйрей қашады. Мысығы тұра қуады. Осылайша екеуі әбден рахатқа батты...

Енді Айдана мысығын қасынан тастамайтын болды. Қайда барса да алып жүреді. Тіпті төсекке де бірге алып жатады.

Бұл достықтың өзіне үлкен септігі тиерін сәби жүрегі сезгендей екен. Айданаға бір жылдан бері тықтық еткен қу жөтел жабысып еді. Анасы екеуі қаншама сабылып, емхананың табалдырығын тоздырса да еш нәтиже бермеген. Айдана ақ мысықпен достасқан соң көп ұзамай-ақ сол жөтел сап тыйылды. Содан бастап ақ мысық Ақжолтай атанып кетті.

ДОС ІЗДЕГЕН ҚЫЗ

Әңгіме

Құралай қаланың қақ ортасында тұрса да ел қатарлы балабақшаға барған жоқ. Бар уақыты үй мен даланың екі арасында шапқылаумен өтіп жатыр. Қыста ауладағы балаларға қосылып алып сырғанақ тебеді. Одан қалса аққала соғып, бір-біріне жентек лақтырысып ойнайды. Жазда... о, жаздың орны бөлек қой, бөлек! Ол кезде ойынның да түр-түрі шығады. Қуаласпақ пен жасырынбақ ойнайсың ба, өткеншек тебесің бе, жоқ, асфальттің бетіне сурет саласың ба, “фишка” соғасың ба, әлде ағайлар мен тәтейлер балалар үшін арнайы жасап, қызыл-жасыл бояулармен сырлап қойған сатылы темірлерге өрмелейсің бе,— өзің білесің... Тіпті кеш батқан соң ертең таң атпастай көріп, үйге кіргің келмей қалатынын қайтерсің!

Әйтсе де кейінгі кездері Құралай бір нәрсенің жетпей жүргенін сезе бастады. Жәйшылықта, бала атаулы жапа тармағай ойнап жатқанда бәрі де жақсы. Айналаны дұға бөлеп, шуылдасқан балаларға ілесіп бұл да мәз-мәйрам. Ал қапелімде ойынның шырқы бұзылып, әркім өз теңімен жақ-жаққа бөлінгенде бұл сопайып жалғыз қалатын болды.

Ондайда Құралайдың екінші сыныптағы ағасы

Асылбек ұлдарға ілесіп, футболға кетеді. Төртінші сыныптағы апайы Айсұлу “үлкен қыздардың” тобына қосылады. Ал төңіректе не өзімен жасты, не жасы қарайлас құрбысы жоқ Құралай ешкімге керексіз жандай жалғыз қалады. Міне, оның тип-титтей жүрегі сыздап, өз-өзіне сыймай кететіні осындай шақ. Мұндайда ол ызаға булығып, жылап-еңіреп шешесіне келеді.

— Аналар мені ойнатпай қойды. Тағы да жалғыз қалдым,— дейді көзінің жасын көл қылып. Мамасы оны айналып-толғанып жұбатып алады.

— Мейлі, ойнатпаса қойсын. Қазір екеуіміз дүкенге барамыз,— дейді жұбанбай қойса.

О-о, анасының өзімен бірге далаға шығатынын естігенде Құралайдың көзі шырадай жанады. Мұндайда ол жер-көкте бұдан артық, бұдан рахат нәрсе жоқ шығар деп ойлайды. Өлгіндегі өкпе-ренішін лезде ұмытып, жайраң қағып шыға келеді. Содан жуынып-киінгенше, дүкенге барып-келгенше аузы әңгімеден бірі босамайды. Сұрақты да жаудырады. Кейде біле тұра сұрайды.

— Айсұлу мен Асылбекті ертпейміз ғой, ә?

— Әрине, ертпейміз. Олар сен сияқты кішкене емес қой.

Құралай кішкентай болудың да өзіндік артықшылығы барын сезініп, арсалаң қағады. Жаңа ғана өзін ойнатпай қойғанда дереу үлкейгісі келгені ойына кіріп те шықпайды.

— Неге мені ғана ертесің?

— Енді, балам-ау, сығанға ұқсап бәріңді бірдей шұбыртып жүрем бе? Оның үстіне ағаң мен апайың өз бетінше ойнай алады.

— Мен де өзімше ойнар едім, бірақ олардыкіндей досым жоқ қой.

— Ештеңе емес. Енді үш айдан соң мектептің дайындық сыныбына барасың. Сонда сенің де кө-ө-п досың болады.

Анасымен әңгімелесіп келе жатқан Құралай әлгінде өзін ойынға қоспаған «үлкен қыздарға» көз қиығын салып, шекесінен қарап қояды. Кеудесін шаттық кернеп, іштей «Көрдіндер ме, міне, менің кім екенімді? Дәл қазір қайда бара жатқанымды білсеңдер ғой, бәлем!» дейтін сияқты.

Іле тағы да сұрақ қоюға кіріседі.

— Мама, үш ай деген көп пе?

— Көп емес. Осы жаз өте, күзде барасың.

— Ой-й, күзде жауын көп жауады, ойнай алмайсың. Досым жазда болсыншы...

Анасы екеуінің әңгімесі осылайша жалғаса береді. “Неге мені балабақшаға бермейсіңдер?” дей ме, “Мына жерде мендей қыздар көп екен, осында көшіп келсек қайтеді?” дей ме,— әйтеуір Құралайдың жағы бір тынбайды. Анасы да оған жауап беруден, әңгімесін тыңдаудан жалыққан емес.

Өстіп жүргенде Құралай аяқ астынан дос тауып алды...

Жаздың жаймашуақ күндерінің бірі болатын. Бала біткен демалысқа шығып, ойынның нағыз қызығына батқан кез. Сондай думанды күндердің бірінде Құралай сырттан шаттана дауыстап, құлдыраңдап жүгіре кірді.

— Мама, мама!

— Ау, құлыным.

— Мен дос таптым, мама! Аты — Ақгүлім.

— Ой, ботам! Досың құтты болсын! Қайда өзі? Неге кірмейді?

— Сыртта тұр, мама! Ұялып кірмей қойды.

— Бәле, өйтуге бола ма екен,— мамасы сыртқы

есікті қайта ашты.— Айналайын, қызым, ұялма, жүр, кіре ғой!

Ақгүлім ұяла басып үйге кірді. Анасы еш бөтенсітпей, сусын беріп, сөзге тартқан соң Ақгүлім де ашылып әңгіме айта бастады. Ол ата-анасымен бірге ауылда тұрады екен. Биыл 4-сыныпты бітіріпті. Мұнда жақында ғана туыстарының үйіне қыдырып келіпті. Өзі ұяндау секілді. Бейтаныс балаларға бірден жұғыса алмай, тартыншақтап тұрғанда Құралай кезіксе керек. Бірге ойнайтын серік таппай, жалғызсырап жүрген екі қыз тез жарасқанға ұқсайды. Ең бастысы, жаңа дос тапқанына екеуі де мәз. Әсіресе, Құралайдың қуанышында шек жоқ. Көздері балбұл жанады. Ақгүлімге әр түрлі ойыншықтар беріп, бөлмелерді көрсетіп, мәрә-сәре.

Кенет үйге Айсұлу кіріп келгенде Құралайдың еңі бұзылып сала берді. Бір қауіптің төнгенін іші сезгендей оны досының жанына жуытқысы жоқ.

— Айсұлу, сен ылғи да менің достарымды тартып аласың. Енді Ақгүлімді де алып қоймашы, — деді ол шай үстінде төтесіне көшіп.

Айсұлу да шамасы келгенше ақталып жатыр.

— Мен тартып алмаймын ғой. Өздері сенімен емес, менімен ойнағысы келсе, қайтемін?!

— Ал сен ойнама! Сенің достарың онсыз да көп қой. Солармен ойнай бермейсің бе?

Мәселенің мәнісі енді мәлім болды. Құралай кішірек болған соң ересектердей жөнді ойнай алмайды. Ал жөнді ойнай алмаған баланы басқа балалар ойынға көп қоспайды. Сөйтіп шеттетілген Құралай сырттан келген қонақ қыздармен тез танысады. Олардың жасының үлкендігіне қарамай, дос тұтып, меншіктеп алады. Таныса-білісе келе қонақ қыздардың көңілі қатарластарына ауады. Сөйтіп ол тағы да жалғыз қалады.

Енді Құралай мұндайға мүлдем жол бермеуге мықтап бекінген еді. Қайтсін енді, достан айырылу оңай деймісің?! Және бір емес, екі емес, қайта-қайта...

Сәлден соң үшеуі шулап-шұрқырап сыртқа кеткен. Көп ұзамай Құралай құны-перені шығып, еңіреп жылап келді.

— Айсұлу тағы да досымды алып қойды. Енді мүлдем доссыз қалдым!— деді өксігін баса алмай ботадай боздап. Жуық маңда жұбана қоймады. Кәмпітке де, басқаға да қарайтын емес. Шешесі не істерін білмей қатты састы. Күні ертең-ақ мектепке баратынын, бір емес, он досы болатынын айтса да тоқтамады. Оған ертең емес, бүгінгі емес, дәл қазір дос керек еді.

Ақыры шешесі жорта ашуланып, ұрса бастады.

— Әй, қызым, қой деген соң, қой енді! Ақгүлім саған ешкімге бермей, жалғыз өзің ойнайтын қуыршағың емес қой. Қуыршақ не істесең де көнеді. Ал Ақгүлім адам ғой...

Шешесінің әншейін айта салған сөзін естігенде ботадай боздап тұрған Құралай күліп жіберді. Тегі өзінен үп-үлкен қызды қуыршақша киіндіріп-шешіндіріп ойнағаны көз алдына елестеп кетсе керек.

Күле тұрып адамды ешқашан меншіктеп алуға болмайтынын ұқты. Онымен қоймай, санасына тағы бір ой түсті... Сонда адам мен қуыршақтың қайсысы жақсы болғаны? Қашан іздесең де қасыңнан табылатын, не айтсаң да көнетін қуыршақ жақсы ма, әлде... әлгінде ғана мұнымен ойнап, былай шыға бере Айсұлуға ауып кеткен Ақгүлім жақсы ма?.. Басқаны қайдам, Құралай үшін дәл қазір қуыршақтан артық дос жоқ еді.

ӨЗГЕРІС

Әңгіме

Кішкене Қайсардың “р”-ға тілі келмеді. Бұл, әсіресе, оның өзіне қатты батты. Сөздің “р” дыбысы келетін тұстарынан не аттап өтіп, не оның орнына “л”, “ғ” дыбыстарын қолданып айтқан әңгімелерін екінші бірі ұға қоймай, төзімін тауысты. Ақыл айтуға келгенде алдарына жан салмайтын үлкендердің өзіне арнайы тілмаш болмаса ұқтыра алмай шаршады.

Оның қиналғаны көкесі мен анасына да оңай тиген жоқ. «Апырау, алдыңғы балалар үш-төрт жастарында-ақ «р»-ды айтып еді, беске келгенше мұныкі не?» деп таңданысты олар. Сөйтіп қана қоя салмай, Қайсарды қолға да алды. Әсіресе, мұғалім болып қызмет істейтін анасы санамақтар мен жұмбақтарды, тақпақтар мен жаңылтпаштарды іздеп, кітаптан кітап қоймай ақтарды. Тапқанын тапқан бойда әкеп жаттатса да еш нәтиже шықпады.

Аю отыл палтада,

Екі қолы қалтада,

“А” деді, “Б” деді,

“Л”-ға тілі келмеді,—

деп, Қайсар өз ыңғайына бұрып алып, соқтырта береді.

Бұдан соң көкесі:

— Қайсар бір күні өзі-ақ үйреніп алар. Тек онысын үнемі бетіне баса бермей, біраз уақыт өз еркіне қояйық,— деген байлам айтты.

...Арада екі-үш ай өткенде шынымен-ақ күтпеген оқиға болды. Ел орынға отырған шақ еді. Анасы балаларды орын-орнына жатқызып, ас үйде ыдыс-аяқ жуып жүрген. Аузы ойылып, мазасы кеткен кенже қыз Бегімай да енді ғана көз ілген.

Кенет балалар бөлмесінен кәдімгі көп иттің таласқанындай ар-ұр еткен дауыс шықты. Анасы қолындағы кесесін жуып болып барам дегенше бөлме есігі тарс ашылып, алқын-жұлқын Қайсар жетті. Келген бойда әй-шәй жоқ:

— Ыр, -ыр, -ыр, -ыр,— деді күшене. Алқынғаны сонша екі иінінен әрең-әрең дем алады. Танауы делдііп кеткен. Көздері ұшқын атады.

Анасы шаруасын тез тындырып, уағында тынығуды ғана ойлап тұрған еді. Ол ұлының мына қылығын әдеттегідей тентектігіне балап ашу шақырды. Осы кезде бөлмесінен көкесі шығып:

— Апасы-ау, қуанғанның орнына ашуланғаның не? — деді.

— Е, неменеге жетісемін? — деп таңданды анасы.

Көкесі Қайсар мен анасын өз бөлмесіне ертіп кірді де кішкене бөпе оянып кетпес үшін есікті мықтап жапты. Содан соң:

— Қане, балам, әлгі айтқаныңды тағы бір қайталашы! — деді ұлының қарсы алдында жүрелеп отыра қалып.

Қайсардың көзі шоқтай жанды. Еңсесін тіктеп, терең тыныс алды да:

— Ыр, -ыр, -ыр, -ыр,— деп, күшене дауыстады. Өлгіндегі тосын қылығының мәнісін енді ғана ұққан анасы ұлын бас салып сүйе бастады.

— Әй, қарғам-ау! Ұлымның тілі «р»-ға келген екен ғой!

Бір қызығы осыдан соң Қайсар «р»-шыл болып алды. Өзі үшін мағынасы күңгірттеу барлық сөздердегі «л» дыбысының орнына «р»-ды қойып, соқтырта береді.



ҚАЙРАН АҒА!

Тірі болсаң 80 жасқа келер едің...

Қарағаш ауылының тобына ұялы телефондағы уатсаппен 11.07.2020 жылы Аяғанов Нұрлан бауырымыз «Жаболдинов Бекболат аға қайтыс болыпты» деп жазыпты. Суыт хабарды естігенде әуелі сенер-сенбесімді білмедім. Бірақ үсті-үстіне келген хабарлардан сенбесіңе шара қалмады. Соның ішінде шүкір дегіздер бір хабар – фәниден бақпаға қиналмай өтіпті. Марқұм 2020 жылы 11 шілде күні ұйықтап жатып мәңгілік мекеніне аттанып кете барыпты. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген абзал ағамыз арамыздан кетіп, ортамыз ойсырап қалғандай күй кештік.

Жас күнімнен соңынан ертіп, даналығы мен парасатын аямай, азамат болуыма өлшеусіз үлесін қосқан ардақты ағам еді. Ол кісімен 1965 жылы әкем Сағатаймен бірге Жалғызтөбеден Аягөзге келгенде жаз айында кездестім. Поездан түсе сала әкем екеуіміз Қуанышбай ақсақалға сәлемдесейк деп үйіне келдік. Бекболат аға күлімсіреп, ерекше бір мейіріммен қарсы алды. Төлеуғайша апам үлкен кесемен бидай көже құйып берді. Далаға шығып фотоға түстік, інісі Серікболат түсірді.

Бекболат Жаболдинов 1941 жылы бұрынғы Семей, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Аягөз қаласында дүниеге келген. Осындағы №2 мектепті 1960 жылы бітіріп еді. Алғашқы мұғалімдік қызметін осы мектепте бастаған, содан соң Аягөздегі автомобиль жөндеу зауытында токарь болып жұмыс істеген.

1962-1969 жж. мектепте тарих, еңбекке баулу пәндерінің мұғалімі болып істеген. 1968 жылы Крупская атындағы Семей педагогикалық институтының тарих және қоғамтану факультетін сырттай оқып бітірген.

1969 – 1975 жж. Аягөз аудандық комсомол комитетінде 2-хатшы, аудандық партия комитетінің партия жұмысын ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы, Аягөз аудандық кеңесі атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1975-1977 жж. аудандық баспахана меңгерушісі, 1977-1990 жылдары аудандық сырттай оқыту мектебінің директоры, оқу бөлімінің инспекторы, № 58 орта мектепте директордың орынбасары, директор, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болды.

Бекболат Қуанышбайұлы 1990-1997 жылдары аудандық кеңесі атқару комитетінің референті, аудандық мәслихаттың тексеру комиссиясының хатшысы қызметтерінде істеді. Сексенге жуық саналы ғұмырында Аягөз ауданының дамуы мен өркендеуіне қомақты үлес қосты.

Адам ел қатарына ілігіп, еңбек жолын бастаған сәттен тынымсыз тіршілікке қызу араласып, аламан бәйгеге қосылады. Үлкен өмір сайысында ел-жұрт алдында ұялмайтындай ізгілікті іс атқаруға тәуекел етудің өзі ерлікке пара-пар.

Бүкіл ғұмырын тынымсыз еңбекке арнаған оның өмір жолы өнегелі болды. Үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуді бойына тұмар ретінде таққан ағамыз тек аға, бауыр, туған-туыстарға ғана емес, барша жұртқа

қамқор бола білді. Бекболат аға әрдайым ақжарқын, қарапайым, терең білімді, білгір басшы, адамгершілігі жоғары, достыққа адал, ел-жұртына, отбасына қадірлі, жаны жайсаң адам ретінде есте қалды.

Өмірлік зайыбы білікті педагог Ахметжанова Зылиха Ақмолдақызы да абзал азаматты қадірлеп, абыройын асқақтата білді. Сыпайы мінезімен елге сыйлы, мейірбан ана атанды. Үйдегі барлық ішкі шаруаларды жөнімен атқарып, үнемі іс басында, ел қамында жүрген азаматына алтын діңгек болды. Береке-бірлігі жарасқан отбасында екі қыз, екі ұл тәрбиеленді. Ата-ананың үлгілі тәлім-тәрбиесін көріп өскен олар түрлі салаларда жемісті еңбек етіп, еліміздің рухани дамуына өз үлестерін қосуда.

Әр ағаштың тамыры болады. Ол көзге көрінбесе де, жайқалған жапырағы сол тереңде жатқан тамырдан нәр алады. Тамыры тереңге кеткен ағаш кез келген дауылдарға төтеп беріп, мызғымас қалпын сақтайды. «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын!» дейді халық даналығы. Жақсы кісінің есімін еске сақтау, оған құрмет көрсету – кейінгінің басты парызы.

Ол әрі ұстаз, әрі басшы ретінде әрдайым әділ де төзімді, кішіпейіл де адал болды, өз шәкірттерін ізгілік пен жақсылыққа үйретті. Бекболат ағаның сөзі де, өзі де, ісі де, жазу мәнері де бөлек еді-ау! Ол кісімен кездесіп, ақылдасып, әрбір сөзіне терең мағына бере сөйлеген пікірін тыңдаудың өзі бір ғанибет еді. Алайда, ол ешқашан артық сөзге бармайтын және ешкім одан бос әңгіме естімеген шығар.

Жастарды қоғамдық іске жұмылдырды, ұйымшылдыққа, бірлікке тартты. Аягөзде Қозы Көрпеш-Баян Сұлу жастар саябағы Бекболат ағаның қолдауымен ашылып, жастар демалатын негізгі мәдени орынға айналды.

Амал қанша, алдыңыз пейіш болсын, жаныңыз жәннатта болсын, асыл аға! Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа, иманыңыз жолдас болсын! Сіздің ізгілікке толы игі ісіңізді соңыңызда қалған ұрпағыңыз жалғастырады. Оларға қамқор болар інілеріңіз бар.

Қайрат ҚАРАМАНДАЕВ,
«MAQSAT» мектеп-лицейінің
тарих пәні мұғалімі.
Алматы қаласы.